IslamHouse.com 1436

# МҰСЫЛМАН ҚОРҒАНЫ

## Құран мен Сүннеттен алынған зікір-дұғалар

> қазақ тілі – Kazakh – كازاخي <

Жинақтаған: Аллаһ Тағалаға мұқтаж

доктор Са’ид бин ‘Али бин Уаһф әл-Қахтани

Үшінші, қайта өңделген және толықтырылған басылым

Дайындаған: Абу АбдуЛлаһ Қазақстани.

Кітаптың араб тіліндегі мәтінімен салыстырылып тексерген және ескертпелер еңгізілген орыс тіліндегі аударма түпнұсқасымен салыстырып өңдеген: «Абу Ханифа мирасы» сайтының редакциясы

# حصن المسلم من أذكار الكتاب و السنة

الفقير إلى اللَّهِ تعالى

د. سعيد بن علي بن وهف القحطاني

إعداد: أبو عبدالله كازاخستاني

مراجعة: إدارة الموقع "ميراث أبي حنيفة"

*Үшінші, қайта өңделген және толықтырылған басылым*

*Дайындаған: Абу АбдуЛлаһ Қазақстани.*

Кітаптың араб тіліндегі мәтінімен салыстырылып тексерген және ескертпелер еңгізілген орыс тіліндегі аударма түпнұсқасымен салыстырып өңдеген: «Абу Ханифа мирасы» сайтының редакциясы

*Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен бастаймын!*

## Автордың алғы сөзі.

Бүкіл мақтау Аллаһқа, біз Оны мадақтаймыз, Одан ғана көмек пен кешірім тілейміз және өз нәпсіміз бен жаман істеріміздің кесірінен Оған ғана сиынамыз. Кімді Аллаһ тура жолға салса, оны ешкім адастыра алмайды, ал Ол кімді адастырса, оны тура жолға салар ешкім жоқ. Серігі жоқ Жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ екеніне куәлік беремін және Мухаммад – Оның құлы әрі елшісі екеніне де куәлік етемін, әрі оның өзіне, отбасы мүшелеріне, сахабаларына және соларға ең көркем түрде ілескендерге Қиямет Күніне дейін Аллаһтың игілігі мен көп-көп сәлемі болсын. Ал содан соң:

Бұл менің «*Құран мен Сүннетте келген зікірлер, дұғалар және дем салып емдеу*» атты кітабымның қысқартылған нұсқасы. Оны алып жүруге және сапарда қолдануға жеңіл болу үшін, мен «*Зікірлер*» атты тарауды ықшамдадым.

Бұл жерде мен зікірлердің мәтіндерін ғана, олардың бір немесе бірнеше

дереккөздерімен бірге келтірумен шектелдім. Хадис қай сахабадан жеткізілетінін немесе басқа да нақтылықтарды білгісі келгендер осы кітаптың толық нұсқасына оралсын.

Мен Құдіретті әрі Ұлы Аллаһтан Оның көркем есімдері мен кемел сипаттары арқылы бұл кітаптың тек Оның ғана игілікті Дидарына арналған болуын, және маған тірі кезімде де, қайтыс болуымнан кейін де пайда беруін сұраймын. Мен сондай-ақ Аллаһтан бұл кітап оны оқитындарға, басып шығаратындарға және таралуына себепші болатындарға да пайда келтіруін тілеймін, расында, бұл барлық кемшіліктен Пәк болған Оған ғана тәуелді әрі Ол осыған құдіретті.

Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасы мүшелеріне, сахабаларына және оларға ең көркем үлгіде ілескендерге Қиямет Күніне дейін Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.

Хижраның 1409 жылы, сафар айы.

АЛЛАҺ ТАҒАЛАНЫ ЕСКЕ АЛУДЫҢ (ЗІКІР ЕТУДІҢ) ПАЙДАСЫ ТУРАЛЫ.

Аллаһ Тағала былай деді:

فَاذْكُرُونِي أَذْكُرْكُمْ وَاشْكُرُواْ لِي وَلاَ تَكْفُرُونِ

**«Мені еске алыңдар, Мен де сендерді еске аламын; және Маған шүкірлік етіңдер де, күпірлік етпеңдер»** («Бақара» сүресі, 152-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اذْكُرُوا اللَّهَ ذِكْراً كَثِيراً

**«Әй, мүминдер, Аллаһты өте жиі еске алыңдар»** («әл-Әхзаб» сүресі, 41-аят).

Аллаһ Тағала тағы да былай дейді:

وَالذَّاكِرِينَ اللَّهَ كَثِيراً وَالذَّاكِرَاتِ أَعَدَّ اللَّهُ لَهُم مَّغْفِرَةً وَأَجْراً عَظِيماً

**«...Аллаһты көп еске алушы ерлер мен әйелдер үшін Аллаһ жарылқау және ұлы сый** *(Жәннатты)* **әзірледі»** («әл-Әхзаб» сүресі, 35-аят).

Аллаһ сондай-ақ былай деп те айтты:

وَاذْكُرْ رَّبَّكَ فِي نَفْسِكَ تَضَرُّعاً وَخِيفَةً وَدُونَ الْجَهْرِ مِنَ الْقَوْلِ بِالْغُدُوِّ وَالآصَالِ وَلاَ تَكُن مِّنَ الْغَافِلِينَ

**«Раббыңа құпия жалбарынып, қорыққан түрде** *(қатты дауыстамай)* **ертелі-кеш іштей** *(дауыстау мен іштей айту арасындағы үнмен)* **Оны есіңе ал! Әрі қәперсіздерден болма»** («әл-Әғраф» сүресі, 205-аят).

Аллаһтың Елшісі, салләә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм: ***«Раббысын (зікір етіп) еске алатын адам мен Оны (зікір етіп) еске алмайтын адамның айырмашылығы тірі мен өлінің айырмашылығындай»,*** — деді.[1]

Бірде Аллаһтың Елшісі, салләә-Ллаһу ‘алейһи уә сәлләм, адамдардан: ***«Сендерге Аллаһ Тағаланың құзырында ең жақсы, ең таза (болатын), дәрежелеріңді жоғарылататын және алтын-күміс ақшаларыңды жұмсаудан да, сондай-ақ сендер олардың бастарын алатын және олар сендердің бастарыңды алатын дұшпандарыңмен кездесуден де жақсырақ болған амалдарың туралы хабар берейін бе?»*** — деп сұрағандығы туралы

[1] Әл-Бухари (6407), Муслим (779) мынандай үлгіде: ***«Аллаһты зікір ететін үй мен Аллаһты зікір етпейтін үй тірі мен өлі сияқты»*** (1/539).

хабарланады. Олар: «*Әрине*», — деді. Сонда (Пайғамбарымыз, саллә-*Ллаһу* ‘аләйһи уә сәлләм): **«*Аллаһ Тағаланы зікір ету*»,** — деді.[2]

Ол сондай-ақ былай деген: ***“Аллаһ Тағала: «Құлым мен туралы қалай ойласа, Мен сондай боламын. Әрі ол Мені ске алса, Мен де онымен біргемін. Ол Мені құпия еске алса, Мен де оны құпия еске аламын. Егер ол Мені өзгелер ішінде еске алса, Мен де оны олардан да жақсы болғандар ішінде еске аламын. Егер ол Маған бір қарыс жақындаса, Мен оған бір шынтақ жақындаймын. Ал егер ол Маған қарай адым басып жүрсе, Мен оған қарай лап қоя жүгіремін»,*** - деді”.[3]

Абдуллаһ ибн Буср (Аллаһ оған разы болсын) бірде бір кісінің (Пайғамбарға, саллә-*Ллаһу* ‘аләйһи уә сәлләм): «*Уа, Аллаһтың елшісі! Шынында, мен үшін Ислам дінінің (бұйырған) заң-ережелері көбейіп кетті (яғни мен Аллаһ міндетті немесе мустахаб деп атағанның*

[2] Әт-Тирмизи (3377), Ибн Мәжаһ (3790). Қз.: «Сахихут-Тирмизи» (3/139), «Сахих Ибн Мәжаһ» (2/316).
[3] Әл-Бухари (7405); Муслим (2675), мұндай үлгіде ол әл-Бухариде келтірілген.

*барлығын есте сақтап қалуға қабілетсізбін), ендеше, сіз маған бір нәрседен хабар беріңіз, мен оны тастамай істеп жүрейін»,* — деп айтқанын жеткізген. Бұған ол, саллә-Лләһу ‘аләйһи уә сәлләм: ***«Тілің әрдайым Аллаһ Тағаланы зікір етуден ләззат алсын»,*** — деді.[4]

Аллаһ Елшісінің, саллә-Лләһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай деп айтқаны хабарланады: ***“Аллаһтың Кітабынан бір әріп болса да оқыған әрбір адамға осы үшін бір игі іс жазылады, ал әрбір игі іс үшін он есе мөлшерде сауап беріледі. Мен: «Әлиф, Ләм, Мим» - бұл бір әріп», - деп тұрған жоқпын, жоқ, «Әлиф»- бұл бір әріп, «Ләм» де – бір әріп әрі «Мим» де – бір әріп”.*** [5]

‘Уқбаһ бин ‘Амирдің, оған Аллаһ разы болсын, былай деп риуаят еткені жеткізіледі: *“Бірде біз мешіт қалқасының астында отырған кезімізде (бұл жерде Мәдинадағы мешіттің*

[4] Әт-Тирмизи (3375), Ибн Мәжаһ (1246), әл-Әлбани хадисті «Сахихут-Тирмизи» (3/139) және «Сахих Ибн Мәжаһ» (2/317) кітаптарында сахих деп атаған.

[5] Әт-Тирмизи 2910, әл-Әлбани хадисті «Сахихут-Тирмизи» (3/9) және «Сахихул-Жәми’ус-Сағир» (5/340) кітіптарында сахих деп атаған.

*Пайғамбардың, саллә-Лаһу ‘аләйһи уә ссәләм, жарлы сахабалары соның астында өмір сүретін қалқасы аталып тұр), Аллаһтың Елшісі, саллә-Лаһу ‘аләйһи уә сәлләм, біздің жанымызға шығып:* ***«Сендердің қайсыбірің күнде таңертең Бутхан немесе әл-’Ақиққа (аңғар, сай атаулары) барып, ешқандай күнә іс жасамай әрі туысқандық карым-қатынасын үзбей, өркеші үлкен (қымбат) екі түйе алып келуді қалайды?»*** *— деп сұрады. Біз: «Уа, Аллаһтың елшісі! Бәріміз де мұны қалар едік», — деп жауап қайтардық. Сонда ол, саллә-Лаһу ‘аләйһи уә сәлләм:* ***«Сендерден бір кісінің таңертең мешітке барып, Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтың Кітабынан екі аят үйренуі (немесе ... оқуы) оған екі түйеден қайырлы болмай ма, әрі үшеуі үшеуінен қайырлы, төртеуі төртеуінен қайырлы, әрі олардың кез-келген саны сонша түйеден қайырлы емес пе!?»*** *— деді”.*[6]

Аллаһтың Елшісі, саллә-Лаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай деп айтқаны риауят етіледі: ***«Қандай да бір жерде Аллаһты зікір етпестен отыратын адамға Аллаһтың өші келіп***

[6] Муслим (803).

***жетеді, әрі қандай да бір жерде Аллаһты зікір етпей жататын адамға да Аллаһтың өші келіп жетеді».***[7]

Аллаһтың Елшісі, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай деп айтқаны жеткізіледі: ***«Егер адамдар әлдебір жиында Аллаһты зікір етпей және Пайғамбарлары үшін салауат айтпай өз орындарына отырса, оларға міндетті түрде (Аллаһтың) өші келіп жетеді, әрі Ол қаласа, оларды азаптайды, ал қаласа – кешіреді», —*** деді.[8]

Аллаһтың Елшісі, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай дегені хабарланады: ***«Аллаһты зікір етпейтін жиыннан соң тұрып кететін адамдар әрқашан өлі есек сияқты бір нәрсенің үстінен тұрып кеткен сияқты болады, әрі оларға қайғы-қасірет келіп жетеді”.***[9]

## 1. ҰЙҚЫДАН ОЯНҒАНДА АЙТЫЛАТЫН ЗІКІРЛЕР.

[7] Әбу Дауд (4856) және басқалар, қз.: «Сахих-ул-Жәми’» (5/342).
[8] Әт-Тирмизи (3380), қз.: Сахихут-Тирмизи (3/140).
[9] Әбу Дауд 4855, Ахмад (10680). Қз.: «Сахих-ул-Жәми’» (5/176).

1. ***«Әлхамду-лиЛләһи-ллəзи ахйəнə бə'дə мə əмəтəнə уə иләйһин-нушур».***

﴿الحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي أَحْيَانَا بَعْدَ مَا أَمَاتَنَا، وَإِلَيْهِ النُّشُورُ﴾

Аудармасы: ***«Бізді өлтіргеннен соң (яғни өлімнің бауыры болған ұйқыны жіберіп) қайта тірілткен Аллаһқа мақтаулар болсын! Әрі біз Оған қайтушымыз».***[10]

2. ***«Лə иләһа иллə-Лаһу уахда-һу лə шəрикə ләһу, ләһул-мулку уə ләһул-хамду, уə һуүə 'алə кулли шəй-ин қадир. Субхəна-Лаһи, уəл-хамду-лиЛләһи, уə лə иләһа иллə Лаһу, уəЛлаһу Әкбар, уə лə хаулə уə лə қууəтə иллə би-Ләһ-ил 'Али-ил-'Азыйм, Раббиғ-фирли».***

﴿لاَ إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ وَحْدَهُ لاَ شَرِيكَ لَهُ، لهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الحَمْدُ، وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ، سُبْحَانَ اللَّهِ، وَالحَمْدُ لِلَّهِ، وَلاَ إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ، وَاللَّهُ أَكبَرُ، وَلاَ حَوْلَ وَلاَ قُوَّةَ إِلاَّ بِاللَّهِ الْعَلِيِّ الْعَظِيمِ، رَبِّ اغْفرْ لِي﴾

[10] Әл-Бухари 6314, Муслим (2711)

Аудармасы: *«Аллаһ Тағаладан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ. Ол Жалғыз, Оның серігі жоқ. Бүкіл билік Оған тән, және барлық мақтау-мадақ Оған ғана лайық, әрі Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді. Аллаһ (кемшілік атаулыдан) Пәк. Бүкіл мадаққа Аллаһ лайық. Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ. Аллаһ Аса Ұлы. Өте Биік, Аса Зор. Аллаһтың күш-қуатынан асатын ешқандай күш-қуат жоқ, Раббым! Мені кешіре гөр!»*[11]

3. *«Әлхамду ли-Лләһи-лләзи ‘афәни фи жәсәди, уә радда ‘аләйя рухи, уә әзинә ли би зикриһ»*

﴿الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي عَافَانِي فِي جَسَدِي، وَرَدَّ عَلَيَّ رُوحِي، وَأَذِنَ لِي بِذِكْرِهِ﴾

[11] Егер адам түнде оянып, осы сөздерді айтатын болса – оның (күнәлары) кешіріледі, ал егер ол Аллаһқа (қандай да бір) өзге дұға арқылы жалбарынса, оның дұғасына жауап беріледі, ал егер ол дәрет алып, намаз оқыса, намазы қабыл болады. Әл-Бухари 1154. Қз.: «Сахих Ибн Мәжаһ» (2/335).

Аудармасы: ***«Тәнімді сауықтырған, рухымды маған қайтарған, әрі Өзін еске алуға мүмкіндік берген Аллаһқа мақтау-мадақтар болсын».***[12]

4.

لآيَاتٍ وَالنَّهَارِ اللَّيْلِ وَاخْتِلاَفِ وَالأَرْضِ السَّمَاوَاتِ خَلْقِ فِي إِنَّ {

جُنُوبِهِمْ وَعَلَىَ وَقُعُوداً قِيَاماً اللّهَ يَذْكُرُونَ الَّذِينَ الأَلْبَابِ ﴿ 190 لِّأُوْلِي

سُبْحَانَكَ بَاطِلاً هَذا خَلَقْتَ مَا رَبَّنَا وَالأَرْضِ السَّمَاوَاتِ خَلْقِ فِي وَيَتَفَكَّرُونَ

وَمَا أَخْزَيْتَهُ فَقَدْ النَّارَ تُدْخِلِ مَن إِنَّكَ رَبَّنَا { النَّارِ ﴿ 191 عَذَابَ فَقِنَا

أَنْ لِلإِيمَانِ يُنَادِي مُنَادِياً سَمِعْنَا إِنَّنَا رَبَّنَا { أَنصَارٍ ﴿ 192 مِنْ لِلظَّالِمِينَ

الأَبْرَارِ مَعَ وَتَوَفَّنَا سَيِّئَاتِنَا عَنَّا وَكَفِّرْ ذُنُوبَنَا لَنَا فَاغْفِرْ رَبَّنَا فَآمَنَّا بِرَبِّكُمْ آمِنُواْ

إِنَّكَ الْقِيَامَةِ يَوْمَ تُخْزِنَا وَلاَ رُسُلِكَ عَلَى وَعَدتَّنَا مَا وَآتِنَا رَبَّنَا { ﴿ 193

عَامِلٍ عَمَلَ أُضِيعُ لاَ أَنِّي رَبُّهُمْ لَهُمْ فَاسْتَجَابَ { الْمِيعَادَ ﴿ 94 تُخْلِفُ لاَ

مِن وَأُخْرِجُواْ هَاجَرُواْ فَالَّذِينَ بَعْضٍ مِّن بَعْضُكُم أُنثَى أَوْ ذَكَرٍ مِّن مِّنكُم

[12] Әт-Тирмизи 3401, Қабылдауға боларлық хадис, қз.: «Сахих әт-Тирмизи» 3/144.

وَلَأُدْخِلَنَّهُمْ سَيِّئَاتِهِمْ عَنْهُمْ لَأُكَفِّرَنَّ وَقُتِلُوا وَقَاتَلُوا سَبِيلِي فِي وَأُوذُوا دِيَارِهِمْ
الثَّوَابِ حُسْنُ عِنْدَهُ وَاللَّهُ اللَّهِ عِنْدِ مِنْ ثَوَابًا الْأَنْهَارُ تَحْتِهَا مِنْ تَجْرِي جَنَّاتٍ
قَلِيلٌ مَتَاعٌ {الْبِلَادِ ﴿196﴾ فِي كَفَرُوا الَّذِينَ تَقَلُّبُ يَغُرَّنَّكَ لَا { ﴿195﴾
جَنَّاتٌ لَهُمْ رَبَّهُمْ اتَّقَوْا الَّذِينَ لَكِنِ {الْمِهَادُ ﴿197﴾ وَبِئْسَ جَهَنَّمُ مَأْوَاهُمْ ثُمَّ
خَيْرٌ اللَّهِ عِنْدَ وَمَا اللَّهِ عِنْدِ مِنْ نُزُلًا فِيهَا خَالِدِينَ الْأَنْهَارُ تَحْتِهَا مِنْ تَجْرِي
وَمَا إِلَيْكُمْ أُنْزِلَ وَمَا بِاللَّهِ يُؤْمِنُ لَمَنْ الْكِتَابِ أَهْلِ مِنْ وَإِنَّ {لِلْأَبْرَارِ ﴿198﴾
أَجْرُهُمْ لَهُمْ أُولَئِكَ قَلِيلًا ثَمَنًا اللَّهِ بِآيَاتِ يَشْتَرُونَ لَا لِلَّهِ خَاشِعِينَ إِلَيْهِمْ أُنْزِلَ
اصْبِرُوا آمَنُوا الَّذِينَ أَيُّهَا يَا {الْحِسَابِ ﴿199﴾ سَرِيعُ اللَّهَ إِنَّ رَبِّهِمْ عِنْدَ
تُفْلِحُونَ لَعَلَّكُمْ اللَّهَ وَاتَّقُوا وَرَابِطُوا وَصَابِرُوا

**«Шәксіз, көктердің және жердің жаратылыуында, түннің және күндіздің өзгеруінде, әлбетте, ақыл иелері үшін дәлелдер бар. Олар тіке тұрып, отырып, жамбасынан жатып (әр халде) Аллаһты еске алады. Сондай-ақ олар көктер мен жердің жаратылуы жайында ойланады да: «Раббымыз! Сен мұны босқа жаратпадың! Сен Пәксің! Бізді От азабынан сақта! Раббымыз! Сен кімді Отқа салсаң, расында,**

**оны қорладың; залымдардың еш жәрдемшісі жоқ!**

**Раббымыз! Біз: «Раббыларыңа иман келтіріңдер», - (деп) шақырған шақырушыны естіп, иман келтірдік. Раббымыз! Енді күнәларымызды жарылқап, жамандықтарымызды жасыр, және жақсылармен бірге өлім бер.**

**Раббымыз! Бізге елшілеріңе уәде еткендеріңді бер. Сондай-ақ бізді Қиямет Күні қорлама. Күдіксіз, Сен уәдеңнен айнымайсың»(, - деп тілейді).**

**Сонда олардың Раббылары былай деп жауап берді: «Шын мәнінде, Мен сендерден еркек-әйел амал істеушілердің бірде-бір амалын зая қылмаймын. Бір-біріңненсіңдер (бәрің бірдейсіңдер). Және сондай босқындардың, жұрттарынан қуылғандардың және Менің жолымда жапа шектірілгендердің, соғысқандардың, өлтірілгендердің жаман істерін міндетті түрде кешіремін. Сондай-ақ оларды астарынан өзендер ағатын Жәннат бақшаларына кіргіземін. (Бұл) Аллаһтан**

**сый ретінде. Әрине, сыйлықтың жақсысы Аллаһтың қасында!»**

**(Мухаммад,) бұл елдегі иман келтірмегендердің жалтарғыштығы (икемділігі)** (өз байлықтарын пайдаланған кәпірлердің молшылығы туралы сөз болуда) **сені алдамасын, бұл бір мардымсыз нәрсе ғана. Кейін олардың орны Тозақ болады, ол нендей жаман орын!**

**Бірақ сондай Раббыларынан қорыққандар үшін астарынан өзендер ағатын бақшалар бар, әрі Аллаһ тарапынан тағамдар да. Аллаһтың қасындағы нәрселер ізгілер үшін жақсырақ.**

**Шын мәнінде, Кітап иелерінен Аллаһқа иман келтіріп, сендерге түсірілгенге әрі өздеріне түсірілгенге Аллаһтан қорыққан түрде сенетіндері де бар. Сондай-ақ олар Аллаһтың аяттарын мардымсыз бағаға сатпайды. Міне, солар үшін Раббыларының қасында сый бар. Аллаһ есеп айырысуға жедел.**

**Әй, иман келтіргендер! Әр нәрсеге сабырлы, жауға шыдамды және қорғанысқа дайын болыңдар. Сондай-ақ Аллаһтан**

**қорқыңдар, әрине, құтыласыңдар»** («Әли Имран» сүресі, 190-200 аяттар).[13]

## 2. КИІМ КИГЕНДЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

5. ***«Әл-хамду ли-Лләһи-лләзи кәсә-ни һәзә (әс сәубә) уә разәқа-ни-һи мин ғайри хаулин мин-ни уә лә қууәһ».***

((الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي كَسَانِي هَذَا (الثَّوْبَ) وَرَزَقَنِيهِ مِنْ غَيْرِ حَوْلٍ مِنِّي وَلَا قُوَّةَ...))

Аудармасы: ***«Мен өзім күш пен қуатқа ие болмасам да (яғни осы киімді өзім табуыма жеткілікті күш пен қулыққа ие болмасам да), маған бұл (киімді) кигізген әрі оны маған нәсіп еткен Аллаһқа мақтау-мадақтар болсын!»*** [14]

---

[13] Әл-Бухари 4569, Муслим 256.
[14] Әбу Дауд 4023, Әт-Тирмизи 3458, Ибн Мәжаһ 3285. Қабылдауға боларлық хадис, қз.: «Ируаул-Ғалил» 7/47.

## 3. ЖАҢА КИІМ КИГЕНДЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

6. ***«Аллаһуммә ләкәл-хамду! Әнтә кәсәутә-ни-һи, әс-әлю-кә мин-хайри-һи уә хайри мә сунի'ә ләһу, уә ә'узу бикә мин шәрри-һи уә шәрри мә суни'ә ләһу».***

((اللَّهُمَّ لَكَ الْحَمْدُ أَنْتَ كَسَوْتَنِيهِ، أَسْأَلُكَ مِنْ خَيْرِهِ وَخَيْرِ مَا صُنِعَ لَهُ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّهِ وَشَرِّ مَا صُنِعَ لَهُ))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Саған мақтау-мадақтар болсын! Сен маған (осы киімді) кигіздің. Мен Сенен оның игілігін және ол қандай (жақсылыққа) арналған болса, соның игілігін сұраймын, әрі оның жамандығынан және ол қандай (жамандыққа) арналған болса, соның жамандығынан Өзіңе сиынамын».***[15]

## 4. ЖАҢА КИІМ КИГЕН КІСІГЕ АРНАП АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

[15] Әбу Дауд (4020), әт-Тирмизи (1767), әл-Бағауи (12/40). Хадис сахих, қз.: «Мухтасар әш-Шәмәилют-Тирмизи» әл-Әлбани (47-бет).

7. ***«Тубли уа юхлифу-Лаһу Тә'әлә».***

((تُبْلِي وَيُخْلِفُ اللَّهُ تَعَالى))

Аудармасы: ***«Сен оны тоздырғаныңда, Аллаһ Тағала саған басқасын бергей».*** [16]

8. ***«Илбәс жәдидән, уә 'иш хамидән, уә мут шәһидән».***

((اِلْبَسْ جَدِيداً وَعِشْ حَمِيداً وَمُتْ شَهِيداً))

Аудармасы: ***«Кигенің жаңа, өмірің сыйлы (мақтаулы), өлімің шәһидтік болсын».*** [17]

## 5. КИІМ ШЕШКЕНДЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА

9. ***«Бисми-Ләһ».***

---

[16] Әбу Дауд (4020), Хадис сахих, қз.: «Сахих Әбу Дауд» (2/760)
[17] Ибн Мәжаһ (3558), Әл-Бағауи (12/41), қз.: «Сахих Ибн Мәжаһ» (2/275)

((بِسْمِ اللَّهِ))

Аудармасы: ***«Аллаһтың атымен».***[18]

## 6. ӘЖЕТХАНАҒА КІРЕР КЕЗДЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

10. ***«Бисми-Лләһ, Аллаһуммә инни ә'узу бикә минәл-хубси уәл-хабәис».***

((بِسْمِ اللَّهِ] اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْخُبْثِ وَالْخَبَائِثِ]))

Аудармасы: ***«Аллаһтың атымен. Я, Аллаһ! Шын мәнінде, мен ер және әйел жын-шайтандардан Өзіңе сиынамын».***[19]

## 7. ӘЖЕТХАНАДАН ШЫҚҚАН КЕЗДЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

[18] Әт-Тирмизи (606), Хадис сахих, қз.: «Сахихул-Жәми'» (3/203, 3610), «Ируаул-Ғалил» (50).
[19] Әл-Бухари (142), Муслим (375). Қз.: «Фәтхул-Бәри» (1/244)

11. ***«Ғуфранәк».***

((غُفْرَانَكَ))

Аудармасы: ***«(Уа, Аллаһ!) кешіріміңді сұраймын».***[20]

## 8. ДӘРЕТ АЛАР КЕЗДЕ АЙТЫЛАТЫН ЗІКІР.

12. ***«Бисми-Лләһ».***

((بِسْمِ اللَّهِ))

Аудармасы: ***«Аллаһтың атымен».***[21]

## 9. ДӘРЕТ АЛЫП БОЛҒАННАН КЕЙІН АЙТЫЛАТЫН ЗІКІРЛЕР МЕН ДҰҒАЛАР.

[20] Әт-Тирмизи (7), Әбу Дауд (30), Ибн Мәжаһ (300), Хадис сахих, қз.: «Тахриж Зәдул-Мә’ад» (2/386), «Сахих «Сунан» Әбу Дауд» (1/19).
[21] Әбу Дауд (101), Ибн Мәжаһ (397), Ахмад (9418). Хадис сахих, қз.: «Ируаул-Ғалил» (1/122).

13. ***"Әшһәду әл лә иләһа иллә Лаһу уахдәһу лә шәрикә ләһу уә әшһәду әннә Мухаммәдән ‘абдуһу уә расулуһ".***

((أَشْهَدُ أَنْ لاَ إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ وَحْدَهُ لاَ شَرِيكَ لَهُ وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّداً عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ..))

Аудармасы: ***«Серігі жоқ Жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ екеніне куәлік беремін және Мухаммад Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік беремін».***[22]

14. ***«Аллаһуммә-ж’әлни мин-әт-тәууәбинә уә-ж’әлни минәл-мутәтоһһирин».***

((اللَّهُمَّ اجْعَلنِي مِنَ التَّوَّابِينَ وَاجْعَلْنِي مِنَ الْمُتَطَهِّرِينَ))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Мені тәубе етушілерден және тазарушылардан ете гөр».***[23]

---

[22] Муслим (234).
[23] Әт-Тирмизи (55), қз.: «Сахихут-Тирмизи» (1/18).

15. ***«Субханәкә-Ллаһумма уә бихамдик, әшһәду әл лә иләһа иллә Әнта, әс-тәғфирукә уә әтубу иләйк».***

((سُبْحانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ، أَشْهَدُ أَنْ لاَ إِلَهَ إِلاَّ أَنْتَ، أَسْتَغْفِرُكَ وَأَتوبُ إِلَيْكَ))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Сен Пәксің және мадақ Саған тән. Сенен басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ екеніне куәлік беремін, Сенен кешірім тілеймін және Саған тәубе етемін».***[24]

## 10. ҮЙДЕН ШЫҚҚАН КЕЗІНДЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

16. ***«Бисми-Лләһ, тәуәккәлту ‘алә-Ллаһ, уә лә хаулә уә лә қууәтә иллә би-Лләһ».***

((بِسْمِ اللَّهِ، تَوَكَّلْتُ عَلى اللَّهِ، وَلَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلاَّ بِاللَّهِ))

[24] Ән-Нәсаи «‘Амалюл-Яуми уәл-Ләйлә» (173-бет, № 81), қз.: «Ируаул-Ғалил» (1/135, 3/94).

Аудармасы: «*Аллаһтың атымен, Аллаһқа тәуекел еттім. Аллаһтан басқа ешкімде күш те, қуат та жоқ*» («*...тек Аллаһ қана күш пен қуат беруші*» деп аударуға да болады»).[25]

17. «***Аллаһуммә инни ә'узу бикә ән адыллә әу удоллә, әу әзиллә, әу узәллә, әу азлимә, әу узләмә, әу әжһәлә, әу южһәлә 'аләййа***».

((اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ أَنْ أَضِلَّ، أَوْ أُضَلَّ، أَوْ أَزِلَّ، أَوْ أُزَلَّ، أَوْ أَظْلِمَ، أَوْ أُظْلَمَ، أَوْ أَجْهَلَ، أَوْ يُجْهَلَ عَلَيَّ))

Аудармасы: «***Я, Аллаһ! Мен адасуымнан немесе адастырылуымнан, өзімнің қателесуімнен не қателік жасауға мәжбүрленуімнен, зұлымдық жасауымнан немесе зұлымдыққа ұшырауымнан және надан***

[25] Әт-Тирмизи (3426), Әбу Дауд (5095), Хадис сахих, қз.: «Сахихут-Тирмизи» (3/151).

***болуымнан немесе надандықта ұсталуымнан Өзіңе сиынамын».[26]***

## 11. ҮЙГЕ КІРЕР КЕЗДЕ АЙТЫЛАТЫН ЗІКІР.

18. ***«Бисми-Лләһи уәләжнә, уә бисми-Лләһи харажнә, уә ‘алә-Лләһи Раббинә тәуәккәлнә».***

((بِسْمِ اللَّهِ وَلَجْنَا، وَبِسْمِ اللَّهِ خَرَجْنَا، وَعَلَى اللَّهِ رَبِّنَا تَوَكَّلْنَا، ثُمَّ لِيُسَلِّمْ عَلَى أَهْلِهِ))

Аудармасы: ***«Аллаһтың атымен кірдік, Аллаһтың атымен шықтық және Раббымыз Аллаһқа тәуекел еттік»*** (Кірген кісі үй ішіндегілерге сәлем беруі керек).[27]

[26] Әбу Дауд (5094), әт-Тирмизи (3427), ән-Нәсаи (5501), Ибн Мәжаһ (3884), Хадис сахих, қз.: «Сахих Ибн Мәжаһ» (2/336), «Сахихут-Тирмизи» (3/152).

[27] Әбу Дауд (5096), Хадис әлсіз (да’иф). Қз.: «Да’иф Калимату-т-Тайййиб» (1/91). Муслимнің «Сахих» жинағында (2018) мынандай хадис келген: ***"Адам өз үйіне кіріп келсе, әрі кірер кезде және тамақтанарда Аллаһ Тағаланы зікір етсе, шайтан өз сыбайластарына: «Сендерге (бұл жерде) қону да, тамақ та жоқ!» - деп айтады".***

## 12. МЕШІТКЕ БАРА ЖАТҚАНДА АЙТАТЫН ДҰҒА.

19. «***Аллаһуммә-ж'әл фи қалби нуран, уә фи лисәни нуран, уә фи сәм'и нуран, уә фи бәсари нуран, уә мин фәуқи нуран, уә мин тәхти нуран, уә 'ан ямини нуран, уә 'ан шимәли нуран, уә мин әмәми нуран, уә мин халфи нуран, уәж'әл фи нәфси нуран, уә а'зыйм ли нуран, уә 'аззыйм ли нуран, уәж'әл ли нуран, уәж'әлни нуран, Аллаһуммә а'тыйни нуран, уәж'әл фи 'асаби нуран, уә фи ләхми нуран, уә фи дәми нуран, уә фи шә'ри нуран, уә фи бәшәри нуран***».

***(Аллаһуммә-ж'әл ли нуран фи қабри уә нуран фи 'изоми) (уә зидни нуран уә зидни нуран уә зидни нуран) уә һаб ли нуран 'аләнуран***».

---

[Пайғамбардың, саллә-Ллаһу 'аләйһи уә сәлләм, былай деп айтқаны жеткізіледі: «*Аллаһ (төменде сөз етілетін) үш адамның әрбірі егер тірі қалса, барлық қажетті нәрселерімен қамтамасыз етілетініне және (олардың әрқайсысына) тіршілік ету үшін қажетті заттар берілетініне, ал қайтыс болса, Аллаһ оны Жәннатқа кіргезітініне кепілдік берді. (Бұл үшеудің біреуі) үйіне кірерде сәлем беру сөздерін айтатын адам...*» «Сахихут-Тарғиб», 321] – Бұл жерде және әрі қарай тік жақшалар ішінде орыс тіліндегі редактордың ескерпелері берілген.

((اللَّهُمَّ اجْعَلْ فِي قَلْبِي نُوراً، وَفِي لِسَانِي نُوراً، وَفِي سَمْعِي نُوراً، وَفِي بَصَرِي نُوراً، وَمِنْ فَوْقِي نُوراً، وَمِنْ تَحْتِي نُوراً، وَعَنْ يَمِينِي نُوراً، وَعَنْ شِمَالِي نُوراً، وَمِنْ أَمَامِي نُوراً، وَمِنْ خَلْفِي نُوراً، وَاجْعَلْ فِي نَفْسِي نُوراً، وَأَعْظِمْ لِي نُوراً، وَعَظِّمْ لِي نُوراً، وَاجْعَلْ لِي نُوراً، وَاجْعَلْنِي نُوراً، اللَّهُمَّ أَعْطِنِي نُوراً، وَاجْعَلْ فِي عَصَبِي نُوراً، وَفِي لَحْمِي نُوراً، وَفِي دَمِي نُوراً، وَفِي شَعْرِي نُوراً، وَفِي بَشَرِي نُوراً)) [((اللَّهُمَّ اجْعَلْ لِي نُوراً فِي قَبْرِي... وَنُوراً فِي عِظَامِي))] [((وَزِدْنِي نُوراً، وَزِدْنِي نُوراً، وَزِدْنِي نُوراً))] [((وَهَبْ لِي نُوراً عَلَى نُورٍ))]

Аудармасы: «*Я, Аллаһ! Жүрегіме нұр сал, тіліме нұр сал, құлағыма нұр сал, жанарыма нұр сал және менің үстімен нұр бер, астымнан нұр бер, маған оң жағымнан нұр бер, маған сол жағымнан нұр бер, алдымды нұрландыр, артымды нұрландыр, жан дүниеме нұр сал және мен үшін нұрды ұлы ет, әрі мен үшін нұрды үлкен ет, мен үшін нұрды жақ әрі менің өзімді нұр ет! Я, Аллаһ! Маған нұр сыйлай гөр, менің сіңірлеріме нұр сал, тәніме нұр сал, қаныма нұр сал, шашыма нұр сал, теріме нұр сал.*[28]

[28] Әл-Бухари (6316), Муслим 763.

***(Я, Аллаһ! Менің қабіріме нұр сал және сүйектеріме нұр сал)[29] (және нұрды маған көбейте гөр, нұрды маған көбейте гөр, нұрды маған көбейте гөр)[30], (маған нұр үстіне нұр сыйла)[31]».***

## 13. МЕШІТКЕ КІРЕРДЕ ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА.

20. (Мешітке) оң аяқпен кіру және кірерде былай деп айту қажет: ***«Ә'узу би-Лләһил 'Азыйми, уә би-уәжһиһил-Кәрими, уә султани-һи-л-қадими, мин әш-шәйтанир-ражим.***[32] ***Бисми-Лләһ, уә-с-саләту уә-с-сәләму 'алә расулиЛләһ. Аллаһуммә-фтәх-ли әбуәбә рахматик!»***

((أَعُوذُ بِاللَّهِ العَظِيمِ، وَبِوَجْهِهِ الكَرِيمِ، وَسُلْطَانِهِ القَدِيمِ، مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ)) [بِسْمِ اللَّهِ، وَالصَّلَاةُ] [وَالسَّلَامُ عَلَى رَسُولِ اللَّهِ] ((اللَّهُمَّ افْتَحْ لِي أَبْوَابَ رَحْمَتِكَ))

---

[29] Әт-Тирмизи 3419.
[30] Әл-Бухари «Әл-Адабул-Муфрад» (695), әл-Әлбани «Сахихул-Адабул-Муфрад» (536) кітабында иснадын сахих деп айтқан.
[31] «Фатх әл-Бәри» (11/118).
[32] Әбу Дауд (466), Хадис сахих, қз.: «Сахихул-Жәми'» (4591).

Аудармасы: ***«Ұлы Аллаһқа, Оның ардақты Дидарына және Оның ежелден мәңгі билігіне лағынетке ұшыраған шайтанның азғыруынан сиынамын. Аллаһтың атымен, Аллаһтың Елшісіне игілік[33] пен сәлем болсын[34]! Я, Аллаһ! Маған рақымыңның есіктерін аша гөр!»[35]***

## 14. МЕШІТТЕН ШЫҒАРДА ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА.

21. ***«Бисми-Лләһи, уәс-саләту уәс-сәләму ‘аләә расулиЛләһ, Аллаһуммә инни әс-әлу-кә мин фәдлик, Аллаһуммә-‘сымни минәш шәйтанир-ражийм»***

((بِسْمِ اللَّهِ وَالصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ عَلَى رَسُولِ اللَّهِ، اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ مِنْ فَضْلِكَ، اللَّهُمَّ اعْصِمْنِي مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ))

Аудармасы: ***«Аллаһтың атымен, Аллаһтың Елшісіне игілік пен сәлем болсын! Я,***

[33] Ибн Сунни (88), Әл-Әлбани «Әс-Самарул-Мустатоб» (607-бет) кітабында хадисті хасан – қабылдауға жарамды (хасан) деген.
[34] Әбу Дауд (465), қз.: «Сахихул-Жәми’» (1/528).
[35] Муслим (713), «Сунан Ибн Мәжаһ» жинағында Фатиманың, Аллаһ оған разы болсын, хадисінен: «***Я, Аллаһ, күнәмды кешір және мен үшін Өз рахымыңның есігін аш***». Әл-Әлбани хадисті күшейтетін куәліктердің болуы себепті оны сахих деп атады. Қз.: «Сахих Ибн Мәжаһ» (1/128-129).

***Аллаһ! Шынында, мен Сенің кеңшілігінді сұраймын. Я, Аллаһ! Мені лағынетке ұшыраған шайтаннан қорғай гөр».*[36]**

## 15. АЗАН ШАҚЫРЫЛЫП ЖАТҚАНДА АЙТЫЛАТЫН ЗІКІРЛЕР.

22. Азаншының барлық айтқан сөздерін ізбе-із әрі сөзбе-сөз қайталау керек, ал: ***«Хаийә ‘аләс-саләһ»*** және ***«хаийә ‘аләл фәләх»*** (намазға асығыңдар, құтылуға асығыңдар) деген азан сөздерінен кейін оларды қайталаудың орнына:

***«Лә хаулә уәлә қууатә иллә биЛләһ»***

((لاَ حَوْلَ وَلاَ قُوَّةَ إِلاَّ بِاللَّهِ))

***«Аллаһтан басқа ешкімде күш те, қуат та жоқ»,*** – деу керек. [37]

23. Азаншы куәлік сөздерін айтқаннан кейін былай деп айту қажет:

---

[36] Қз.: «Сахих Ибн Мәжаһ» (1/129).
[37] Әл-Бухари 611, 613, Муслим 383.

***«Уә әнә әшһәду әллә иләһа иллә-Ллаһу уахдаһу лә шәрикә ләһу уә әннә Мухаммәдән ‘абдуһу уа расулуһ, радыйту би-Лләһи Раббән, уә би-Мухаммәдин расулән, уә бил-Исләми динән».***

((وَأَنَا أَشْهَدُ أَنْ لاَ إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ وَحْدَهُ لاَ شَرِيكَ لَهُ وَأَنَّ مُحَمَّداً عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ، رَضِيتُ بِاللَّهِ رَبّاً، وَبِمُحَمَّدٍ رَسُولاً، وَبِالْإِسْلاَمِ دِيناً))

Аудармасы: ***«Мен де Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ, Ол Жалғыз, Оның серігі жоқ екендігіне және, шынында, Мухаммад - Аллаһтың құлы әрі елшісі екендігіне куәлік беремін. Аллаһқа Раббы ретінде, Мухаммадқа елші ретінде, Исламға дін ретінде разымын».***[38]

24. Азаншының айтқандарын қайталаған соң Пайғамбарымызға, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, салауат айту керек.[39]

---

38 Муслим (386).
39 Муслим (384)

25. «***Аллаһуммә Раббә һәзиһид-дә’уәти-т-тәммәһ, уәссаләти-л-қа-имәһ, әти Мухаммәдән-ил-уәсиләтә уә-л-фадыйләһ, уәб’асһу Мәқаман-Махмудән илләзи уә’адтәһ, /иннәкә лә тухлифул-ми’ад/!***»

: ((اللَّهُمَّ رَبَّ هَذِهِ الدَّعْوَةِ التَّامَّةِ، وَالصَّلاَةِ الْقَائِمَةِ، آتِ مُحَمَّداً الوَسِيلَةَ وَالْفَضِيلَةَ، وَابْعَثْهُ مَقَاماً مَحمُوداً الَّذِي وَعَدْتَهُ، [إِنَّكَ لَا تُخْلِفُ الْمِيعَادَ]))

Аудармасы: «***Я, Аллаһ! Осы кемел шақырудың әрі осы орындалатын намаздың Раббысы! Мухаммадты әл-Уәсиләға*** («Әл-Уасилә» – Жұмақтың ең жоғарғы сатысы) ***және жоғары дәрежеге жеткізе гөр! Әрі оны Өзің уәде еткен Мақтаулы Орынға бағыттай гөр! (Шын мәнінде, сен уәдеңді бұзбайсың)».***[40]

26. Азан мен қамат арасындағы уақытта Аллаһқа өзің үшін дұға етіп жалбарыну керек.

[40] Әл-Бухари (614). [«Инна-кә лә тухлифу-л-ми’ад» деген қосымша әл-Бәйһақиде (1/410) келеді, әрі ол қайтарылған (шәзз). Қз.: «әл-Ируа әл-Ғалил» (1/261).]

Өйткені бұл уақытта жасалған дұға кері қайтарылмайды.[41]

## 16. НАМАЗДЫҢ БАСЫНДА ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА (ду'а әл-истифтах).

27. ***«Аллаһуммә бә'ид бәйни уә бәйнә хота-йә-йә, кәмә бә'адтә бәйнәл-мәшриқи уәл-мәғриб, Аллаһуммә нәққини мин хота-йә-йә, кәмә юнәққа-с-сәубул-әб'яду минә-д-дәнәс, Аллаһуммә-ғсилни мин хота-йә-йә, би-с-сәлжи уәл-мә-и уәл-бәрад».***

((اللَّهُمَّ بَاعِدْ بَيْنِي وَبَيْنَ خَطَايَايَ كَمَا بَاعَدْتَ بَيْنَ الْمَشْرِقِ وَالْمَغْرِبِ، اللَّهُمَّ نَقِّنِي مِنْ خَطَايَايَ كَمَا يُنَقَّى الثَّوْبُ الْأَبْيَضُ مِنَ الدَّنَسِ، اللَّهُمَّ اغْسِلْنِي مِنْ خَطَايَايَ، بِالثَّلْجِ وَالْماءِ وَالْبَرَدِ))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Сен батыс пен шығыстың арасын алыстатқаныңдай, мені де қателік-күнәларымнан алыстата гөр! Я, Аллаһ! Ақ киім кірден тазартылатындай, Сен***

[41] Әт-Тирмизи (3594, 3595), Әбу Дауд 525, Ахмад 12200. Хадис сахих, қз.: «Ируаул-Ғалил» (1/262).

***де мені қателік-күнәларымнан тазарта гөр. Я, Аллаһ! Менің қателік-күнәларымды қармен, сумен және бұршақпен жуа гөр!»*** [42]

28. ***«Субханәкә-Аллаһуммә, уә бихамдика, уә тәбәракә-смука, уә тә’алә жәддука, уә лә иләһа ғайрук».***

((سُبْحانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ، وَتَبارَكَ اسْمُكَ،وَتَعَالَى جَدُّكَ،وَلاَ إِلَهَ غَيْرُكَ))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Сен Пәксің және Саған мадақ! Сенің есімің берекелі және Сенің ұлылығың бәрінен (де) жоғары, әрі Сенен басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ».*** [43]

29. **«Уәжжәһту уәжһия *ли-лләзи* фәтара-с-сәмәуәти уәл-арда ханифән, уә мә әнә минәл-мушрикин; иннә саләти, уә нусуки, уә мәх-йә-йә, уә мәмәти *ли-Лләһи* Рабби-*л*-‘аләмин, *лә* шәрикә *ләһу*, уә бизәликә умирту уә әнә минәл муслимин.**

---

[42] Әл-Бухари (744), Муслим 598.
[43] Муслим 399, Әбу Дауд 775, Әт-Тирмизи (243), Ибн Мәжаһ 806, ән-Нәсаи 899. Хадис сахих, қз.: «Сахихут-Тирмизи» (1/77), «Сахих Ибн Мәжаһ» 1/135.

*Аллаһуммә, Әнтә-л-Мәлику, лә иләһа иллә Әнтә. Әнтә Рабби уә әнә ‘абдука. Заләмту нәфси уә’тәрафту бизәнби фәғ-фир ли зунуби жәми’ан, иннәһу лә яғфиру-з-зунуба иллә Әнт. Уәһдини ли-ахсәни-л-әхләқи лә яһди ли ахсәниһә иллә Әнта, уәсриф ‘анни сәййиәһә, лә ясрифу ‘анни сәййиәһә иллә Әнта. Ләббәйкә уә сә’дәйкә, уәл-хайру куллюһу би-ядәйкә, уә-ш-шәрру ләйсә иләйкә, әнә бикә уә иләйкә, тәбәрактә уә тә’аләйта, әстәғфирукә уә әтубу иләйка».*

((وَجَّهْتُ وَجْهِيَ لِلَّذِي فَطَرَ السَّمَوَاتِ وَالأَرْضَ حَنِيفاً وَمَا أَنَا مِنَ الْمُشْرِكِينَ، إِنَّ صَلاَتِي، وَنُسُكِي، وَمَحْيَايَ، وَمَمَاتِي لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ، لاَ شَرِيكَ لَهُ وَبِذَلِكَ أُمِرْتُ وَأَنَا مِنَ الْمُسْلِمِينَ. اللَّهُمَّ أَنْتَ المَلِكُ لاَ إِلَهَ إِلاَّ أَنْتَ، أَنْتَ رَبِّي وَأَنَا عَبْدُكَ، ظَلَمْتُ نَفْسِي وَاعْتَرَفْتُ بِذَنْبِي فَاغْفِرْ لِي ذُنُوبِي جَمِيعاً إِنَّهُ لاَ يَغْفِرُ الذُّنوبَ إِلاَّ أَنْتَ. وَاهْدِنِي لِأَحْسَنِ الأَخْلاقِ لَا يَهْدِي لِأَحْسَنِها إِلاَّ أَنْتَ، وَاصْرِفْ عَنِّي سَيِّئَهَا، لاَ يَصْرِفُ عَنِّي سَيِّئَهَا إِلاَّ أَنْتَ، لَبَّيْكَ وَسَعْدَيْكَ، وَالْخَيْرُ كُلُّهُ بِيَدَيْكَ، وَالشَّرُّ لَيْسَ إِلَيْكَ، أَنَا بِكَ وَإِلَيْكَ، تَبارَكْتَ وَتَعَالَيْتَ، أَسْتَغْفِرُكَ وَأَتُوبُ إِلَيْكَ))

Аудармасы: «**Мен ханиф болған күйде[44] жүзімді көктер мен жерді жаратқан**

[44] «Ханиф» – жалғыз Аллаһқа шынайы иман келтірген адам. Исламға дейінгі Арабияда Ибраһимнің дінін, яғни

**(Аллаһқа) қараттым, және мен мүшриктерден емеспін. Расында, намазым, құлшылығым, өмірім және өлімім бүкіл әлемнің Раббысы – Аллаһ үшін. Оның серігі жоқ. Мен осыған бұйырылдым, сондай-ақ мен мұсылмандарданмын** («әл-Әнғам» сүресі, 162-163-аяттар). ***Я, Аллаһ! Сен - Патшасың, Сенен басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ. Сен менің Раббымсың, мен Сенің құлыңмын. Мен өзіме зұлымдық жасадым, күнәларымды мойындадым. Барлық күнәларымды кешіре гөр. Шын мәнінде, күнәларды кешіретін Сенен басқа ешкім жоқ. Мені ең көркем мінез-құлықтарға бағытта. Сенен басқа көркем мінез-құлыққа бағыттайтын ешкім жоқ. Менен жаман мінез-құлықтарды кетіре гөр. Сенен басқа мені жаман мінез-құлықтардан арылтатын ешкім жоқ. Міне, мен Сенің алдыңдамын және менің бақытты болуым Саған тәуелді. Барлық жақсылық Сенің Қолында және жамандық Сенен емес. Мен не істесем де, Сенің көмегің себепті болады және мен Саған оралامын. Сен Игі-Берекелісің әрі***

біркұдайшылықты (таухидті) ұстанатын, бірақ яһудилерге де, христиандарға да қосылмайтын адамдарды айтатын.

***(бәрінен де) Жоғарысың. Сенен кешірім сұраймын әрі Саған тәубе етемін».*** [45]

30. ***«Аллаһуммә, Раббә Жибраилә, уә Микәилә, уә Исрафилә, Фәтыйра-с-сәмәуәти уәл-арды, ‘алимәл-ғайби уәш-шәһәдәһ, Әнтә тәхкуму бәйнә ‘ибәдикә фи мә кәну фиһи яхтәлифун. Иһдини лимә-хтулифә фиһи минәл-хаққи би-изникә, иннәкә тәһди мән тәшә-у илә сыратым-мустәқийм».***

((اللَّهُمَّ رَبَّ جِبْرَائِيلَ، وَمِيْكَائِيلَ، وَإِسْرَافِيلَ، فاطِرَ السَّمَوَاتِ وَالأَرْضِ، عَالِمَ الغَـيْبِ وَالشَّـــهَادَةِ أَنْتَ تَحْكُمُ بَيْنَ عِبَادِكَ فِيمَا كَانُوا فِيهِ يَخْتَلِفُونَ. اهْدِنِي لِمَا اخْتُلِفَ فِيهِ مِنَ الْحَقِّ بِإِذْنِكَ إِنَّكَ تَهْدِي مَنْ تَشَاءُ إِلَى صِرَاطٍ مُسْتَقِيمٍ))

Аудармасы: ***«Я Аллаһ, Жәбірейілдің, Микаилдің және Исрафилдің Раббысы, көктер мен жердін Жаратушысы, ғайып пен көрнеуді Білуші. Сен құлдарың өзара келіспей, дауласып қалған (істерге) үкім шығарасың. Мені Өз қалауыңмен келіспеушіліктерден ақиқатқа***

---

[45] Муслим (771).

***бастай гөр. Күмәнсіз, Сен қалағаныңды тура жолға салушысың».***[46]

31. «***Аллаһу әкбару кәбиран*** (3 рет), ***уәл-хамду лиЛләһи кәсиран*** (3 рет), ***уа субхана-Лләһи букратән уә әсыйлә!***» (3 рет)

((اللَّهُ أَكْبَرُ كَبِيرَاً، اللَّهُ أَكْبَرُ كَبِيراً، اللَّهُ أَكْبَرُ كَبِيراً، وَالْحَمْدُ لِلَّهِ كَثِيراً، وَالْحَمْدُ لِلَّهِ كَثيراً، وَالْحَمْدُ لِلَّهِ كَثيراً، وَسُبْحَانَ اللَّهِ بُكْرَةً وَأَصِيلاً)) ثَلاثا

Аудармасы: «***Аллаһ Аса Ұлы!*** (3 рет) ***Аллаһқа көп-көп мақтау-мадақ!*** (3 рет) ***Аллаһ ертелі-кеш (кемшілік атаулыдан) пәк***» (3 рет).

***«Ә'узу биЛләһи минәш-шайтани: мин нәфхиһи, уә нәфсиһи, уә һәмзиһи».***

((أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ: مِنْ نَفْخِهِ، وَنَفْثِهِ، وَهَمْزِهِ))

---

[46] Муслим (770).

Аудармасы: ***«Шайтаннан: ол уәс-уәстайтын тәкаппарлықтан, оның сасық демінен және сілекейінен*** (шайтанның арбауы меңзеліп тұр) ***және оның ақылдан аздыратын азғыруынан Аллаһқа сиынамын».***[47]

32. ***«Аллаһуммә ләкәл-хамду, Әнтә нуру-с-сәмәуәти уәл-арды уә мән фи-һиннә, уә ләкәл-хамду, Әнтә қайиму-с-сәмәуәти уәл-арды уә мән фи-һиннә, [уә ләкәл-хамду Әнтә раббу-с-сәмәуәти уәл-арды уә мән фи-һиннә], [уә ләкәл хамду ләкә мулку-с-сәмәуәти уәл-арды уә мән фи-һиннә], [уә ләкәл-хамду Әнтә Мәлику-с-сәмәуәти уәл-арды]. [Уә ләкәл-хамд], [Әнтәл-Хаққу, уә 'уа'дукәл-хаққу, уә қаулукәл-хаққу, уә лиқаукәл-хаққу, уәл жәннәту хаққун, уә-н-нәру хаққун, уә-н-нәбиюнә хаққун, уә Мухаммәдун салләә Аллаһу 'аләйһи уә сәлләмә хаққун, уә-с-са'ату хаққун], [Аллаһуммә ләкә әсләмту, уә 'аләйкә тәуәккәлту, уә бикә әмәнту уә иләйкә әнәбту, уә бикә хосамту, уә***

[47] Әбу Дауд (764), Ибн Мәжаһ 807, Ахмад 16739. Шу'айб әл-Арнаут «Тахқиқул-Муснадта»: «басқа (хадистердің) болуы себепті қабылдауға жарамды (хасан) (хасан хадис)», - деді. 'Абдул-Қадир әл-Арнаут «Тахриж Калимут-Тойййиб Ибн Теймиййи» кітабында: «*Хадис сахих*», - деді. Сондай-ақ бұл хадисті әл-Әлбани де «Сахих Калимут-Тойййибта» (62) атап кетті., Муслим (601) бұл хадисті Ибн 'Умардан, Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын, жеткізеді.

*иләйкә хакәмту, фағфир ли мә қаддәмту, уә мә әххорту, уә мә әсрарту, уә мә а'ләнту], [Әнтәл-Муқаддиму, уә Әнтәл-Муәххиру, лә иләһа иллә Әнтә], [Әнтә иләһи, лә иләһа иллә Әнта]».*

((اللَّهُمَّ لَكَ الْحَمْدُ، أَنْتَ نُورُ السَّمَوَاتِ وَالأَرْضِ وَمَنْ فِيهِنَّ، وَلَكَ الْحَمْدُ أَنْتَ قَيِّمُ السَّمَوَاتِ وَالأَرْضِ وَمَنْ فِيهِنَّ، [وَلَكَ الْحَمْدُ أَنْتَ رَبُّ السَّمَواتِ وَالأَرْضِ وَمَنْ فِيهِنَّ] [وَلَكَ الْحَمْدُ لَكَ مُلْكُ السَّمَوَاتِ وَالأَرْضِ وَمَنْ فِيهِنَّ] [وَلَكَ الْحَمْدُ أَنْتَ مَلِكُ السَّمَوَاتِ وَالأَرْضِ] [وَلَكَ الْحَمْدُ] [أَنْتَ الْحَقُّ، وَوَعْدُكَ الْحَقُّ، وَقَوْلُكَ الْحَقُّ، وَلِقَاؤُكَ الْحَقُّ، وَالْجَنَّةُ حَقٌّ، وَالنَّارُ حَقٌّ، وَالنَّبِيُّونَ حَقٌّ، وَمحَمَّدٌ × حَقٌّ، وَالسّاعَةُ حَقٌّ] [اللَّهُمَّ لَكَ أَسْلَمتُ، وَعَلَيْكَ تَوَكَّلْتُ، وَبِكَ آمَنْتُ، وَإِلَيْكَ أَنَبْتُ، وَبِكَ خاصَمْتُ، وَإِلَيْكَ حاكَمْتُ. فَاغْفِرْ لِي مَا قَدَّمْتُ، وَمَا أَخَّرْتُ، وَمَا أَسْرَرْتُ، وَمَا أَعْلَنْتُ] [أَنْتَ المُقَدِّمُ، وَأَنْتَ المُؤَخِّرُ لاَ إِلَهَ إِلاَّ أَنْتَ] [أَنْتَ إِلَهِي لاَ إِلَهَ إِلاَّ أَنْتَ]))

Аудармасы: *«Уа, Аллаһ! Саған мақтау-мадақтар болсын. Сен көктер мен жердің әрі оларды мекендейтіндердің нұрысың, Саған мақтау-мадақтар болсын! Сен көктер мен жердің әрі оларды мекендейтіндердің басқарушысың, [Саған мақтау-мадақтар болсын. Сен көктер мен жердің әрі олардың мекендейтіндердің Раббысысың], [Саған*

***мақтау-мадақтар болсын. Көктер мен жердің әрі оларды мекендейтіндердің үстінен патшалық ету Саған тән]. [Саған мақтау-мадақтар болсын. Сен көктер мен жердің Патшасысың], [Саған мақтау-мадақтар болсын], [Сен Хақсың, Сенің уәдең де хақ, Сенің сөзің де хақ, Сенімен кездесу де хақ, Жәннәт та хақ, Тозақ та хақ, пайғамбарлар да хақ, Мухаммад, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, та хақ, Сағат та*** (Қиямет Күні) ***хақ]. [Уа, Аллаһ! Саған бой ұсындым, Саған тәуекел еттім, Саған иман келтірдім, Сенің алдыңда тәубе еттім, Сенің қолдау-көмегіңмен айтысып-керістім және Сенің үкіміңе жүгіндім. Менің бұрынғы және кейінгі істеген (кемшілік) күнәларымды және жасырын әрі әшкере күнәларымды кешіре гөр], [ілгерілетуші де Сенсің, кешеуілдетуші де (кейін қалдырушы да) Сенсің, Сенен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ], [Сен менің Құдайымсың, Сенен басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ]».***[48]

[48] Әл-Бухари (1120, 6317, 7385, 7442, 7499), Муслим осыған ұқсас мәтінмен ықшамдалған түрде (769)

## 17. РУКУҒТА (НАМАЗДА ЕҢКЕЙГЕНДЕ) АЙТЫЛАТЫН ДҰҒАЛАР.

33. «*Субханә Раббиял-'Азыйм!*»– (3 рет).

((سُبْحانَ رَبِّيَ الْعَظِيمِ))

Аудармасы: «***Ұлы Раббым (кемшілік атаулыдан) Пәк!***» (3 рет).[49]

34. «***Субханәкә-Лләһуммә, Раббәнә, уә бихамдика, Аллаһуммә-ғфир-ли!***»

((سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ رَبَّنَا وَبِحَمْدِكَ، اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِي))

Аудармасы: «***Раббымыз, Аллаһ! Сен Пәксің және Саған мадақ! Я, Аллаһ, мені кешіре гөр!***»[50]

---

[49] Әбу Дауд 870, әт-Тирмизи (262), ән-Нәсаи 1007, Ибн Мәжаһ 897, Ахмад 3514. Хадис сахих, қз.: «Сахихут-Тирмизи» (1/83)
[50] Әл-Бухари 794, Муслим 484.

35. *«Суббухун, Қуддусун, Раббул-мәләикәти уә-р-рух».*

((سُبُّوحٌ، قُدُّوسٌ، رَبُّ المَلاَئِكَةِ وَالرُّوحِ))

Аудармасы: *«Пәк әрі Қасиетті, періштелер мен Жәбірейілдің Раббысы».*[51]

36. *«Аллаһуммә, ләкә ракә'ту, уә бикә әмәнту, уә ләкә әсләмту, хаша'а ләкә сәм'и, уә бәсари, уә муххы, уә 'аз-ми, уә 'асаби, (уә мә-стәқалләт биһи қадами)».*

((اللَّهُمَّ لَكَ رَكَعْتُ، وَبِكَ آمَنْتُ، وَلَكَ أَسْلَمْتُ، خَشَعَ لَكَ سَمْعِي، وَبَصَرِي، وَمُخِّي، وَعَظْمِي، وَعَصَبِي، [وَمَا استَقَلَّتْ بِهِ قَدَمِي]))

Аудармасы: *«Уа, Аллаһ! Өзіңе рукуғ еттім (иілдім) және Өзіңе иман келтіріп, Өзіңе бой ұсындым. Саған құлағым, көзім, миым, сүйегім, сіңірім, (сондай-ақ аяғым көтеріп*

[51] Муслим 487, Әбу Дауд 872.

***тұрған бүкіл болмысым*** (басқаша айтқанда, бүкіл денем)) ***бой ұсынды».***[52]

37. *«**Субханә зил-жәбәрути, уәл-мәләкути, уәл-кибрия и уәл-'азомәһ!**»*

((سُبْحَانَ ذِي الْجَبَرُوتِ، وَالْمَلَكُوتِ، وَالْكِبْرِيَاءِ، وَالْعَظَمَةِ))

Аудармасы: ***«Күш-құдірет, билік, айбын мен ұлылық иесі Аллаһ (кемшілік атаулыдан) Пәк!»***[53]

## 18. РУКУҒТАН БАС КӨТЕРГЕНДЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

38. *«**Сәми'а-Ллаһу лимән-хамидәһ**».*

---

[52] Муслим (771), Әбу Дауд 760 и 761, әт-Тирмизи 3421, ән-Нәсаи 1049. Жақшаның ішіне алынғанды Ибн Хузәйма (607) және Ибн Хиббан (1901) жеткізген.

[53] Әбу Дауд (873), ән-Насаи 1131, Ахмад 23980. Хадис сахих, қз.: «Сахих Әбу Дауд» (1/166)

((سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ))

Аудармасы: ***«Аллаһ Өзіне мақтау-мадақ айтушыны естіді (естісін)».***[54]

39. ***«Раббәнә, уә ләкәл-хамду, хамдән кәсиран, тайибән, мубәракән фи-һ!»***

((رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ، حَمْداً كَثِيراً طَيِّباً مُبارَكاً فِيهِ))

Аудармасы: ***«Раббымыз! Саған мақтау-мадақ, көп-көп, ізгі әрі берекелі мақтау-мадақтар болсын!»***[55]

40. ***«(Раббәнә, уә ләкәл-хамду) мил-ә-с-сәмәуәти уә мил әл-арды уә мә бәйнә-һумә, уә мил-ә мә ши`тә мин шәй-ин бә'ду. Әһлә-с-сәнәи уәл-мәжди, ахаққу мә қаләл 'абду, уә куллюнә ләкә 'абдун. Аллаһуммә, лә мәни'а лимә а'тайтә, уә лә му'тыйа лимә мәнә'тә, уә лә янфә'у зәл-жәдди минкәл-жәдду».***

---

[54] Әл-Бухари (796).
[55] Әл-Бухари (796).

((مِلْءَ السَّمَوَاتِ وَمِلْءَ الأَرْضِ، وَمَا ) رَبَّنـا وَلَكَ الحَمْـدُ (
بَيْنَهُمَا، وَمِلْءَ مَا شِئْتَ مِنْ شَيءٍ بَعْدُ. أَهلَ الثَّناءِ وَالْمَجْدِ، أَحَقُّ مَا
قَالَ الْعَبْدُ، وَكُلُّنَا لَكَ عَبْدٌ. اللَّهُمَّ لاَ مَانِعَ لِمَا أَعْطَيْتَ، وَلاَ مُعْطِيَ لِمَا
مَنَعْتَ، وَلاَ يَنْفَعُ ذَا الجَدِّ مِنْكَ الجَدُّ))

Аудармасы: ***“(Я, Раббымыз! Саған мақтау-мадақтар болсын) және ол көктер мен жерді және олардың арасындағыларды толтырсын, әрі Өзің қалаған нәрселерді де толтырсын! Сен мақтау-мадақ пен ұлылыққа лайықтысың. Біз барлығымыз Сенің құлдарыңбыз, ал құлдың айтар сөзінің ең дұрысы: «Уа, Аллаһ! Сен берген нәрсеңнен ешкім айыра алмайды, әрі Сен бермеген нәрсені ешкім де бере алмайды. Сондай-ақ күш-қуат иесінің күш-қуаты Сенің алдында пайдасыз болып қалады»”.***[56]

## 19. СӘЖДЕГЕ БАРҒАН УАҚЫТТА ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА.

[56] Муслим (477).

41. «*Субханә Раббиял-А'лә!*» – (3 рет).

((سُبْحَانَ رَبِّيَ الأَعْلَى)) ثلاث مرَّاتٍ

Аудармасы: «***Аса Жоғары Раббым Пәк!***» (3 рет).[57]

42. ***«Субханәкә-Аллаһуммә, Раббәнә, уә бихамдик. Аллаһуммә-ғфир ли».***

((سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ رَبَّنَا وَبِحَمْدِكَ، اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِي))

Аудармасы: «***Раббымыз, Аллаһ, Сен Пәксің және Саған мадақ. Я, Аллаһ! Мені кешіре гөр!***»[58]

43. ***«Суббухун, Қуддусун, Раббул-мәләикәти уә-р-рух».***

((سُبوحٌ، قُدُّوسٌ، رَبُّ المَلَائِكَةِ وَالرُّوحِ))

---

[57] Әбу Дауд 870, Әт-Тирмизи (262), ән-Нәсаи 1007, Ибн Мәжаһ 897, Ахмад 3514 Хадис сахих, қз.: «Сахихут-Тирмизи» (1/83).
[58] Әл-Бухари 794, Муслим 484.

Аудармасы: ***«Пәк әрі Қасиетті, періштелер мен Жәбірейілдің Раббысы».***[59]

44. ***«Аллаһуммә, ләкә сәжәдту уә бикә ә-мәнту, уә ләкә әсләмту, сәжәдә уәжһия ли-Ләзи халәқаһу, уә сауыараһу, уә шәққа сәм'аһу уә бәсараһу,*** **тәбәракә-Лаһу ахсанул халиқин».**

((اللَّهُمَّ لَكَ سَجَدْتُ وَبِكَ آمَنْتُ، وَلَكَ أَسْلَمْتُ، سَجَدَ وَجْهِيَ لِلَّذِي خَلَقَهُ، وَصَوَّرَهُ، وَشَقَّ سَمْعَهُ وَبَصَرَهُ، تَبَارَكَ اللَّهُ أَحْسَنُ الْخَالِقِينَ))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Саған сәжде еттім, Саған иман келтірдім, Саған бой ұсындым. Жүзім оны Жаратқанға, оны бейнелеп, оған есту және көру қабілетін бергенге сәжде етті.*** **Расында, Жаратушылардың ең жақсысы - Аллаһ Игі-Берекелі** («әл-Муминун» сүресі, 14-аят)[60]**».**[61]

---

[59] Муслим 487.

[60] **«Жаратушылардың ең жақсысы»** деген сөздер Аллаһ толық мағынадағы Жалғыз Жаратушы екенін білдіреді.

[61] Муслим (771) және басқалар.

45. *«Субханә зил-жәбәрути, уәл-мәләкути, уәл-кибрия-и, уәл-’азомәһ!»*

((سُبْحَانَ ذِي الْجَبَرُوتِ، وَالْمَلَكُوتِ، وَالْكِبْرِيَاءِ، وَالْعَظَمَةِ))

Аудармасы: ***«Күш-құдірет, билік, және ұлылық иесі Аллаһ (кемшілік атаулыдан) Пәк!»***[62]

46. *«Аллаһуммә-ғфир ли зәнби кулләһу, диққаһу уә жилләһу, уә әууәләһу уә әхираһу, уә ‘аләниятәһу уә сирраһу!»*

((اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِي ذَنْبِي كُلَّهُ: دِقَّهُ وَجِلَّهُ، وَأَوَّلَهُ وَآخِرَهُ، وَعَلاَنِيَّتَهُ وَسِرَّهُ))

[62] Әбу Дауд (873), Ән-Нәсаи 1131, Ахмад 23980, Хадис сахих, қз.: «Сахих Әбу Дауд» (1/166)

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Менің кіші-үлкен, әуелгі-кейінгі, әшкере-жасырын жасалған бүкіл күнәларымды кешіре гөр!»***[63]

47. ***«Аллаһуммә, инни а'узу би-ридо-кә мин сәхатыкә, уә биму'афәтикә мин 'уқубәтикә, уә ә'узу бикә минкә, лә ухсы сәнә-ән 'аләйкә Әнтә кәмә әснәйтә 'алә нәфсика».***

((اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِرِضَاكَ مِنْ سَخَطِكَ، وَبِمُعَافَاتِكَ مِنْ عُقوبَتِكَ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْكَ، لاَ أُحْصِي ثَنَاءً عَلَيْكَ، أَنْتَ كَمَا أَثْنَيْتَ عَلَى نَفْسِكَ))

Аудармасы: ***«Уа, Аллаһ! Мен Сенің ашу-ызаңнан ризалығыңа, жазалауыңнан кешіріміңе сиынамын. Мен Сенен Өзіңе сиынамын. Мен Саған лайықты болған бүкіл мақтау-мадақтарды санап тауыса алмаймын. Өйткені Сен ғана Өзіңді жетерлік мөлшерде мақтағансың».***[64]

---

[63] Муслим (483)
[64] Муслим (486)

## 20. ЕКІ СӘЖДЕ АРАСЫНДАҒЫ ОТЫРЫСТА ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА.

48. *«Рабби-ғфир ли, Рабби-ғфир ли!»*

((رَبِّ اغْفِرْ لِي، رَبِّ اغْفِرْ لِي))

Аудармасы: ***«Раббым, мені кешіре гөр! Раббым, мені кешіре гөр!»***[65]

49. ***«Аллаһуммә-ғфир ли, уәрхамни, уәһдини, уәжбурни, уа'афини, уәрзуқни, уәрфә-'ни».***

((اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِي، وَارْحَمْنِي، وَاهْدِنِي، وَاجْبُرْنِي، وَعَافِنِي، وَارْزُقْنِي، وَارْفَعْنِي))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Мені кешіре гөр, маған рақым ете гөр, мені тура жолға бастай гөр, мені Өзің оңдап, маған есендік бер. Маған***

[65] Әбу Дауд (874), Ибн Мәжаһ 897. қз.: «Сахих Ибн Мәжаһ» (1/148)

***ризық-несібе бер, әрі мені жоғары (дәрежеге) көтер».***[66]

## 21. ТИЛӘУӘТ СӘЖДЕСІНІҢ ДҰҒАСЫ.

(Сөз Құранның белгілі аяттары оқылған кезде жасалатын сәжде туралы болуда)

50. «***Сәжәдә уәжһия лилләзи халәқаһу, уә шәққа сәм'аһу уә бәсараһу би-хаулиһи уә қуyатиһи, (фәтәбәракә-Ллаһу әхсәнул-халиқин)».***

((سَجَدَ وَجْهِيَ لِلَّذِي خَلَقَهُ، وَشَقَّ سَمْعَهُ وَبَصَرَهُ بِحَوْلِهِ وَقُوَّتِهِ، (فَتَبَارَكَ اللَّهُ أَحْسَنُ الْخَالِقِينَ)))

Аудармасы: ***"Жүзім өзін Жаратқанға, сондай-ақ оған есту, көруді дарытқанға сәжде етті. «Жаратушылардың ең шебері - Аллаһ Игі-Берекелі»*** («Муминун» сүресі, 14-аят.)".[67]

[66] Әбу Дауд 850, әт-Тирмизи 284 и 285, Ибн Мәжаһ (898), қз.: «Сахих Ибн Мәжаһ» (1/148) және «Сахих әт-Тирмизи» 1/90.
((اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِحَيِّنَا وَمَيِّتِنَا، وَشَاهِدِنَا وَغَائِبِنَا، وَصَغِيرِنَا وَكَبِيرِنَا، وَذَكَرِنَا وَأُنْثَانَا. اللَّهُمَّ مَنْ أَحْيَيْتَهُ مِنَّا فَأَحْيِهِ عَلَى الإِسْلاَمِ، وَمَنْ تَوَفَّيْتَهُ مِنَّا فَتَوَفَّهُ عَلَى الإِيمَانِ، اللَّهُمَّ لاَ تَحْرِمْنَا أَجْرَهُ، وَلاَ تُضِلَّنَا بَعْدَهُ))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Біздің тірілерімізбен өлілерімізді, (жаназаға) қатысушылар мен катыспағандарды, үлкендеріміз бен кішілерімізді әрі ерлеріміз бен әйелдерімізді Өзің жарылқай гөр. Я, Аллаһ! Егер бізден кімде-кімге өмір берсең, оны Ислам дінінде ет, ал бізден кімде-кімнің жанын алатын болсаң, оның жанын иманмен ала гөр! Я, Аллаһ! Бізді осы сауаптан махрұм етпе*** (бұл жерде осы адамның қайтыс болғанына қатысты сабырлық сақтау үшін берілетін сауаптар туралы айтылуда) ***әрі одан кейін бізді адастыра көрме!»***[184]

[184] Әбу Дауд 3201, әт-Тирмизи 1024, ән-Нәсаи 1985, Ибн Мәжаһ 1498, Ахмад 8809. Қз.: «Сахих Ибн Мәжаһ» 1/251.

158. «***Аллаһуммə, иннə*** (...) (дүниеден қайтқан адамның есімі) ***фи зиммəтикə, уə хəбли жиуəрикə, фəқиһи мин фитнəти-л-қабри уə ‘азəби-н-нəри, уə Əнтə əһлу-л-уəфə-и уəл-хаққи. Фəғфир лəһу уəрхам-һу, иннəкə Əнтə-л-Ғафуру-р-Рахим***»

((اللَّهُمَّ إِنَّ فُلاَنَ بْنَ فُلاَنٍ فِي ذِمَّتِكَ، وَحَبْلِ جِوَارِكَ، فَقِهِ مِنْ فِتْنَةِ الْقَبْرِ، وَعَذَابِ النَّارِ، وَأَنْتَ أَهْلُ الْوَفَاءِ وَالْحَقِّ، فَاغْفِرْ لَهُ وَارْحَمْهُ إِنَّكَ أَنْتَ الغَفُورُ الرَّحِيمُ))

Аудармасы: «***Я, Аллаһ!*** (пəленшенің ұлы түгенше) ***Сенің қорғауыңда, Өз кепілдігіңде. Оны кабір сынағы мен От азабынан сақтай гөр! Сен Өз уəдеңді орындау мен əділдік Иесісің. Оны жарылқай гөр, əрі оны рахымыңа бөле. Ақиқатында, Сен аса Кешірімді, ерекше Рахымдысың!***»[185]

159. «***Аллаһуммə, ‘абдукə уəбну əмəтикə ихтəжə илə рахмəтика, уə Əнтə ғаниюн ‘ан***

[185] Ибн Мəжаһ 1499. Қз.: «Сахих Ибн Мəжаһ» 1/251. Бұл хадисті Əбу Дауд та (3202) келтірген.

***‘азәбиһи, ин кәнә мухсинән фә зид фи хасәнәтиһи, уә ин кәнә муси-ән фә тәжәуаз ‘анһу!»***

((اللَّهُمَّ عَبْدُكَ وَابْنُ أَمَتِكَ احْتَاجَ إِلَى رَحْمَتِكَ، وَأَنْتَ غَنِيٌّ عَنْ عَذَابِهِ، إِنْ كَانَ مُحْسِناً فَزِدْ فِي حَسَنَاتِهِ، وَإِنْ كَانَ مُسِيئاً فَتَجَاوَزْ عَنْهُ))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Сенің құлың әрі сенің күңіңнің ұлы Өзіңнің рахымыңа мұқтаж. Сен оның азапталуына мұқтаж емессің. Егер ол жақсы ізгі істер жасаған болса, оларды арттыр. Ал егер ол жамандықтар жасаған болса, оны кеш!»***[186]

## 56. НӘРЕСТЕГЕ ЖАНАЗА НАМАЗЫН ОҚЫҒАНДА АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

160. ***«Аллаһуммә, а’из-һу мин ‘азәбил-қабр!»***

[186] Хадисті әл-Хаким келтіріп, оны сахих деді, ал әз-Зәһаби онымен келісті (1/359). Қз.: әл-Әлбани «Ахкамул-Жәнаиз» 125-бет.

((اللَّهُمَّ أَعِذْهُ مِنْ عَذَابِ القَبْرِ))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Оны қабір азабынан сақта!»***[187]

Бұдан тыс, егер адам келесі дұғаны оқыса жақсы болады:

***«Аллаһуммә, ж'ал-һу фәратән уә зухран ли-уәлидәй-һи, уә шәфи'ан мужәбән. Аллаһуммә, сәққил биһи мәуәзинә-һумә уә ә'зыйм би-һи ужура-һумә, уә әлхиқ-һу би-салихи-л-му`мининә, уәж'ал-һу фи кәфәләти Ибраһима, уә қи-һи би-рахмәти-кә 'азәбә-л-жахими, (уә әбдил-һу дәран хайран мин дәриһи, уә әһлән хайран мин әһлиһ, Аллаһуммә, ғфир ли-әсләфи-нә, уә әфраты-нә, уә мән сәбәқа-нә бил-имәни!)»***

[187] Са'ид бин әл-Мусаййиб былай деген: *«Мен Абу Хурейраның артына ұйып бірде-бір күнә жасап (үлгермеген) ұл баланың (жаназа) намазын оқыған едім, әрі мен оның (намазда) былай дегенін естідім...»*. Хадисті имам Мәлик «әл-Муаттада» (1/288), Ибн Әби Шәйба «әл-Мусаннафта» (3/217), әл-Бәйһақи (4/9) келтірген. Шу'айб әл-Арнаут өзінің «Тахқиқ «Шархус-Суннаһ» әл-Бағауи» (5/357) кітабында бұл хадистің иснадын сахих деді.

((اللَّهُمَّ اجْعَلْهُ فَرَطاً وَذُخْراً لِوَالِدَيْهِ، وَشَفِيعاً مُجَاباً، اللَّهُمَّ ثَقِّلْ بِهِ مَوَازِينَهُمَا، وَأَعْظِمْ بِهِ أُجورَهُمَا، وَأَلْحِقْهُ بِصَالِحِ الْمُؤْمِنِينَ، وَاجْعَلْهُ فِي كَفَالَةِ إِبْرَاهِيمَ، وَقِهِ بِرَحْمَتِكَ عَذَابَ الْجَحِيمِ، وَأَبْدِلْهُ دَاراً خَيْراً مِنْ دَارِهِ، وَأَهْلاً خَيْراً مِنْ أَهْلِهِ، اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِأَسْلاَفِنَا، وَأَفْرَاطِنَا، وَمَنْ سَبَقَنَا بِالْإِيمَانِ))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Бұл (нәрестені) Жәннатқа ата-анасынан бұрын кіретіндей ет және оны олар үшін қазына әрі шапағаты кері қайтарылмайтын шапағатшы ет. Я, Аллаһ! Осы сәби себепті ол екеуінің (ата-анасының) таразыларын салмақты, сауаптарын басым ете гөр. Оны ізгі мүминдер катарына қос, әрі оны Ибраһимнің қарауына қой. Өз рахымшылығыңмен оны тозақ азабынан сақтай гөр! (Оған өз үйінен де жақсы үй, өз жанұясының орнына жақсы жанұя сый ете гөр! Я, Аллаһ! Біздің ата-бабаларымызды және балаларымызды әрі бізден бұрын иман келтіргендерді де Өзің жарылқай гөр!)»***[188]

[188] Қз.: Ибн Құдама «әл-Муғни» (3/416), сондай-ақ Ибн Баз «Әд-Дурусул-Муһимма» (15-бет).

161. ***«Аллаһуммә, жьал-һу лә-нә фәратан, уә сәләфән, уә әжран».***

((اللَّهُمَّ اجْعَلْهُ لَنَا فَرَطاً، وَسَلَفاً، وَأَجْراً))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Оны Жәнатқа ата-анасынан бұрын кіретіндей ет, әрі оны біз үшін ізашар және қазына ете гөр!»***[189]

## 57. (КӨҢІЛ АЙТЫП БАРҒАНДА) ЖҰБАТУ БОЛАТЫН ДҰҒА.

162. ***"Иннә ли-Ләһи мә әхазә, уә ләһу мә ә'та уә куллу шәй-ин 'индәһу би-әжәлин-мусәммән..., Фә-л-тасбир уә-л-тахтәсиб".***

((إِنَّ للهِ مَا أَخَذَ، وَلَهُ مَا أَعْطَى، وَكُلُّ شَيْءٍ عِنْدَهُ بِأَجَلٍ مُسَمًّى... فَلْتَصْبِرْ وَلْتَحْتَسِبْ))

---

[189] Әл-Хасан осылай істейтін. Әл-Бағауи «Шархус-Сунна» (5/357(, 'Абду-р-Раззақ (6588), әл-Бухари өзінің «Сахихында» №1335 хадистің алдында риуаяттың іліген түрін жеткізген. [Хадистің әл-Хасанға дейінгі иснады қабылдауға жарамды (хасан) (мәуқуф). Қз.: «Ахкамул-Жәнаиз», 160.]

Аудармасы: ***«Шын мәнінде, алғаны да, бергені де Аллаһтың Өзінікі, Ол барлық нәрсенің ажалы жетер мерзімін белгілеп қойған..., ендеше, Аллаһтан сауап үміт етіп, сабырлық таныт, әрі қазаға көнгейсің».***[190]

Бұдан тыс, көңіл айтушы адам келесі сөздерді айтса да жақсы болады:

***«Ә'замә-Лллаһу әжра-кә, уә әхсәнә 'азә-әкә уә ғафәра ли-мәйити-ка!»***

((أَعْظَمَ اللَّهُ أَجْرَكَ، وَأَحْسَنَ عَزَاءَكَ، وَغَفَرَ لِمَيِّتِكَ))

Аудармасы: ***«Аллаһ сауабыңды үлкен етсін және саған көркем жұбаныш жолдасын, әрі қайтыс болған кісіңді жарылқасын!»***[191]

---

[190] Бұл сөздерді Пайғамбар, салләә Лаһу 'аләйһи уә сәлләм, өзінің қыздарының біріне, оның баласы қайтыс болған кезде, (біреу арқылы) айтып жіберген болатын. Әл-Бухари (2/80) № 1284, Муслим (2/636) № 923.

[191] Имам ән-Науауи «Әл-Азкар» (126-бет).

## 58. МӘЙІТТІ ҚАБІРГЕ ҚОЯРДА АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

163. *«Бисми-Ләһи уә ‘алә суннәти расули-Ләһ».*

((بِسْمِ اللَّهِ وَعَلَى سُنَّةِ رَسُولِ اللَّهِ))

Аудармасы: ***«Аллаһтың атымен әрі Аллаһ Елшісінің сүннеті бойынша».***[192]

## 59. МӘЙІТ ЖЕРЛЕНГЕН СОҢ ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА.

164. ***«Аллаһуммә, ғфир-ләһу, Аллаһуммә, сәббитһу!»***

((اللَّهُمَّ اغْفِرْ لَهُ، اللَّهُمَّ ثَبِّتْهُ))

[192] Әбу Дауд сахих иснадпен (3215), Ахмад (5234) және (4812) ***«Аллаһтың атымен және Аллаһ Елшісінің дініне сәйкес»*** деген мәтінмен.

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Оның күнәларын жарылқай гөр. Я, Аллаһ! Оны берік ет!»*** [193]

## 60. ҚАБІРЛЕРДІ ЗИЯРАТ ЕТКЕНДЕ ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА.

165. ***«Әссәләму ‘аләйкум, әһләд-дийяри минәл-му`хмининә уә-л-муслиминә, уә иннә ин шә-ә-Лаһу бикум ләхиқуна, (уә ярхаму-Лаһул-мустәқдиминә миннә уә-л-мустә'хирина), әс-әлу-Лаһа ләнә уә ләкуму-л-'афияһ»***

((السَّلاَمُ عَلَيْكُمْ أَهْلَ الدِّيَارِ، مِنَ الْمُؤْمِنِينَ وَالْمُسْلِمِينَ، وَإِنَّا إِنْ شَاءَ اللَّهُ بِكُمْ لاَحِقُونَ، [وَيَرْحَمُ اللَّهُ الْمُسْتَقْدِمِينَ مِنَّا وَالْمُسْتَأْخِرِينَ] أَسْأَلُ اللَّهَ لَنَا وَلَكُمُ الْعَافِيَةَ))

Аудармасы: ***«Сіздерге сәлем болсын, уа, бұл жерде жатқан му`миндер мен***

---

[193] ‘Усман ибн ‘Аффанның былай деп айтқаны жеткізіледі: *“Мәйіт жерленіп болған соң Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әдетте оның қабірінің басында (белгілі уақыт) тұратын, әрі ол:* ***«Бауырларың үшін Аллаһтан жарылқау тілеңдер, әрі Ол оны берік етуін сұраңдар, өйткені, ақиқатында, дәл қазір оған сұрақтар қойылуда»***, *- деп айтатын”*. Әбу Дауд 3223, Әл-Хаким хадисті сахих деді әрі онымен әз-Заһаби (1/370) келісті.

***мұсылмандар! Расында, Аллаһ қаласа, біз де (бір күні) сіздерге қосыламыз. Бізден бұрын өткендерді де, бізден кейін өтетіндерді де Аллаһ рахым етсін. Аллаһтан өзімізге де, сіздерге де азаптан құтқаруды сұраймын!»***[194]

## 61. ЖЕЛ ТҰРҒАНДА ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА.

166. ***«Аллаһуммә, инни әс-әлукә хайраһә, уә ә'узу бикә мин шәрриһә!»***

((اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ خَيْرَهَا، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّهَا))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Мен Сенен бұл желдің жақсылығын сұраймын, әрі оның жамандығынан Өзіңе сиынамын!»*** [195]

167. ***«Аллаһуммә, инни әс-әлукә хайра-һә, уә хайра мә фиһә, уә хайра мә урсиләт би-һи, уә***

---

[194] Осындай мәтінмен бұл хадисті Ибн Мәжаһ (1547) Бурайдадан, Аллаһ оған разы болсын, келтіреді. Ал жақшаның ішіндегісі – бұл ‘Аишаның, Аллаһ оған разы болсын, хадисінен, ал ол Муслимде келтірілген (975).

[195] Әбу Дауд 5099, Ибн Мәжаһ 3727. Қз.: «Сахих Ибн Мәжаһ» 2/305.

***ә’узу бикә мин шәрри-һә, уә шәрри мә фи-һә уә шәрри мә урсиләт биһи».***

((اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ خَيْرَهَا، وَخَيْرَ مَا فِيهَا، وَخَيْرَ مَا أُرْسِلَتْ بِهِ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّهَا، وَشَرِّ مَا فِيهَا، وَشَرِّ مَا أُرْسِلَتْ بِهِ))

Аудармасы: «***Я, Аллаһ! Мен Сенен бұл желдің қайырлы болуын, және оның ішіндегісінің жақсылығын әрі онымен жіберілген нәрсенің жақсылығын сұраймын. Әрі мен оның жамандығынан әрі оның ішіндегісінің жамандығынан және онымен жіберілген нәрсенің жамандығынан Өзіңе сиынамын».***[196]

## 62. КҮН КҮРКІРЕГЕНДЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

168. «***Субхәнә-лләзи юсәббиху-р-ра’ду бихамди-һи уә-л-мәлә-икәту мин хи-фәтиһ!»***

[196] Осындай мәтінмен хадисті Муслим (899) келтіреді. Осылайша, хадисті әл-Бухари де (3206) және (4829) келтіреді.

((سُبْحَانَ الَّذِي يُسَبِّحُ الرَّعْدُ بِحَمْدِهِ وَالْمَلاَئِكَةُ مِنْ خِيفَتِهِ))

Аудармасы: ***«Күннің күркіреуі мен періштелер қорыққандарынан дәріптейтін Аллаһ (кемшілік атаулыдан) Пәк».***[197]

## 63. ЖАҢБЫР СҰРАП АЙТЫЛАТЫН ДҰҒАЛАРДЫҢ ҮЛГІЛЕРІ.

169. ***«Аллаһуммә, әсқинә ғайсән муғисән мәри-ән, мәри'ан, нә-фи'ан ғайра дәррин, 'а-жилән ғайра ә-жилин!»***

((اللَّهُمَّ اسْقِنَا غَيْثاً مُغِيثاً مَرِيئاً مَرِيعاً، نَافِعاً غَيْرَ ضَارٍّ، عَاجِلاً غَيْرَ آجِلٍ))

[197] 'АбдуЛлаһ бин әз-Зубайр, Аллаһ оны рақым етсін, күн күркірегенін естіген кезде сөйлеуді қоятын да, осы дұғаны айтатын. Хадис «Әл-Мууаттада» (2/992) келтіріледі. Әл-Әлбани «Сахих Калимут-Тойййиб» (157) кітабында: «*Бұл сөздер сахабадан сенімді иснадпен жеткізілген*», - деп айтқан.

Аудармасы: «*Я, Аллаһ! Бізді құтқарушы, жағымды, нөсерлі, пайдалы, зиянсыз, кейін емес, қазір жауатын жаңбырмен суғара гөр!*»[198]

170. «*Аллаһуммә, әғис-нә, Аллаһуммә, әғис-нә, Аллаһуммә, әғис-нә!*»

((اللَّهُمَّ أَغِثْنَا، اللَّهُمَّ أَغِثْنَا، اللَّهُمَّ أَغِثْنَا))

Аудармасы: «*Я, Аллаһ! Бізге көмектесе гөр! Я, Аллаһ! Бізге көмектесе гөр! Я, Аллаһ! Бізге көмектесе гөр!*»[199]

171. «*Аллаһуммә, -сқи ‘ибәдәкә, уә бәһәимә-кә, уә-ншур рахмәтәкә, уә әхйи бәләдәкә-л-мәйит*».

((اللَّهُمَّ اسْقِ عِبَادَكَ، وَبَهَائِمَكَ، وَانْشُرْ رَحْمَتَكَ، وَأَحْيِي بَلَدَكَ الْمَيِّتَ))

[198] Әбу Дауд 1171. Әл-Әлбани «Сахих Әбу Дауд» (1/216) кітабында хадисті сахих деді.

[199] Әл-Бухари 1014, Муслим 897.

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Пенделеріңді, жан-жануарларыңды суғара гөр! Әрі Өз рахымшылығыңды жая гөр және өлі өлкелеріңді тірілте гөр!»***[200]

## 64. ЖАҢБЫР ЖАУЫП ЖАТҚАНДА АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

172. ***«Аллаһуммә, сой-йибән нә-фи'а!»***

((اللَّهُمَّ صَيِّباً نَافِعاً))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Бұл жаңбырды пайдалы ете гөр!»***[201]

## 65. ЖАҢБЫР ТОҚТАҒАНДА ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА.

[200] Әбу Дауд 1178, Әл-Әлбани «Сахих Әбу Дауд» (1/218) кітабында хадисті қабылдауға жарамды (хасан) деді.

[201] Әбу Дауд 1178, Әл-Әлбани «Сахих Әбу Дауд» (1/218) кітабында хадисті қабылдауға жарамды (хасан) деді.

173. ***«Мутырнә би фәдли-Ләһи уә рахмәти-һи».***

((مُطِرْنَا بِفَضْلِ اللَّهِ وَرَحْمَتِهِ))

Аудармасы: ***«Аллаһтың мейірімімен әрі Оның мархаметімен бізге жаңбыр жауды».***[202]

## 66. АСПАНДЫ БҰЛТТАН ТАЗАРТУДЫ (ЯҒНИ ЖАҢБЫРДЫ ТОҚТАТУДЫ) СҰРАП АЙТАТЫН ДҰҒА.

174. ***«Аллаһуммә, хауәләй-нә уә лә ʻаләйнә. Аллаһуммә, ʻалә-л-әкә-ми уә-з-зыра-би, уә буту-ни-л-әудияти, уә мәнәбити-ш-шәжәри!»***

((اللَّهُمَّ حَوَالَيْنَا وَلاَ عَلَيْنَا، اللَّهُمَّ عَلَى الآكَامِ وَالظِّرَابِ، وَبُطُونِ الْأَوْدِيَةِ، وَمَنَابِتِ الشَّجَرِ))

[202] Әл-Бухари 846, Муслим 71.

Аудармасы: *«Я, Аллаһ! Біздің үстімізге емес, жан-жағымызға жаудыр, Я, Аллаһ! төбелер мен тау шыңдарына, сай-аңғаларға және ағаш өсетін жерлерге жаудыр!»*[203]

## 67. ЖАҢА АЙДЫ КӨРГЕНДЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

175. *«Аллаһу Әкбару, Аллаһуммә, әһилләһу ‘аләйнә би-л-әмни уә-л-имәни, уә-с-сәләмәти уә-л-Исләми уә-т-тәуфиқи лимә тухиббу, Раббәнә, уә тәрдо, Раббунә уә Раббукә-Ллаһ!»*

((اللَّهُ أَكْبَرُ، اللَّهُمَّ أَهِلَّهُ عَلَيْنَا بِالْأَمْنِ وَالْإِيمَانِ، وَالسَّلَامَةِ وَالْإِسْلَامِ، وَالتَّوْفِيقِ لِمَا تُحِبُّ رَبَّنَا وَتَرْضَى، رَبُّنَا وَرَبُّكَ اللَّهُ))

Аудармасы: *«Аллаһ Ұлы. Я, Аллаһ! Бұл жаңа айды біздің үстімізден қауіпсіздік пен иман, (ауру мен қазалардан) есен-амандық, сондай-ақ Ислам айы және Өзің ұнататын нәрселерде әрі Өзің, я, Раббымыз, разы болатын істерде көмек беретін ай етіп*

---

[203] Әл-Бухари 933, Муслим 897.

***көтере гөр (ете гөр)! Біздің Раббымыз да, сенің Раббың да – Аллаһ!»***[204]

## 68. ОРАЗА ҰСТАҒАН АДАМ АУЫЗЫН АШҚАНДА АЙТАТЫН СӨЗДЕР.

176. ***«Зәһәбә-з-замә-у уә-бтәлләтил-'уруқ, уә сәбәтә-л-әжру ин ша-а-Ллаһ».***

((ذَهَبَ الظَّمَأُ وَابْتَلَّتِ الْعُرُوقُ، وَثَبَتَ الْأَجْرُ إِنْ شَاءَ اللَّهُ))

Аудармасы: ***«Шөл басылды, тамырлар нәр алды, әрі, Аллаһ қаласа, сауап та күтіп тұр».***[205] (Бұл жерде және де барлық басқа жағдайларда «ин ша-а-Ллаһ» формуласы сенімділікті білдіреді, басқаша айтқанда өзіне ізгі хабарды қамтыған.)

---

[204] Әт-Тирмизи 3451, әд-Дарими 1/336. Қз.: «Сахихут-Тирмизи» 3/157.

[205] Әбу Дауд 2359 және басқалар. Қз.: «Сахихул-Жәми'» 4/209.

177. *«Аллаһуммә, инни әс-әлукә би-рахмәтикә-лләти уәси'ат куллә шәй-ин ән тәғфира ли!»*

اللّهُـمَّ إِنِّـي أَسْـأَلُـكَ بِرَحْمَـتِكَ الّتي وَسِـعَت كُلَّ شيء، أَنْ تَغْـفِرَ لي

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Барлық нәрсені өзіне қамтитын мейірімің арқылы Өзіңе жалбарынамын: мені жарылқай гөр!»***[206]

## 69. ТАМАҚТАНАР АЛДЫНДА ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА.

178. Аллаһ Елшісінің, саллә-Ллаһу 'аләйһи уә сәлләм, былай дегені жеткізіледі: ***"Сендердің әрбірің тамақ жеуге кірісуден бұрын «Би-сми-Лләһ» деп айтсын".***

[206] Ибн Мәжаһ (1753) 'АбдуЛлаһ бин 'Амрдың, Аллаһ оған разы болсын, дұғасынан. Әл-Хафиз «Тахрижу әл-Азкар» кітабында хабарды қабылдауға жарамды (хасан) деді. Қз.: «Шархул-Азкар» (4/342). [Хадис әлсіз (да'иф). Қз.: «Да'иф Сунан Ибн Мәжаһ» (1/135), №345. Сондай-ақ «әл-Калимут-Тойййиб» (164) кітабында әл-Әлбани бұл хадистің иснадын әлсіз деген.]

((بِسْمِ اللهِ))

(Аудармасы:) ***«Аллаһтың атымен». “Ал егер ол тамақ жеуден бұрын осыны айтуды ұмытып кетсе, онда: «Бисми-Лләһи фи әууәллиһи уә әхириһи», - десін”.***

((بِسْمِ اللهِ فِي أَوَّلِهِ وَآخِـرِهِ))

Аудармасы: ***“«Басында да, соңында да Аллаһтың атымен», – десін”.***[207]

179. Аллаһ Елшісінің саллә-Лләһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай дегені хабарланады: ***“Аллаһ Тағала кімге тамақ нәсіп етсе, сол: «Аллаһуммә, бәрик лә-нә фи-һи уә ат-ъимнә хайран-мин-hу!»***

((اللَّهُمَّ بَارِكْ لَنَا فِيهِ وَأَطْعِمْنَا خَيْراً مِنْهُ))

[207] Әбу Дауд 3767, әт-Тирмизи 1858. Қз.: ««Сахиху-т-Тирмизи»» (2/167).

*(«Я, Аллаһ! Бұны біз үшін берекелі ет және бізді бұдан да жақсысымен тамақтандыр!») – деп айтсын, ал кімге Аллаһ Тағала сүт нәсіп етсе, сол: «Аллаһуммә, бәрик лә-нә фи-һи уә зид-нә мин-һу!»*

((اللَّهُمَّ بَارِكْ لَنَا فِيهِ وَزِدْنَا مِنْهُ))

*(«Я, Аллаһ! Бұны бізге берекелі ет және бұны бізге молайт!»), – десін".*[208]

## 70. ТАМАҚТАНҒАННАН СОҢ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

180. *«Әлхамду ли-Лләһи-лләзи ат'амә-ни һәзә, уә разәқаниһи мин ғайри хаулин-минни уә лә қууәһ».*

((الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي أَطْعَمَنِي هَذَا، وَرَزَقَنِيهِ، مِنْ غَيْرِ حَوْلٍ مِنِّي وَلاَ قُوَّةٍ))

---

[208] Әт-Тирмизи 3455. Қз.: «Сахиху-т-Тирмизи» (3/158).

Аудармасы: ***«Мен өзім ешқандай күш-қуатқа ие болмасам да, мені тамақтандырып, ризықтандырған Аллаһқа мақтаулар болсын».*** [209]

181. ***«Әлхамду ли-Лләһи хамдән кәсиран тайибән мубәракән фиһи, ғайрә мәкфи-йи, уә лә муәддә’ин, уә лә мустағнән ‘анһу! Раббәнә!»***

((الْحَمْدُ لِلَّهِ حَمْداً كَثِيراً طَيِّباً مُبَارَكاً فِيهِ، غَيْرَ [مَكْفِيٍّ وَلاَ مُوَدَّعٍ] ، وَلاَ مُسْتَغْنَىً عَنْهُ رَبَّنَا))

Аудармасы: ***«Аллаһқа көп, игі, берекелі, әрдайым жиі айтылатын, үздіксіз, біз оған әрдайым мұқтаж болатын мақтаулар болсын. Уа, Раббымыз!»*** [210]

## 71. ҚОНАҚТЫҢ АС-ТАҒАМ ИЕСІ ҮШІН АЙТАТЫН ДҰҒАСЫ.

[209] Әбу Дауд 4025, әт-Тирмизи 3458, Ибн Мәжаһ 3285. Қз.: «Сахиху-т-Тирмизи» 3/159.

[210] Әл-Бухари 5458, әт-Тирмизи 3456.

182. *«Аллаһуммә, бәрик ләһум фи-мә разәқтә-һум, уәғфир ләһум, уәрхам-һум!»*

((اللَّهُمَّ بَارِكْ لَهُمْ فِيمَا رَزَقْتَهُم، وَاغْفِرْ لَهُمْ وَارْحَمْهُمْ))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Оларға берген ризық-несібеңді берекелі ет, оларды Өзің жарылқа, әрі Өзің рақым ете гөр!»***[211]

## 72. СУ БЕРГЕН КІСІГЕ НЕМЕСЕ СУ БЕРГІСІ КЕЛГЕН КІСІГЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

183. *«Аллаһуммә, әт'им мән әт'амәни, уәсқи мән сәқани!»*

((اللَّهُمَّ أَطْعِمْ مَنْ أَطْعَمَنِي، وَاسْقِ مَنْ سَقَانِي))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Маған тамақ бергенді Өзің тамақтандыр. Маған су бергенді Өзің сусындат!»***[212]

[211] Муслим 2042.
[212] Муслим 2055.

## 73. ОТБАСЫНДА АУЫЗ АШҚАН КІСІ АЙТАТЫН ДҰҒА.

184 ***«Әфтара ‘индә-куму-с-са-имунә, уә әкәлә тағамә-куму-л-әбрару, уә салләт ‘аләйкуму-л-мәлә-икәһ!»***

((أَفْطَرَ عِنْدَكُمُ الصَّائِمُونَ، وَأَكَلَ طَعَامَكُمُ الْأَبْرَارُ، وَصَلَّتْ عَلَيْكُمُ الْمَلاَئِكَةُ))

Аудармасы: ***«Үйлеріңде ораза тұтқандар ауыз ашсын, тағамдарыңды ізгі-жақсылар жесін, әрі періштелер сендерге салауат айтсын!»***[213]

## 74. ОРАЗА ТҰТАТЫН КІСІ ТАМАҚҚА ШАҚЫРЫЛҒАНДА ОРАЗАСЫН БҰЗУДЫ ҚАЛАМАҒАНДА НЕ ІСТЕЙДІ.

[213] «Сунан Әбу Дауд» (3856), Ибн Мәжаһ (1747). Сондай-ақ бұл хадисті ән-Нәсаи «’Амалюл-Йауми уәл-Ләйләһ» (296-298) кітабында келтіріп, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) отбасында ауыз ашқан кезінде осы дұғаны айтатын деген. Әл-Әлбани «Сахих Әбу Дауд» (2/730) кітабында хадисті сахих деген.

185. Аллаһ Елшісінің, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай дегені хабарланады: ***«Сіздерден бір кісі*** (мысалы, үйлену тойына) ***шақырылса, барсын. Егер ораза ұстаған болса, шақырғандар үшін дұға етсін. Егер ораза болмаса, дәмнен алсын».***[214]

## 75. ОРАЗА ҰСТАҒАН КІСІНІ БІРЕУ БАЛАҒАТТАСА НЕ АЙТАДЫ?

186. ***«Инни со-имун, инни со-имун!»***

((إِنِّي صَائِمٌ، إِنِّي صَائِمٌ))

Аудармасы: ***«Мен оразамын! Мен оразамын!»***[215]

## 76. АЛҒАШҚЫ ЖЕМІСТЕРДІ КӨРГЕНДЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

[214] Муслим 1150.
[215] Әл-Бухари «Фатх әл-Бәри» шархымен 4/103 № 1894, Муслим 1151.

187. ***«Аллаһуммә, бәрик лә-нә фи сәмәринә, уә бәрик лә-нә фи мәдинәти-нә уә бәрик лә-нә фи са'и-нә, уә бәрик ләнә фи мудди-нә!»***

((اللَّهُمَّ بَارِكْ لَنَا فِي ثَمَرِنَا، وَبَارِكْ لَنَا فِي مَدِينَتِنَا، وَبَارِكْ لَنَا فِي صَاعِنَا، وَبَارِكْ لَنَا فِي مُدِّنَا))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Біздің жемістерімізге береке бер, біздің қаламызға береке бер, біздің са' мен мудтарымызды берекелі ет!»***[216] (Са', мудд – көлемнің өлшемдері)

## 77. ТҮШКІРГЕНДЕ АЙТАТЫН ДҰҒА.

188. Аллаһ Елшісінің, салла-Ллаһу 'аләйһи уә сәлләм, былай дегені хабарланады: ***"Егер сендерден біреуің түшкірсе: «Әлхамду***

[216] Әл-Бухари «Фатх әл-Бәри» шархымен 4/103 № 1894, Муслим 1151.

*ли-Лләһ!» («Аллаһқа мақтаулар болсын!»), - десін.*

الْحَمْدُ للهِ

***Әрі оның (Аллаһты мадақтағанын естіген) бауыры (немесе жанындағы жолдасы): «Йәрхаму-ка-Лаһ» (Аллаһтың саған рахымы болсын), - деп айтсын!***

يَرْحَمُكَ الله

***Ал егер ол: «Йәрхаму-ка-Лаһ» (Саған Аллаһтың рахымы болсын), - деп айтса, онда түшкірген кісі оған былай деп жауап қайтарсын: «Йәһди-куму-Лаһу уә юслиху бәләкум!» (Аллаһ сізді тура жолға бастап, істеріңізді тәртіпке келтірсін!).***[217]

-يَهْدِيكُمُ اللهُ وَيُصْلِحُ بالَكُم

[217] Әт-Тирмизи 2741, Ахмад 19586, Әбу Дауд 5040. Қз.: «Сахиху-т-Тирмизи» 2/354.

## 78. ЕГЕР БІР КӘПІР ТҮШКІРІП «ӘЛХАМДУ-ЛИЛЛӘҺ» ДЕСЕ, ОҒАН НЕ ДЕУ ҚАЖЕТ?

189. ***«Йәһди-куму-Лаһу уә юслиху бәләкум!»***

((يَهْدِيكُمُ اللَّهُ وَيُصْلِحُ بَالَكُمْ))

Аудармасы: ***«Аллаһ сізді тура жолға бастап, істеріңізді тәртіпке келтірсін!»***[218]

## 79. ҮЙЛЕНГЕН КІСІГЕ АЙТАТЫН ДҰҒА.

190. ***«Бәрака-Лаһу ләкә, уә бәракә ‘аләйкә, уә жәмә’а бәйнәкумә фи хайр!»***

((بَارَكَ اللَّهُ لَكَ، وَبَارَكَ عَلَيْكَ، وَجَمَعَ بَيْنَكُمَا فِي خَيْرٍ))

[218] Әт-Тирмизи 2741, Ахмад 19586, Әбу Дауд 5040. Қз.: «Сахиху-т-Тирмизи» 2/354.

Аудармасы: ***«Аллаһ саған береке берсін және саған береке жаудырсын, әрі сендерді жақсылықта біріктірсін!»***[219]

## 80. ҮЙЛЕНГЕНДЕ НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТШІ ЖАЛДАҒАНДА АЙТАТЫН ДҰҒА.

191. Аллаһ Елшісінің, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай деп айтқаны хабарланады: ***«Егер сіздерден әлдебіреу үйленсе немесе қызметші жалдалса, былай десін: «Аллаһуммә, инни әс-әлукә хайра-һә уә хайра мә жәбәлтә-һә ‘аләйһи уә ә’узу бикә мин шәрри-һә уә шәрри мә жәбәлтә-һә ‘аләйһи!»".***

((اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ خَيْرَهَا، وَخَيْرَ مَا جَبَلْتَهَا عَلَيْهِ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّهَا، وَشَرِّ مَا جَبَلْتَهَا عَلَيْهِ))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Расында, мен Өзіңнен оның игілігін әрі Сен оны не үшін жаратқан болсаң соның игілігін сұраймын және оның кесірінен Өзіңе сиынамын!»***

[219] Әбу Дауд 2130, әт-Тирмизи 1091, Ибн Мәжаһ 1905, ән-Нәсаи «’Амалюл-Йауми уәл-Ләйләһ» (259) кітабында. «Сахиху-т-Тирмизи» 1/316.

***«...Ал егер адам түйе сатып алса, өркешінің төбесінен ұстап, осы дұғаны айтсын».***[220]

## 81. ӘЙЕЛІМЕН ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАСҚА ТҮСЕРДЕН АЛДЫН АЙТАТЫН ДҰҒА.

192. ***«Бисми-Ләһ, Аллаһуммә, жәнниб-нә-ш-шәйтанә, уә жәнниби-ш-шәйтанә мә разәқтәнә!»***

((بِسْمِ اللَّهِ، اللَّهُمَّ جَنِّبْنَا الشَّيْطَانَ، وَجَنِّبِ الشَّيْطَانَ مَا رَزَقْتَنَا))

Аудармасы: ***«Аллаһтың атымен (бастаймын). Я, Аллаһ бізден шайтанды аулақ ет, әрі бізге нәсіп ететін (перзенттен де) шайтанды аулақ ет».***[221]

## 82. АШУЛАНҒАНДА АЙТАТЫН ДҰҒА.

---

[220] Әбу Дауд 2160, Ибн Мәжаһ 1918. «Сахих Ибн Мәжаһ» 1/324.
[221] Әл-Бухари 141, Муслим 1434.

193. *«Ә’узу би-Лләһи мин әш-шәйтанир-ражим!»*

((أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ))

Аудармасы: *«Қуылған шайтанның азғыруынан Аллаһтан пана тілеймін!»* [222]

## 83. ҚАНДАЙ ДА БІР АУРУДАН ҚИНАЛҒАН КІСІНІ КӨРГЕНДЕ АЙТАТЫН ДҰҒА.

194. *«Әлхамду ли-Лләһи-лләзи ‘афани миммә-бтәләкә би-һи уә фәддаләни ‘алә кәсирин миммән халәқа тәфдыйлә!»*

((الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي عَافَانِي مِمَّا ابْتَلاَكَ بِهِ، وَفَضَّلَنِي عَلَى كَثِيرٍ مِمَّنْ خَلَقَ تَفْضِيلاً))

[222] Әл-Бухари 3282, Муслим 2610.

Аудармасы: ***«Сені зақымдаған нәрседен мені құтқарған әрі жаратқандарының көбінен мені артық еткен Аллаһқа мақтаулар болсын!»***[223]

## 84. МӘЖІЛІСТЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

195. Абдуллаһ Ибн Умардың (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: *"Аллаһтың Елшісі, салла-Лаһу ‘аләйһи уә сәлләм, бір мәжілісте біреумен кездесіп отыратын болса, тұрып кетуінен бұрын 100 рет:* ***«Рабби-ғфирли уә туб ‘аләй-йә, иннә-кә Әнтә-т-Тәууәбу-л-Ғафур!», -*** *деп айтатын".*

((رَبِّ اغْفِرْ لِي، وَتُبْ عَلَيَّ، إِنَّكَ أَنْتَ التَّوَّابُ الغَفُورُ))

[223] Әл-Бухари 3282, Муслим 2610.

Аудармасы: ***«Раббым, мені кешір және тәубемді кабыл ет. Расында, Сен – Тәубені Қабыл Етуші, Аса Кешірімдісің!»***[224]

## 85. МӘЖІЛІСТІҢ КӘФФӘРАТЫ (ӨТЕМІ).

Бұл жерде отырыста адамдар Аллаһты еске алмай бос сөздер жүргізген болса, кездесудің соңында айту керек болған сөздер меңзелуде.

196. ***«Субханә-кә-Ллаһуммә, уә бихамди-кә, әшһәду әллә иләһа иллә Әнтә, әстәғфирукә уә әтубу иләйк!»***

((سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ، أَشْهَدُ أَنْ لاَ إِلَهَ إِلاَّ أَنْتَ، أَسْتَغْفِرُكَ وَأَتُوبُ إِلَيْكَ))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Сен Пәксің және бүкіл мадақ Саған! Сенен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне куәлік беремін,***

[224] Осындай мәтінмен хадисті әт-Тирмизи (3434) келтіреді. Сондай-ақ бұл хадисті Ибн Мәжаһ та (3814) келтіреді. Қз.: «Сахихут-Тирмизи» 3/153, «Сахих Ибн Мәжаһ» 2/321.

***Сенен кешірім сұраймын және Саған тәубе етемін!»*** [225]

## 86. «АЛЛАҺ СЕНІ КЕШІРСІН!» («ҒАФАРА-ЛЛАҺУ ЛӘ-КӘ!») – ДЕГЕН КІСІГЕ АЙТАТЫН ДҰҒА.

197. ***«Уә ләкә!»***

))وَلَكَ((

Аудармасы: ***«Сені де (кеширсін)!»*** [226]

---

[225] Әбу Дауд 4858, әт-Тирмизи 3433, ән-Нәсаи 1344. Қз.: «Сахихут-Тирмизи» 3/153. Айша анамыздың, Аллаһ оған разы болсын, былай деп айтқаны жеткізіледі: *"Аллаһтың Елшісі (салләЛлаһу 'аләйһи уә сәлләм) біреумен кездессе, Құран оқыса немесе намаз орындаса, соңында міндетті түрде*: ***«Я, Аллаһ! Сен Пәксің және бүкіл мадақ Саған! Сенен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне куәлік беремін. Сенен кешірім сұраймын және Саған тәубе етемін!»,*** *- деп айтатын".* Хадисті ән-Нәсаи «'Амалюл-йауми уәл-Ләйләһ» (308) кітабында келтірген, Ахмад 24486. Доктор Фаруқ Хаммадаһ «'Амалюл-Йауми уәл-Ләйләһ» кітабына жасаған тахқиқта (273) хадисті сахих деген.

[226] Ахмад 20778, ән-Нәсаи «'Амалюл-Йауми уәл-Ләйләһ» 421, Тахқық әд-Дуктур Фаруқ Хаммадаһ.

## 87. СІЗГЕ ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАҒАН КІСІ ҮШІН АЙТАТЫН ДҰҒА.

198. «***Жәзәкә-Ллаһу хайран!***»

((جَزَاكَ اللَّهُ خَيْراً))

Аудармасы: «***Аллаһ сізге жақсылықпен қайырсын!***» [227]

## 88. МЫНА АМАЛДАРДЫ ЖАСАҒАН КІСІНІ АЛЛАҺ ДӘЖЖӘЛДАН ҚОРҒАЙДЫ.

199. Аллаһ Елшісінің, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай дегені хабарланады: ***“«Әл-Кәһф» сүресінің алғашқы он аятын жаттаған кісі Дәжжәлдан қорғалған болады”.***

Бұдан тыс әр намазда соңғы тәшаһһудты айтып болған соң Дәжжәлдың азғыруынан

[227] Әт-Тирмизи 2035. Қз.: «Сахихут-Тирмизи» 2/200 және «Сахихул-Жәми’» 6244.

Аллаһқа сыйыну жолымен де Дәжжәлдан сақтануға болады.[228]

## 89. «МЕН СЕНІ АЛЛАҺ ҮШІН ЖАҚСЫ КӨРЕМІН!» (ИННИ УХЫББУ-КӘ ФИ-ЛЛӘҺИ!), - ДЕГЕН КІСІГЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

200. ***«Әхаббә-кә-лләзи ахбәбтә-ни ләһ!»***

((أَحَبَّكَ الَّذِي أَحْبَبْتَنِي لَهُ))

Аудармасы: ***«Сен мені Кім үшін жақсы көрсең, Ол да сені жақсы көрсін!»***[229]

## 90. МАЛ-МҮЛКІНЕН САҒАН БЕРГІСІ КЕЛГЕН КІСІГЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

[228] Қз.: осы кітаптағы № 55 және 56 дұғалар.

[229] Әбу Дауд 5125. Әл-Әлбани «Сахих «Сунан» Әбу Дауд» (3/965) кітабында хадисті қабылдауға жарамды (хасан) деді.

201. ***«Бәракә-Ллаһу лә-кә, фи әһли-кә, уә мәли-ка!»***

بارَكَ اللهُ لَكَ في أَهْلِكَ وَمالِك

Аудармасы: ***«Аллаһ сенің үй-ішіңе, мал-мүлкіңе береке берсін»!***[230]

## 91. ҚАРЫЗ ТӨЛЕГЕНДЕ ҚАРЫЗ БЕРГЕН КІСІГЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

202. ***«Бәракә-Ллаһу лә-кә фи әһли-кә уә мәли-кә! Иннә-мә жәзә-у-с-сәләфи-л-хамду уәл әдә!»***

((بارَكَ اللَّهُ لَكَ فِي أَهْلِكَ وَمَالِكَ، إِنَّمَا جَزَاءُ السَّلَفِ الْحَمْدُ وَالأَدَاءُ))

[230] Әл-Бухари «Фатх әл-Бәри» шархымен 2049.

Аудармасы: ***«Аллаһ сенің үй-ішіңе және мал-мүлкіңе береке берсін. Күдіксіз, қарыздың сыйы – алғыс пен карыздың өтелуі!»***[231]

## 92. АЛЛАҺҚА СЕРІК ҚОСУДАН ҚОРЫҚҚАН АДАМ АЙТАТЫН ДҰҒА.

203. ***«Аллаһуммә, инни ә'узу би-кә ән ушрикә би-кә уә әнә ә'ләму, уә əстәғфиру-кә ли-мә лә əьләм!»***

((اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ أَنْ أُشْرِكَ بِكَ وَأَنَا أَعْلَمُ، وَأَسْتَغْفِرُكَ لِمَا لاَ أَعْلَمُ))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Біліп тұрып Саған серік қосуымнан Өзіңе сиынамын! Білмегендерім үшін Сенен жарылқау тілеймін!»***[232]

---

[231] Ән-Нәсаи «'Амалюл-Йауми уәл-Ләйләһ» с.300, Ибн Мәжаһ 2424. Қз.: «Сахих Ибн Мәжаһ» 2/55.

[232] Ахмад 19606, әл-Бухари «Әл-Адабул-Муфрад» 716. Қз.: «Сахихул-Жәми'» 3/233 және әл-Әлбани «Сахихут-Тарғиб уат-Тарһиб» 1/19.

## 93. «АЛЛАҺ САҒАН БЕРЕКЕ БЕРСІН!» (БӘРАКӘ-ЛЛАҺУ ФИ-КӘ!), - ДЕГЕН КІСІГЕ АЙТАТЫН ДҰҒА.

204. ***«Уә фи-кә бәракә-Ллаһ!»***

((وَفِيكَ بَارَكَ اللَّهُ))

Аудармасы: ***«Аллаһ саған да береке берсін!»***[233]

## 94. ЫРЫМНАН ЖИІРКЕНУ ДҰҒАСЫ.

205. ***«Аллаһуммә, лә тайра иллә тайру-кә, уә лә хайра иллә хайру-кә, уә лә иләһа ғайру-кә!»***

((اللَّهُمَّ لاَ طَيْرَ إِلاَّ طَيْرُكَ، وَلاَ خَيْرَ إِلاَّ خَيْرُكَ، وَلاَ إِلَهَ غَيْرُكَ))

[233] Ибн Сунни 278. Қз.: Ибн ул-Қаййим «әл-Уабилюс-Саййиб» (304-бет) тахқиқ Башир Мухаммад ʻУйун.

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Сенің құстарыңнан басқа құс жоқ*** (Исламға дейінгі жаһилиет дәуірінде арабтар құстардың ұшу бағыты бойынша бал ашатын, бағытына қарай жақсылыққа немесе жамандыққа ырымдайтын), ***Сенің жақсылығыңнан басқа жақсылық жоқ. Сенен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ!»***[234]

## 95. КӨЛІККЕ МІНГЕНДЕ АЙТАТЫН ДҰҒА.

206. «***Бисмилләһи, әлхамду ли-Лләһи***»

((بِسْمِ اللَّهِ، وَالْحَمْدُ لِلَّهِ))

[234] Ахмад 7045, Ибн Сунни 292. Әл-Әлбани «Силсиләтул-Ахадисис-Сахихаһ» (1065) кітабында хадисті сахих деді. Ал белгілі бір нәрседе жақсылықтың нышанын көруге келер болсақ, бұл Пайғамбарға, салләЛлаһу ‘аләйһи уә сәлләм, ұнайтын, сондықтан да ол бір кісіден жақсы сөз естігенде, бұл оған ұнап, содан соң ол: «***Біз сенен жақсылық нышанын алдық***», - деген екен. Әбу Дауд 3719, Ахмад 9040, Әл-Әлбани «Силсиләтул-Ахадисис-Сахихаһ» (2/363) кітабында хадисті сахих деді, Абуш-Шейх та «Ахләқун-Нәбий, салләЛлаһу ‘аләйһи уә сәлләм» кітабында (270-бет).

Аудармасы: *«Аллаһтың атымен, Аллаһқа мақтаулар болсын!»*

(سُبْحَانَ
الَّذِي سَخَّرَ لَنَا هَذَا وَمَا كُنَّا لَهُ مُقْرِنِينَ، وَإِنَّا إِلَى رَبِّنَا لَمُنقَلِبُونَ)

**«Бізге мұны бағындырған Аллаһ Пәк, өйткені біздің бұған күшіміз келмейді. Сөзсіз, біз Жаратушы Иеміз жаққа қайтып барамыз»** («әз-Зухруф» сүресі; 13-14 аяттар).

*«Әлхамду ли-Лләһи, әлхамду ли-Лләһи, әлхамду ли-Лләһи, Аллаһу әкбару, Аллаһу Әкбару, Аллаһу Әкбару, субханәкә-Ллаһумма! Инни заләмту нәфси, фәғфир ли, фә иннәһу, лә яғфиру-з-зунубә иллә Әнтә».*

((الْحَمْدُ لِلَّهِ، الْحَمْدُ لِلَّهِ، الْحَمْدُ لِلَّهِ، اللَّهُ أَكْبَرُ، اللَّهُ أَكْبَرُ، اللَّهُ أَكْبَرُ،
سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ إِنِّي ظَلَمْتُ نَفْسِي فَاغْفِرْ لِي؛ فَإِنَّهُ لاَ يَغْفِرُ الذُّنُوبَ إِلاَّ أَنْتَ))

Аудармасы: *«Бүкіл мақтау Аллаһқа! Бүкіл мақтау Аллаһқа! Бүкіл мақтау*

***Аллаһқа! Аллаһ Ұлы! Аллаһ Ұлы! Аллаһ Ұлы! Я, Аллаһым! Сен Пәксің. Расында, мен өзіме зұлымдық жасадым, мені Өзің жарылқа. Өйткені, шын мәнінде, Сенен басқа күнәларды жарылқаушы ешкім жоқ!»***[235]

## 96. САПАРҒА ШЫҒАРДА АЙТАТЫН ДҰҒА.

207. «***Аллаһу Әкбар, Аллаһу Әкбар, Аллаһу Әкбар!***»

اللَّهُ أَكْـــــــــــبَرُ، اللَّهُ أَكْـــــــــــبَرُ، اللَّهُ أَكْبَرُ،

Аудармасы: «***Аллаһ Ұлы! Аллаһ Ұлы! Аллаһ Ұлы!***»

(سُبْحَانَ الَّذِي سَخَّرَ لَنَا هَذَا وَمَا كُنَّا لَهُ مُقْرِنِينَ، وَإِنَّا إِلَى رَبِّنَا لَمُنقَلِبُونَ)

[235] Әбу Дауд 2602, әт-Тирмизи 3446. Қз.: «Сахихут-Тирмизи» 3/156.

**«Бізге мұны бағындырған Аллаһ Пәк, өйткені біздің бұған күшіміз келмейді. Сөзсіз, біз Жаратушы Иеміз жаққа қайтып барамыз»** («әз-Зухруф» сүресі; 13-14 аяттар).

***«Аллаһуммә, иннә нәс-әлу-кә фи сәфәри-на һәзә-л-бирра уә-т-тәқуә, уә мин әл-‘әмәли ма тәрдо! Аллаһуммә, һәууин ‘аләй-нә сәфәра-нә һәзә уәтуи ‘аннә бу’дә-һу! Аллаһуммә, Әнтә-с-сахибу фи-с-сәфәри, уә-л-халифәту фи-л-әһли. Аллаһуммә, инни ә’узу би-кә мин уә’сәи-с-сәфәри, уә қәабәти-л-мәнзари, уә су-и-л-мунқаләби фи-л-мәли уә-л-әһли!»***

((اللَّهُمَّ إِنَّا نَسْأَلُكَ فِي سَفَرِنَا هَذَا الْبِرَّ وَالتَّقْوَى، وَمِنَ الْعَمَلِ مَا تَرْضَى، اللَّهُمَّ هَوِّنْ عَلَيْنَا سَفَرَنَا هَذَا وَاطْوِ عَنَّا بُعْدَهُ، اللَّهُمَّ أَنْتَ الصَّاحِبُ فِي السَّفَرِ، وَالْخَلِيفَةُ فِي الْأَهْلِ، اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنْ وَعْثَاءِ السَّفَرِ، وَكَآبَةِ الْمَنْظَرِ، وَسُوءِ الْمُنْقَلَبِ فِي الْمَالِ وَالْأَهْلِ))

Аудармасы: «*Я, Аллаһ! Біз Сенен осы сапарымызда салиқалылық пен тақуалықты және Өзің риза болатын амалдар жасауымызды сұраймыз. Я, Аллаһ! Бұл сапарымызды бізге жеңіл ет, әрі оның қашықтығын бізге жақын ет. Я, Аллаһ! Осы сапардағы жолдасым Өзіңсің, сондай-ақ жанұяммен қалған да Өзіңсің. Я, Аллаһ! Мен сапардың ауыртпашылықтары мен мұңлы көріністерінен, сондай-ақ мал-мүлкім мен үй ішіме қатысты көңілсіз жағдайлардан Өзіңе сиынамын*».

Сапардан қайтқанда да осыны әрі осыған қоса келесі сөздерді айту керек:

*«Ә-ибуна, тә-ибуна, ‘абидуна, ли-Раббинә хамидуна!»*

وإذا رَجَعَ قَالَهُنَّ وَزَادَ فِيـــهِنَّ: ((آيِبُـــونَ، تائِبُـــونَ، عَابِدُونَ، لِرَبِّنَا حَامِدُونَ))

Аудармасы: «***Біз Раббымызға тәубе етіп, құлшылық жасап, мадақ айтып қайтып келе жатырмыз!»***[236]

## 97. АУЫЛҒА НЕМЕСЕ ҚАЛАҒА КІРГЕНДЕ АЙТАТЫН ДҰҒА.

208. «***Аллаһуммә, Раббә-с-сәмәуәти-с-сәб'и уә мә азләлнә, уә Раббә-л-әрадыйнә-с-саб'и уә мә әқләлнә, уә Раббә-ш-шайатыни уә мә адләлнә, уә Раббә-р-рияхи уә мә зәрайнә. Әс-әлу-кә хайра һәзиһи-л-қарйяти, уә хайра әһли-һә, уә хайра мә фи-һә, ә'узу би-кә мин шәрри-һә, уә шәрри әһли-һа, уә шәрри мә фи-һә!***»

((اللَّهُمَّ رَبَّ السَّمَوَاتِ السَّبْعِ وَمَا أَظْلَلْنَ، وَرَبَّ الأَرَضِينَ السَّبْعِ وَمَا أَقْلَلْنَ، وَرَبَّ الشَّيَاطِينِ وَمَا أَضْلَلْنَ، وَرَبَّ الرِّيَاحِ وَمَا ذَرَيْنَ، أَسْأَلُكَ خَيْرَ هَذِهِ الْقَرْيَةِ، وَخَيْرَ أَهْلِهَا، وَخَيْرَ مَا فِيهَا، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّهَا، وَشَرِّ أَهْلِهَا، وَشَرِّ مَا فِيهَا))

Аудармасы: «***Жеті қат көк пен олардың саясындағылардың Иесі, жеті қабат жер мен***

[236] Муслим 1342.

***оның үстіндегілердің Иесі, сондай-ақ шайтандар мен олар адастырғандардың әрі желдер мен желдер ұшырған нәрселердің Иесі, я, Аллаһ! Мен Сенен осы ауылдың (қаланың) жақсылығын әрі оның тұрғындарының жақсылығын, және ондағы нәрселердің жақсылығын сұраймын. Сондай-ақ осы ауылдың (қаланың) жамандығы мен оның тұрғындарының жамандығынан әрі ондағы нәрселердің жамандығынан Өзіңе сиынамын!»***[237]

## 98. БАЗАРҒА КІРЕРДЕ АЙТАТЫН ДҰҒА.

209. ***«Лә иләһа иллә-Ллаһу уәхдәһу лә шәрикә ләһу, ләһул-мулку уә ләһул-хамду! Юхйи уә юмиту уә һууә Хайюн лә ямуту, биядиһил-хаир, уә һууә ‘алә кулли шәйин қадир!»***

[237] Хадисті әл-Хаким келтіріп, оны сахих деді. Онымен әз-Заһаби (2/100) келісті. Сондай-ақ бұл хадисті Ибн Сунни (524) де келтірді, ал әл-Хафиз «Тахрижул-Азкар» (5/154) кітабында оны қабылдауға жарамды (хасан) деді. Шейх Ибн Баз, Аллаһ оны рахым етсін: «*Хадисті ән-Нәсаи де қабылдауға жарамды (хасан) иснадпен келтірген*», - деп айтқан. Қз.: «Тухфатул-Ахйар» 37-бет.

((لاَ إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ وَحْدَهُ لاَ شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ، وَلَهُ الْحَمْدُ، يُحْيِي وَيُمِيتُ، وَهُوَ حَيٌّ لاَ يَمُوتُ، بِيَدِهِ الْخَيْرُ، وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ))

Аудармасы: ***«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол Жалғыз және Оның серігі жоқ. Бүкіл билік Онікі және барлық мақтау Оған. Ол тірілтеді және өлтіреді, ал Оның Өзі – ешқашан өлмейтін Тірі. Бүкіл жақсылық Оның Қолында және Оның күш құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді!»***[238]

## 99. КӨЛІК СҮРІНГЕНДЕ АЙТАТЫН ДҰҒА.

210. ***«БисмиЛләһ!»***

((بِسْمِ اللهِ))

[238] Әт-Тирмизи 3428, Ибн Мәжаһ 3860, әл-Хаким 1/538. Әл-Әлбани «Сахих Ибн Мәжаһ» (2/21) және «Сахихут-Тирмизи» (3/152) кітаптарында хадисті қабылдауға жарамды (хасан) (хасан) деді.

Аудармасы: ***«Аллаһтың атымен!»***[239]

## 100. ЖОЛҒА ШЫҒАТЫН АДАМНЫҢ ҚАЛУШЫЛАРҒА АЙТАТЫН ДҰҒАСЫ.

211. ***«Әстәуди’у-куму-Лаһа-ллэзи лә тэдый’у уэдэ-и’уһ».***

((أَسْتَوْدِعُكُمُ اللَّهَ الَّذِي لاَ تَضِيعُ وَدَائِعُهُ))

Аудармасы: ***«Сіздерді Оған сеніп тапсырылған нәрсе жоғалмайтын Аллаһқа тапсырдым».***[240]

## 101. ҚАЛУШЫНЫҢ САПАРҒА ШЫҒУШЫҒА АЙТАТЫН ДҰҒАСЫ.

212. ***«Әстәуди’у-Лаһа дийнә-кә, уә әмәнәтә-кә уә хауатимә ‘амәлик».***

---

[239] Әбу Дауд 4982. Әл-Әлбани хадисті сахих деді, қз.: «Сахих Әбу Дауд» 3/941.
[240] Ахмад 9230, Ибн Мәжаһ 2825. Қз.: «Сахих Ибн Мәжаһ» 2/133.

((أَسْتَوْدِعُ اللَّهَ دِينَكَ، وَأَمَانَتَكَ، وَخَوَاتِيمَ عَمَلِكَ))

Аудармасы: *«Дініңізді, аманатыңызды және амалыңыздың соңын Аллаһқа тапсырамын!»*[241]

213. *«Зәууәдә-ка-Ллаһу-т-тәқуә, уә ғафәра зәнбә-кә, уә яссәра ләкә-л-хайра хәйсу мә кунт!»*

((زَوَّدَكَ اللَّهُ التَّقْوَى، وَغَفَرَ ذَنْبَكَ، وَيَسَّرَ لَكَ الْخَيْرَ حَيْثُ ما كُنْتَ))

Аудармасы: *«Аллаһ саған (сізге) тақуалықты нәсіп етіп, күнәларыңызды кешірсін. Кай жерде болсаң(ыз) да саған (сізге) жақсылықты оңайластырсын!»*[242]

## 102. САПАРДА ЖҮРГЕНДЕ АЛЛАҺТЫ ҰЛЫҚТАУ ЖӘНЕ ДӘРІПТЕУ.

[241] Ахмад 4524, әт-Тирмизи 3443, Әл-Әлбани «Сахих Сунан ат-Тирмизи» (3/419) кітабында хадисті сахих деді.

[242] Әт-Тирмизи 3444. Қз.: «Сахихут-Тирмизи» 3/155.

214. Жәбирдің, Аллаһ оған разы болсын, былай дегені хабарланады: *"Біз өрге көтерілгенімізде (мысалы, тауға):* ***«Аллаһу Әкбар»***

))اللهُ أَكْبَرُ((

***(Аллаһ Ұлы!),*** *- деп тәкбир айтатын едік, ал төмен түскенімізде:* ***«Субхана-Аллаһ»***

))سُبْحانَ اللهِ((

***(Аллаһ Пәк!),*** *- деп тасбих айтатын едік".*[243]

## 103. САПАРДАҒЫ КІСІНІҢ ТАҢ АТҚАНДА АЙТАТЫН ДҰҒАСЫ.

215. ***«Сәми'а*** (немесе ***сәммә'а***) ***сә-ми'ун бихамди-Лләһи, уә хусни бәлә-иһи 'аләйнә!***

243 Әл-Бухари «Фатх әл-Бәри» шархымен 2993.

***Раббәнә, сахиб-нә, уә әфдыйл ‘аләй-нә! ‘Аизән би-Ләhи минә-н-нәр!»***

((سَمَّعَ سَامِعٌ بِحَمْدِ اللَّهِ، وَحُسْنِ بَلاَئِهِ عَلَيْنَا، رَبَّنَا صاحِبْنَا، وَأَفْضِلْ عَلَيْنَا، عَائِذاً بِاللَّهِ مِنَ النَّارِ))

Аудармасы: ***«Осы сөздерді естуші біздің Аллаhты мадақтап жатқанымызды және оның сынағы көркем екенін басқаларға жеткізсін (осыған куә болсын)***! (Мұндағы «бәлә’» сөзі тек «сынақ» қана емес, сонымен қатар «бәле-бәлекет», «бақытсыздық» дегенді білдіреді. Бұл жерде біз басымызға түскен қиындықтар мен сынақтарға сабырлық танытатындығымыз себепті, олар біз үшін игілікке айналатыны меңзелуде.) ***Раббымыз, бізді тастама, бізге кеңдік ет. Тозақ отынан Аллаhқа сиынамыз».***[244]

## 104. САПАРДА НЕМЕСЕ БАСҚА КЕЗДЕ ӘЛДЕБІР ҮЙГЕ ҚОНҒАН КІСІНІҢ АЙТАТЫН ДҰҒАСЫ.

[244] Муслим 2718, ән-Науауи «Шарх «Сахих» Муслим» 17/39.

216. ***«Ә'узу би-кәлимәти-Лләһи-т-тәммәти мин шәрри мә халәқ!»***

((أَعُوذُ بِكَلِمَاتِ اللَّهِ التَّامَّاتِ مِنْ شَرِّ مَا خَلَقَ))

Аудармасы: ***«Аллаһтың кәміл сөздерімен Оған жаратқан мақұлықтарының кесірінен сиынамын!»*** [245]

## 105. САПАРДАН ҚАЙТҚАНДА АЙТАТЫН ДҰҒА.

217. Сапардан кайтқанда қырға көтерілген сайын үш мәрте: ***«Аллаһу Әкбар»*** (***«Аллаһ Ұлы»)***, - деп айтқан соң мына дұғаны айту керек:

***«Лә иләһа иллә-Лаһу уахдәһу лә шәрикә ләһу, ләһу-л-мулку уә ләһу-л-хамду, уә һууә 'алә кулли шәй-ин қадир! Әйибунә, тә-ибунә, 'а-бидунә, ли-Раббинә хамидуна! Садақа-***

[245] Муслим 2709.

***Аллаһу уә'дә-һу, уә нәсара 'абдә-һу, уә һәзәмә-л-ахзәбә уахдәһ!»***

((لاَ إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ وَحْدَهُ لاَ شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ، وَلَهُ الْحَمْدُ، وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ، آيِبُونَ، تَائِبُونَ، عَابِدُونَ، لِرَبِّنَا حَامِدُونَ، صَدَقَ اللَّهُ وَعْدَهُ، وَنَصَرَ عَبْدَهُ، وَهَزَمَ الْأَحْزَابَ وَحْدَهُ))

Аудармасы: ***«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол Жалғыз және Оның серігі жоқ. Бүкіл билік Онікі және барлық мақтау Оған. Сондай-ақ Оның күш-құдіреті барлық нәрселерге толық жетеді. Біз Раббымызға тәубе етіп, құлшылық жасап, әрі Оған мадақ айтып қайтып келе жатырмыз! Аллаһ уәдесінде тұрды және Өзінің құлына көмектесіп, жалғыз Өзі тайпаларды жеңді!»*** (Бұл жерде 627 ж. Хандак шайқасы кезінде Мединаны қоршауға алған одақтас тайпалар меңзелуде).[246]

[246] Пайғамбар, салләЛлаһу 'аләйһи уә сәлләм, бұл сөздерді жорықтан немесе қажылықтан қайтқан кездерінде айтатын. Әл-Бухари 1797, Муслим 1344.

## 106. ӘЛДЕБІР НӘРСЕНІ (КӨРІП НЕ ЕСТІП) ҚУАНҒАН НЕМЕСЕ ҰНАТПАҒАН АДАМ НЕ АЙТУЫ КЕРЕК?

218. Аллаһтың Елшісі, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, бір нәрсеге қуанғанда былай дейтіні хабарланады:

***«Әлхамду ли-Лләһи-лләзи би-ни’мәти-һи тәтимму-с-салихәт!»***

((الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي بِنِعْمَتِهِ تَتِمُّ الصَّالِحَاتُ))

Аудармасы: ***«Оның ныгметімен игі нәрселер орын алатын Аллаһқа мақтаулар болсын!»***

Ал

оған ұнамайтын бір нәрсе орын алып жатса, Пайғамбар, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай дейтін:

***«Әлхамду ли-Лләһи ‘алә кулли хәл!»***

((الْحَمْدُ لِلَّهِ عَلَى كُلِّ حَالٍ))

Аудармасы: ***«Барлық жағдайларда да Аллаһқа мақтаулар болсын!»***[247]

## 107. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗҒА, САЛЛӘ-ЛЛАҺУ ‘АЛӘЙҺИ УӘ СӘЛЛӘМ, САЛАУАТ АЙТУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ.

219. Аллаһ Елшісінің, салләл-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай деп айтқаны хабарланады:

***«Кім мен үшін бір рет дұға етсе, Аллаһ оған он рет игілік етеді»***[248] (Бұл жерде Аллаһтан Пайғамбарымыз, салләл-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, үшін игілігік тілеп салауат айту меңзелуде. Мысал ретінде № 53 және 98 дұғаларды қараңыз).

[247] Ибн Сунни «’Амалюл-йауми уәл-Ләйләһ» 377, әл-Хаким 1/499 әрі ол хадисті сахих деді. Әл-Әлбани «Сахихул-Жәми’» (4/201) кітабында хадисті сахих деді.

[248] Муслим 384.

220. Аллаһ Елшісінің, салләЛлаһу ʻаләйһи уә сәлләм, сондай-ақ былай дегені жеткізіледі: ***«Менің қабірімді мерзімді жиналатын орын (ʻИд) етіп алмаңдар.*** (Яғни менің қабіріме Айт кезінде жиналатын сияқты жиналмаңдар, басқаша айтқанда ол жерге уақыттарыңды көңілді өткізу үшін жиналмаңдар. Сондай-ақ бұл жерде Пайғамбардың, салләЛлаһу ʻаләйһи уә сәлләм, қабіріне зиярат жасауға тұрақты және үнемі қайталанатын әдетті іс ретінде қарауға болмайтындығы да меңзелген болуы мүмкін.)[249]

---

[249] Редактордың (қаз.) ескертпесі: Аллаһ Елшісінің, салләЛлаһу ʻаләйһи уә сәлләм: ***«Менің қабірімді мерзімді жиналатын орынға айналдырмаңдар»*** деген сөздерінің мағынасын Пайғамбардың, салләЛлаһу ʻаләйһи уә сәлләм, шөбересімен орын алған мына оқиға түсіндіріп береді. Бірде Хасан ибн әл-Хасан ибн ʻАли Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірінің алдында әркез дұға етуге тырысатын адамды байқап қалды да, оған: «*Уа, пәлен! Не үшін мен сені үнемі Пайғамбардың, салләЛлаһу ʻаләйһи уә сәлләм, қабірінің алдында көремін?*», - деп сұрады. Әлгі адам: «*Мен Пайғамбарға, салләЛлаһу ʻаләйһи уә сәлләм, сәлем бердім*», - деп жауап берді. Сонда Хасан оған былай деді: «*Ақиқатында, Пайғамбар, салләЛлаһу ʻаләйһи уә сәлләм: «****Менің қабірімді мерзімді жиналатын орынға айналдырмаңдар, бірақ маған салауат айтыңдар, ақиқатында, сендердің салауаттарың сендер қай жерде болсаңдар да маған жетеді****», - деді. Сондықтан сен болсаң да, Андалусиядағы біреу болса да, осы тұрғыдан* [яғни Пайғамбарға сәлем беру тұрғысынан] *бірдейсіңдер*» **(хабар оны нығайтатын иснадтардың болуы себепті сахих (сенімді);** Саʻид ибн Мәнсур өзінің «Сунанының» осы кезде

***Мен үшін салауат айтыңдар. Ақиқатында, сендердің салауаттарың қай жерде болсаңдар да маған жетеді!»***[250]

221. Аллаһтың Елшісі, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, сондай-ақ былай деді: ***«Менің атым аталған кезде маған салауат айтпаған кісі — ең сараң кісі».***[251] Бұл жерде салауат деп (шариғатта заңдастырылған) келесі немесе басқа да ұқсас сөздер меңзелуде:

***«саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм»***

((صَلى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ))

Аудармасы: ***«Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!»***

---

жоғалған бөлігінде келтірген, Бұл туралы «әл-Иқтидада» (2/656) және «әс-Сарим әл-Мункиде» (161-бет) айтылған; сондай-ақ Исма’ил әл-Қады «Фадлю ссалә ‘алә-н-набиде» № 30; ‘Абдур-Раззақ (6726); Ибн Аби Шәйба (2/375)).

[250] Әбу Дауд 2044, Ахмад 8804. Әл-Әлбани «Сахих Әбу Дауд» (2/383) кітабында хадисті сахих деді.

[251] Әт-Тирмизи 3546 және басқалар. Қз.: «Сахихул-Жәми’» (3/25) мен «Сахихут-Тирмизи» 3/177.

222. Аллаһ Елшісінің, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, сондай-ақ былай деп айтқаны да хабарланады: ***«Шын мәнінде, Аллаһтың жер бетінде кезіп жүріп, үмметімнің сәлемін маған жеткізуші періштелері бар».*** [252]

223. Аллаһ Елшісінің, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, сондай-ақ былай деп айтқаны да жеткізіледі: ***«Маған әлдебір кісі сәлем берген кезде, мен оның сәлеміне жауап беруім үшін Аллаһ міндетті түрде маған жанымды қайтарып береді».*** [253]

## 108. СӘЛЕМ ТАРАТУ.

Бір мұсылман екінші бір мұсылманмен кездескенде: ***«Әссәләму ‘аләйкум уә рахмәту-Ллаһи уә бәракәтуһ!»,*** - деп айтуы керек.

[252] Ән-Нәсаи (3/43) № 1282, әл-Хаким 4/421. Әл-Әлбани «Сахихун-Насаи» (1/274) кітабында хадисті сахих деді.
[253] Әбу Дауд 2041, Әл-Әлбани «Сахих Әбу Дауд» (1/383) кітабында хадисті қабылдауға жарамды (хасан) деді.

السلام عليكم و رحمة الله و بركاته

Аудармасы: *«Сізге Аллаһтың бейбітшілігі, мейірімі мен берекесі болсын!»*

Бұған: *«Уа ‘аләйкуму-с-сәләму уә рахмәту-Лләһи уә бәракәтуһ!»*, - деп жауап қайырылады.

و عليكم السلام و رحمة الله و بركاته

Аудармасы: *«Сізге де Аллаһтың бейбітшілігі, мейірімі мен берекесі болсын!»*

224. Аллаһ Елшісінің, саллә-Лләһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай деп айтқаны хабарланады: *«Сендер иман келтірмей Жәннатқа кіре алмайсыңдар. Ал бір-бірлеріңді жақсы көрмейінше иман келтірген бола алмайсыңдар. Мен сіздерге егер соны орындасаңдар сол арқылы бір-біріңді жақсы*

***көретін бір істі үйретейін бе?! Бір-біріңе жиі сәлем беріңдер!»***[254]

السَّلامُ عَلَيْكُم

225. Пайғамбарымыз, *саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм*, былай деп айтқан: «***Кімнің бойынан мына үш қасиет табылса, сол толық иманға ие болғаны: өз-өзіне әділ болу, барлық адамға сәлем беріп жүру әдеті және кедейлікте садақа бере алатындық».***[255]

226. Абдуллаһ ибн Омардың, Аллаһ оған разы болсын, былай деп баяндағаны хабарланады: *"Бірде бір адам Пайғамбарымыздан, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм):* ***«Исламның қайсы амалдары жақсырақ?»,*** *- деп сұрады.* Ол, саллә-*Ллаһу* ‘аләйһи уә сәлләм: ***«Исламның ең жақсы амалдарына адамдарға тамақ беру және өзің***

[254] Осындай үлгіде бұл хадисті имам Ахмад 1430 келтірген. Муслим (54) осыған ұқсас хадисті келтіреді.
[255] Әл-Бухари (28) му’алләқан ‘Аммардан, Аллаһ оған разы болсын, мауқуф түрінде.

***танитын да, танымайтын да адамдарға сәлем беру жатады», — деп жауап берді".***[256]

## [109. КӘПІР КІСІ: «ӘС-СӘЛӘМУ ‘АЛӘЙКУМ», - ДЕП СӘЛЕМ БЕРСЕ, ОҒАН ҚАЛАЙ ЖАУАП БЕРУ ҚАЖЕТ.]

227. Аллаһ Елшісінің, салләә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай дегені хабарланады: ***"Егер сендерге Кітап иелері*** (яғни христиан мен яһудилер) ***сәлем берсе*** (яғни «Әс-сәләму ‘аләйкум» десе), ***«Уә’аләйкум»***

وَ عَلَيْكُم

***«Сендерге де», - деп жауап беріңдер".***[257]

---

[256] Әл-Бухари 12, Муслим 39.

[257] Әл-Бухари 6258, Муслим 2163. [Пайғамбардың, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, бұл бұйрығының мәні басқа дінді ұстанатын адамдар «Әссәләму ‘аләйкум» деп емес, осыған ұқсас, бірақ игілік тілеу емес, лағынеттеу немесе жамандық тілеу болып табылатын сөздер айтуы мүмкін болатынында. Бұл Муслимде келтірілген хадисте былай деп айтылғандай: "Бірде яһудилерден болған адамдар Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Әс-самму 'аләйкум (сендерге өлім болсын), уа, Абул-Қасим», - деп сәлем берді. Оларға Пайғамбар, саллә-Ллаһу

## 110. ҚОРАЗДЫҢ АЙҚАЙЛАҒАНЫН НЕМЕСЕ ЕСЕКТІҢ АҚЫРҒАНЫН ЕСТІГЕН АДАМ АЙТАТЫН ДҰҒА.

228. Аллаһ Елшісінің, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай дегені жеткізіледі: ***«Егер қораздың айқайлағанын естісеңдер, Аллаһтан Оның кеңшілігін сұраңдар, өйткені, ақиқатында, ол (қораз) періштені көргені. Егер есектің ақырғанын естісеңдер, Аллаһқа шайтанның (кесірінен) қорғау тілеп сиыныңдар, өйткені ол (есек) шайтанды көргені».***[258]

---

‘аләйһи уә сәлләм: ***«Уа ‘аләйкум»*** («Сендерге де»), - деп жауап берді”. Ал егер олар: «Әссәләму ‘аләйкум» («Сендерге сәлем»), - деп анық айтқан болса, онда «Уа ‘аләйкум сәләм» («Сендерге де сәлем»), - деп жауап беру керек. Яғни оларға олар сәлем бергендей етіп жауап беру адал әрі әділ болады. Қз.: «Мәжму’ Фатауа» Ибн ‘Усаймин, 3/36].

[258] Әл-Бухари 3303, Муслим 2729. Бұл хадис сондай-ақ әл-Бухариде «Әл-Адабул-Муфрад» кітабында келтіріледі, № 1236, алайда онда «түнде» деген қосымша бар. Сондықтан да егер түнде қораздың айқайлағанын естісеңіздер, онда Аллаһтан Оның кеңшілігін сұраңыздар, ал егер түнде есектің ақырғанын естісеңіздер, онда Аллаһқа шайтанның (кесірінінен) қорғау тілеп сиыныңыздар. Әрі осыны, бұл туралы имам әш-Шаукани «Шарх тухфату-з-закирин» (282) кітабында келтіргендей, күндіз емес, түнде істеу керек.]

## 111. ТҮНДЕ ИТТЕРДІҢ ҮРГЕНІН ЕСТІГЕН АДАМ ОҚИТЫН ДҰҒА.

229. Аллаһ Елшісінің, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай деп айтқаны хабарланады: ***«Егер түнде иттердің үргенін немесе есектің ақырғанын естісеңдер, Аллаһқа олардан қорғау тілеп сиыныңдар. Өйткені олар сендер көрмейтін нәрселерді көреді!»***[259]

## 112. РЕНЖІТКЕН КІСІҢ ҮШІН АЙТАТЫН ДҰҒА.

230. Аллаһ Елшісінің, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай деп айтқаны хабарланады: ***«Аллаһуммә, фә-әйюмә му`минин сәбәбтуһу, фә-ж’әл зәликә ләһу қурбәтән иләйкә йәумәл-қиямәһ».***

((اللَّهُمَّ فَأَيُّمَا مُؤْمِنٍ سَبَبْتُهُ فَاجْعَلْ ذَلِكَ لَهُ قُرْبَةً إِلَيْكَ يَوْمَ الْقِيَامَةِ))

[259] Әбу Дауд 5105, Ахмад 14283. Әл-Әлбани «Сахих Әбу Дауд» (3/961) кітабында сахих деп айтты.

Аудармасы: ***«Я, Аллаh! Қайсыбір мүминге тіл тигізген болсам, осыны (яғни тіл тигізуімді) ол үшін Қиямет Күні Өзіңе жақындау құралы ет!»***[260]

## 113. МҰСЫЛМАН КІСІ ӨЗГЕ БІР МҰСЫЛМАНДЫ МАҚТАҒАНДА НЕ ДЕЙДІ.

231. Пайғамбарымыз, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай деді: ***"Егер сендердің әлдебіреуіңе жолдасын мақтау тура келсе, былай десін: «Әhсибу*** (...) (мақталған адамның есімі) ***уә-Ллаhу хәсибу-hу уә ләу узакки 'алә-Ллаhи әхәдан, әhсибу-hу*** (мақтау сөздері)»"

(( أَحْسِبُ فُلاَناً وَاللَّهُ حَسِيبُهُ، وَلاَ أُزَكِّي عَلَى اللَّهِ أَحَداً، أَحْسِبُهُ – إِنْ كَانَ يَعْلَمُ ذَاكَ – كَذَا وَكَذَا ))

Аудармасы: ***«Мен пәленшені*** (пәлендей, түгендей) ***деп ойлаймын. Оны шын мәнінде білуші — Аллаh, әрі мен Аллаhтың алдында***

[260] Әл-Бухари 6361. Муслим (396) бұл хадисті келесідей аяқталатын сөздермен келтіреді: «***...Осыны ол үшін тазару және рахым ет***».

***ешкімді мақтап-мадақтамаймын».***[261]

## 114. МҰСЫЛМАН КІСІ ӨЗІ МАҚТАЛҒАНДА НЕ ДЕЙДІ.

232. ***«Аллаһуммә, лә туәхиз-ни бимә яқулунә, уә-ғфир ли мә лә я'ләмунә, уәж'ални хайран миммә язуннуна».***

((اللَّهُمَّ لاَ تُؤَاخِذْنِي بِمَا يَقُولُونَ، وَاغْفِرْ لِي مَا لاَ يَعْلَمُونَ، [وَاجْعَلْنِي خَيْراً مِمَّا يَظُنُّونَ]))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Олар айтып жатқан сөздер үшін мені жазалай көрме. Менің олар білмейтін күнәларымды кешір. (Сондай-ақ мені олар ойлағаннан да жақсы ет!)»***[262]

---

[261] Муслим 3000.

[262] Әл-Бухари «Әл-Адабул-Муфрад» (761) кітабында. Әл-Әлбани «Сахихул-Адабул-Муфрад» (585) жеткізушілер тізбегін сахих деді. Жақшаның ішіндегі сөздерді әл-Бәйһақи «Шу'бул-Иман» (4/228) кітабында басқа тізбекпен жеткізген.

## 115. ҚАЖЫЛЫҚ НЕМЕСЕ УМРА ИХРАМЫН КИГЕН КІСІ НЕ ДЕП «ТӘЛБИЯ» АЙТАДЫ.

233. *«Ләббәй-кә-Аллаһуммә, ләббәй-кә, ләббәй-кә лә шәрикә лә-кә ләббәй-кә, иннәл-хамдә, уәнни'мәтә, лә-кә уәл-мулк, лә шәрикә лә-кә!»*

((لَبَّيْكَ اللَّهُمَّ لَبَّيْكَ، لَبَّيْكَ لاَ شَرِيكَ لَكَ لَبَّيْكَ، إِنَّ الْحَمْدَ، وَالنِّعْمَةَ، لَكَ وَالْمُلْكَ، لاَ شَرِيكَ لَكَ))

Аудармасы: ***«Я, Аллаһ! Міне, мен Сенің алдыңдамын. Міне, мен Сенің алдыңдамын. Сенің ешбір серігің жоқ, міне, мен Сенің алдыңдамын. Расында, бүкіл мадақ, нығмет және билік Сенікі. Сенің серігің жоқ!»***[263]

## 116. ҚАҒБАНЫҢ ҚАРА ТАС ТҰРҒАН БҰРЫШЫНА КЕЛГЕНДЕ АЛЛАҺТЫ ҰЛЫҚТАУ (ТӘКБІР АЙТУ).

[263] Әл-Бухари 1459, Муслим 1184.

234. Пайғамбар саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, түйеге мініп, Қағбаны тауап еткенде, осы бұрыштың тұсына келген сайын қолындағы нәрсемен (мысалы, таяғымен) оған ишара етіп: ***«Аллаһу Әкбар!»***

))اللهُ أَكْـبَر((

***«Аллаһ Ұлы!»,*** - деп тәкбір айтқаны хабарланады.[264]

## 117. ҚАҒБАНЫҢ ЙЕМЕН ЖАҚТАҒЫ БҰРЫШЫ МЕН ҚАРА ТАС ТҰРҒАН БҰРЫШЫ АРАСЫНДА АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

235.

رَبَّنَا آتِنَا في الدُّنْيَا حسَنَةً وفي الآخِرَةِ حسَنةً وقِنَا عذَابَ النَّارِ

[264] Әл-Бухари 1613. Қз.: Әл-Бухари «Фатх әл-Бәри» шархымен 3/472.

Аудармасы: **«Раббым! Бізге дүниеде де жақсылық бер. Ақыретте де жақсылық бер және Тозақ отының азабынан сақта»** («әл-Бақара» сүресі, 201-аят).

## 118. САФА МЕН МАРУА ТӨБЕЛЕРІНІҢ ҮСТІНДЕ ТҰРҒАНДА АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

236. Пайғамбарымыз, салләә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, Сафаға жақындағанда мына аятты оқығандығы туралы хабарланады:

(إِنَّ الصَّفَا وَالْمَرْوَةَ مِنْ شَعَآئِرِ اللَّهِ)

Аудармасы: **«Расында, Сафа мен Маруа Аллаһтың рәсімдік белгілерінен»** (Бұл жерде осы төбелерде белгілі бір діни рәсімдер өткізілетін орын екені меңзелуде) («әл-Бақара» сүресі, 158-аят). [265]

Содан соң ол, салләә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм: ***«Аллаһ бастаған нәрседен бастаймын»,*** - деп Сафадан бастады. Ол Сафа

[265] Әбу Дауд 1894, Ахмад 15398, әл-Бағауи в «Шархус-Суннаһ» 7/128. Әл-Әлбани «Сахих Әбу Дауд» (1/354) кітабында хадисті қабылдауға жарамды деді.

төбесіне оның үстінен Қағба көрінгенге дейін көтерілді. Ол жерде Аллаһтың Елшісі, салләЛлаһу ‘аләйһи уә сәлләм, жүзін Қыблаға қаратты да, келесі сөздерді айтты: ***«Лә иләһа иллә-Лаһ!»***

لاَ إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ

Аудармасы: «*Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ!»)*

және ***«Аллаһу Әкбар!»***

اللهُ أَكْـبَر

Аудармасы: ***«Аллаһ Ұлы!»***, Кейін ол былай деді:

***«Лә иләһа иллә-Ллаһу уәхдәһу лә шәрикә ләһу ләһу-л-мулку уә ләһу-л-хамду уә һууә ‘алә кулли шәй-ин кадир! Лә иләһа иллә-Ллаһу уәхдәһу, әнжәзә уә’дә-һу, уә нәсара ‘абдәһу, уә һәзәмәл-ахзәбә уахдәһу!»*** (3 рет айтылады).

((لاَ إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ وَحْدَهُ لاَ شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ، لاَ إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ وَحْدَهُ، أَنْجَزَ وَعْدَهُ، وَنَصَرَ عَبْدَهُ، وَهَزَمَ الْأَحْزَابَ وَحْدَهُ، ثُمَّ دَعَا بَيْنَ ذلك. قَالَ مِثْلَ هَذَا ثَلاَثَ مَرَّاتٍ))

Аудармасы: ***«Жалғыз, серігі жоқ Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Бүкіл билік Онікі және барлық мадақ Оған, әрі Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді. Жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол уәдесін орындады да, пендесіне (пайғамбарына) көмек беріп, бүкіл тайпаларды Жалғыз Өзі жеңді».***

Бұл хадистің жалғасында Пайғамбар, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, Маруаға көтерілгенде де осылай жасағандығы хабарланады.[266]

## 119. АРАФА КҮНІ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА.

[266] Муслим 1218.

237. Аллаһ Елшісінің, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай деп айтқаны хабарланады: *“Дұғалардың ең жақсысы Арафа күніндегі дұға. Мен және Менің алдымда өткен пайғамбарлар айтқан сөздердің ең абзалы: «Лә иләһа иллә-Ллаһу уәхдәһу лә шәрикә ләһу, ләһу-л-мулку уә ләһу-л-хамду уә һууә ‘алә кулли шәй-ин қадир!»”*

(( لاَ إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ وَحْدَهُ لاَ شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ ))

Аудармасы: ***«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол Жалғыз әрі Оның серігі жоқ. Бүкіл билік Онікі және барлық мақтау Оған. Сондай-ақ Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді».***[267]

120. МАШ’АРУЛ ХАРАМДА АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА («Әл-Маш’арул харам» деп Муздалифа алқабын айтады, бұл

[267] Әт-Тирмизи 3585, Әл-Әлбани «Сахихут-Тирмизи» (3/184) және «Силсиләтул-Ахадисис-Сахихаһ» (4/6) кітаптарында хадисті қабалдауға жарамды деді.

қажылардың Қажылық кезінде тоқтайтын Арафаттан кейінгі екінші мекені).

238. “Пайғамбар, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, Қасуа атты түйесіне мініп, Маш’арул Харамға келді де, Қыблаға карап Аллаһқа дұға етіп, келесі сөздерді айтты: ***«Аллаһу Әкбар!» («Аллаһ Ұлы!»)*** және ***«Лә иләһа иллә-Ллаһ!» («Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ!»).*** Әрі Пайғамбар, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, таң атып жап-жарық болғанға дейін дұға етуін жалғастырды да, содан кейін күн шығудан бұрын (Минаға қарай) жүріп кетті”.[268]

## 121. ЖАМАРАТТАРҒА ӘРБІР ТАСТЫ ЛАҚТЫРҒАНДА АЙТАТЫН ТӘКБІР.

239. Пайғамбар, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, тас лақтырылатын үш бағананың (араб. - жамарат) әрбіріне: ***«Аллаһу Әкбар» («Аллаһ Ұлы!»),*** - деп тас ататын, кейін алға қарай өтіп барып, тоқтап Қыблаға қарап, қолын аспанға

[268] Муслим 1218.

көтеріп, дұға ететін. Осыны ол бірінші және екінші жамаратқа тас лақтырып болған соң істейтін, ал үшінші жамаратқа келер болсақ, ол оған да: ***«Аллаһу Әкбар»,*** - деп тас лақтырып болған соң, тоқтамай жүріп кететіні хабарланады.[269]

))اللهُ أَكْبَرَ((

## 122. ТАҢҒАЛҒАНДА ЖӘНЕ ҚУАНЫШТЫ ХАБАР ЕСТІГЕНДЕ АЙТАТЫН ДҰҒА.

240. ***«Субхәнә-Лаһ!»***

))سُـبْحَانَ اللهِ((

Аудармасы: ***«Аллаһ (кемшілік атаулыдан) Пәк!»***[270]

---

[269] Әл-Бухари 1751. Қз.: сондай-ақ Әл-Бухари «Фатх әл-Бәри» шархымен 3/583, 3/584, 3/581 № 1753. Хадисті сондай-ақ Муслим (1218) келтіреді.

[270] Әл-Бухари «Фатх әл-Бәри» шархымен 1/200, 390 және 414 № 115, 3599, 6218, Муслим 1674.

241. «***Аллаһу Әкбар!***»

))اللهُ أَكْـبَر((

Аудармасы: «***Аллаһ Ұлы!***»[271]

## 123. ҚУАНЫШТЫ ЖАҒДАЙДА НЕ ІСТЕЙДІ.

242. Пайғамбарымызды, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, қуантатын қандай да бір оқиға болған кезде, ол Ең Ұлы және бәрінен Жоғары Аллаһқа шүкіршілік етіп, сәждеге бас қоятыны хабарланады.[272]

## 124. ДЕНЕСІНДЕ АУРУ СЕЗІНГЕН КІСІ НЕ ІСТЕЙДІ.

[271] Әл-Бухари «Фатх әл-Бәри» шархымен 8/441 №4741 және 3062, әт-Тирмизи 2180, ән-Нәсаи «әл-Кабирде» 11185. Сондай-ақ қз.: «Сахихут-Тирмизи» 2/103 және 2/235, имам Ахмад «Муснад» (5/218) №21900.

[272] Әбу Дауд 2774, әт-Тирмизи 1578, Ибн Мәжаһ 1394. Қз.: «Сахих Ибн Мәжаһ» 1/233 және «Ируаул-Ғалил» 2/226.

243. Аллаһ Елшісінің, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай деп айтқаны жеткізіледі: ***“Қолыңды дененің ауырып жатқан жеріне қой да, үш мәрте: «БисмиЛләһ!» («Аллаһтың атымен!»), - деп, кейін жеті рет:***

***«Ә’узу би-Ләһи уә қудрати-һи мин шәрри мә әжиду уә ухәзиру!»***

(( بِسْمِ اللَّهِ، ثَلاَثاً، وَقُلْ سَبْعَ مَرَّاتٍ: أَعُوذُ بِاللَّهِ وَقُدْرَتِهِ مِنْ شَرِّ مَا أَجِدُ وَأُحَاذِرُ ))

(Аудармасы:) ***«Аллаһ пен Оның құдіретіне өзім сезіп үрейленіп тұрған жамандықтан сиынамын!», - деп қайтала”, -*** дегені хабарланады.[273]

## 125. БІР НӘРСЕГЕ КӨЗІ ТИЮДЕН ҚОРЫҚҚАН КІСІ НЕ ДЕЙДІ.

[273] Муслим 2202.

244. Аллаһ Елшісінің, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай деп айтқаны жеткізіледі: ***«Егер сендерден бір кісі өзінің бауырында, не өзінде, не өзінің мал-мүлкінде қатты ұнаған бір нәрсе көрсе, оған береке тілесін. Өйткені, расында, көз тию – бұл ақиқат».*** [274] Мысалы: ***«Аллаһумма барик ‘аләйһ»,*** - деп айтуға болады.

))اللّٰهُـمَّ بارِك عَلَـيه((

‘Аудармасы: ***«Я, Аллаһ оған берекеңді бер!»***

## 126. ҚОРЫҚҚАН КЕЗДЕ НЕ АЙТУ КЕРЕК.

245. ***«Лә иләһа иллә-Ллаһ!»***

))لا إلـهَ إلاّ اللّٰهُ((

[274] Ахмад «Муснад» 15700, Ибн Мәжаһ 3508, Малик 3/118-119. Әл-Әлбани «Сахихул-Жәми’» (1/212) кітабында хадисті сахих деді. Сондай-ақ: әл-Арнауттың «Тахқық «Задул-Ма’ад» (4/170) кітабын қараңыз.

Аудармасы: *«**Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ!»*** [275]

[127. ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛҒАНДА НЕ АЙТУ КЕРЕК](#).

246. ***«Бисмил-Ләһи, уә-Ллаһу Әкбару, Аллаһуммә, минкә уә ләка, Аллаһуммә, тәқаббәл минни».***

((بِسْمِ اللَّهِ وَاللَّهُ أَكْبَرُ [اللَّهُمَّ مِنْكَ وَلَكَ] اللَّهُمَّ تَقَبَّلْ مِنِّي))

Аудармасы: ***«Аллаһтың атымен, Аллаһ Ұлы. Я, Аллаһ! (Бұл мал) Сенен және Саған. Я, Аллаһ! Менен (мұны) қабыл ете гөр!»*** [276]

[128. ЖАУЫЗ ШАЙТАНДАРДЫҢ АЙЛАСЫН ҚАЙТАРУ ҮШІН НЕ АЙТУ КЕРЕК](#).

---

[275] Әл-Бухари 3346, Муслим 2880.
[276] Муслим 1967, әл-Бәйһақи 9/287 және басқалар.

247. «*Ә’узу би-кәлимәти-Ләһи-т-тәммәти-ләти лә южәуизу-һуннә бәррун уә лә фәжирун-мин шәрри мә халәқ, уә бәра-а уә зәра-а, уә мин шәрри мә янзилу минә-с-сәмә-и, уә мин шәрри мә я’ружу фиһә, уә мин шәрри мә зәра-ә фил-әрды, уә мин шәрри мә яхруджу минһә, уә мин шәрри фитәни-л-ләйли уә-н-нәһәр, уә мин шәрри кулли тариқин иллә тариқан ятруқу би-хайрин, йа Рахмән!*»

((أَعُوذُ بِكَلِمَاتِ اللَّهِ التَّامَّاتِ الَّتِي لاَ يُجَاوِزُهُنَّ بَرٌّ وَلاَ فَاجِرٌ: مِنْ شَرِّ مَا خَلَقَ، وَبَرَأَ وَذَرَأَ، وَمِنْ شَرِّ مَا يَنْزِلُ مِنَ السَّمَاءِ، وَمِنْ شَرِّ مَا يَعْرُجُ فِيهَا، وَمِنْ شَرِّ مَا ذَرَأَ فِي الْأَرْضِ، وَمِنْ شَرِّ مَا يَخْرُجُ مِنْهَا، وَمِنْ شَرِّ فِتَنِ اللَّيْلِ وَالنَّهَارِ، وَمِنْ شَرِّ كُلِّ طَارِقٍ إِلاَّ طَارِقاً يَطْرُقُ بِخَيْرٍ يَا رَحْمَنُ))

Аудармасы: «***Олардан жақсы (салиқалы) адам да, жаман (күнәһар) адам да жоғарылай алмайтын Аллаһтың кәміл сөздеріне, Ол жаратқан, бейнелеген, ұрпақты еткен нәрселердің кесірінен және көктен түсетін әрі көкке көтерілетін нәрселердің кесірінен, соңдай-ақ жердегі жаратқандарының кесірінен әрі жерден шығатын нәрселердің кесірінен, түн мен күндізгі бүліктердің кесірінен әрі***

***түнделетін келетіннің кесірінен, өзімен жақсылық әкелетіннің басқасынан сиынамын, я, Рахман!»*** [277]

## 129. КЕШІРІМ ТІЛЕУ ЖӘНЕ ТӘУБЕ ЕТУ.

248. Аллаһ Елшісінің, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай дегені туралы хабарланады: ***«Аллаһпен ант етемін, шын мәнінде, мен бір күнде Аллаһтан жетпіс мәртеден астам кешірім тілеп, тәубе етемін!»***[278]

249. Сондай-ақ Аллаһ Елшісінің, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай дегені де жеткізіледі: ***«Әй, адамдар! Аллаһқа тәубе етіңдер, өйткені мен Оған күніне жүз мәрте тәубе етемін!»***[279]

---

[277] Ахмад 15461 сенімді иснадпен, Ибн Сунни 637. Әл-Арнаут «Тахриж әт-Тахауийя» (133-бет) кітабында оның иснадын сахих деді. Қз.: «Мәжма’уз-Зауаид» (10/127).

[278] Әл-Бухари «әл-Фатх әл-Бари» шархымен (11/101) № 6307.

[279] Муслим 2702.

250. Аллаһ Елшісінің, салләә-Лләһу ‘аләйһи уә сәлләм, сондай-ақ былай деп айтқаны да жеткізіледі: ***"Кімде-кім: «Әстәғфиру-Лләһ-әл-’Азыймә-лләзи лә иләһа иллә һууә-л-Хайю-л-Қаййуму уә әтубу иләйһ!»***

((أَسْتَغْفِرُ اللَّهَ الْعَظِيمَ الَّذِي لاَ إِلَهَ إِلاَّ هُوَ الْحَيُّ الْقَيّومُ وَأَتُوبُ إِلَيهِ))،

(***«Одан басқа құлшылыққа лайықты құдай болмаған Тірі әрі Мәңгі Жасаушы Ұлы Аллаһтан кешірім тілеп, әрі Оған тәубе етемін»***) ***- десе, ол тіпті шабуылдаған дұшпаннан (соғыс алаңынан) қашқан болса да, Аллаһ оны кешіреді!»***[280]

251. Аллаһ Елшісінің, салләә-Лләһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай деп айтқаны да жеткізілген: ***«Раббының пендеге ең жақын болатын уақыты түннің соңғы бөлігі (мұнда түннің соңғы үштен бір бөлігі туралы сөз***

[280] Әбу Дауд 1517, әт-Тирмизи 3577, әл-Хаким хадисті сахих деді және онымен әз-Заһаби (1/511) келісті. Әл-Әлбани де хадисті сахих деді. Қз.: «Сахихут-Тирмизи» 3/182, «Жәми’ул-Усул» (4/389-390) әл-Арнауттың тахқиқымен.

***болуда). Сол сәтте Аллаһты зікір етушілерден бола алсаң, солардан бол!»*** [281]

252. Және Пайғамбарымыз, салләә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай деген: ***«Пенденің Раббысына ең жақын болатын уақыты сәждеге бас қойған кезі. Осы уақытта Аллаһқа көп дұға етіңіздер!»***[282]

253. Аллаһ Елшісінің, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай деп айтқаны да хабарланған: ***«Шын мәнінде, менің жүрегім қымталып қалады және мен, ақиқатында, Аллаһтан күніне жүз рет кешірім сұраймын!»***[283]

---

[281] Әт-Тирмизи 3579, ән-Нәсаи 572, әл-Хаким 1/309. Қз.: «Сахихут-Тирмизи» 3/183, «Жәми’ул-Усул» (4/144) әл-Арнауттың тахқиқымен.

[282] Муслим 482.

[283] Муслим 2702. Ибнул-Асир былай деген: *“Пайғамбар, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, үнемі Алллаһты зікір ететін, Оған дұға ететін және басқа да салиқалы амалдар жасап жүретін. Ал егер оның көңілі бөлінсе немесе осы туралы ұмытса, өзін күнә жасағандай деп сезінетін де, осы үшін кешірім сұрайтын. Сөйтіп. «**қымталып қалады»** деген сөзбен Пайғамбар белгілі себептермен осы нәрселермен айналыса алмаған қысқа мерзімдер меңзеледі”* Қз.: «Жәми’ул-Усул» 4/386.

## 130. «СУБХАНА-АЛЛАҺ» (ТАСБИХ), «ӘЛХАМДУ ЛИЛЛӘҺ» (ТАХМИД), «ЛӘ ИЛӘҺА ИЛЛӘ-ЛЛАҺ» (ТАҺЛИЛ) ЖӘНЕ «АЛЛАҺУ ӘКБАР» (ТӘКБІР) СӨЗДЕРІН АЙТУДЫҢ ПАЙДАСЫ!

254. Аллаһ Елшісінің, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай деп айтқаны хабарланады: *“Күн барысында жүз мәрте: «Субхәнә-Ллаһи уә бихамдиһи»*

((سُبْحَانَ اللهِ وَبِحَمْدِهِ))

***«Аллаһ (кемшілік атаулыдан) Пәк және Ол барлық мақтауға лайық!», - деп айтқан адамның күнәлары кешіріледі, тіпті олар теңіз көбігіндей көп болса да!”***[284]

255. Аллаһ Елшісінің, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм: ***"Кімде-кім он мәрте: «Лә иләһа иллә-Ллаһу уәхдәһу лә шарикә ләһу ләһу-***

[284] Әл-Бухари 6405, Муслим 2691. Сондай-ақ осы сөздерді таңертең және кешкісін 100 рет айтқан адамның артықшылығы туралы осы кітаптың № 91 тармағын қараңыз.

*л-мулку, уә ләһу-л-хамду, уә һууә ‘аләə кулли шәй-ин қадир!»*

لاَ إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ وَحْدَهُ لاَ شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ، وَلَهُ الْحَمْدُ، ((وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ))

***«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол Жалғыз әрі Оның серігі жоқ. Бүкіл билік Онікі және Ол барлық мақтауға лайық, әрі Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді», - деп айтса, Исмаил ұрпақтарынан төртеуін азат еткендей болады",*** - дегені хабарланады (яғни төрт құлды азат еткендей сауап алады деген меңзеледі).[285]

256. Аллаһ Елшісінің, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, сондай-ақ былай деп айтқаны хабарланады: ***"Тілге өте жеңіл, (Мизан) Таразыда салмағы өте ауыр болатын әрі Аса Мейірімді (Аллаһ) үшін сүйікті екі сөз бар, олар:***

[285] Әл-Бухари 6404, Муслим 2693. Сондай-ақ осы сөзді күніне 100 рет айтатын адамның артықшылығы туралы осы кітаптың № 93 тармағын қарасын.

***«Субхәнәл-Лаһи уә бихамдиһи, субхәнә-Ллаһи-л- ‘Азыйм!»***

))سُبْحانَ اللهِ وَبِحَمْدِهِ وسُبْحَانَ اللهِ العَظِيمِ((

***«Аллаһ барлық кемшілік атаулыдан Пәк. Және Ол барлық мақтауға лайық. Ұлы Аллаһ кемшілік атаулыдан Пәк!»***"[286]

257. Аллаһ Елшісінің, салләә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай деп айтқаны да жеткізіледі: ***««Субхәнә-Ллаһи, уәл-хамду ли-Лләһи, уә лә иләһа иллә-Ллаһу, уә-Ллаһу Әкбар!», - деп айту мен үшін күн астындағы барлық нәрселерден де сүйіктірек!***"[287]

))سُبْحَانَ اللَّهِ، وَالْحَمْدُ لِلَّهِ، وَلاَ إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ، وَاللَّهُ أَكْبَرُ((

Аудармасы: ***«Аллаһ Пәк. Ол барлық мақтауға лайық. Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Аллаһ Ұлы!»***

---

[286] Әл-Бухари 6404, Муслим 2694.
[287] Муслим 2695.

258. Аллаһ Елшісінің, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, бірде адамдардан: ***«Сендерден кім күн сайын мың жақсылық істей алады?», — деп сұрағаны жеткізіледі.*** Сол жерде болған (сахабалардың) бірі: *«Біздің қайсыбіріміз мың жақсылық істей алады дейсіз?!»*, - деді. Сонда Пайғамбар, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм: ***"Ендеше, («Субхана-Ллаһ», - деп) жүз тасбих айтсын, әрі оған осынысы үшін мың жақсы іс жазылады немесе оның мың күнәсі өшіріледі»,*** - деп жауап берді.[288]

))سُبْحَانَ اللهِ((

259. Сондай-ақ Аллаһ Елшісінің, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай деп айтқаны хабарланады: ***“Кімде-кім: «Субхәнә-Ллаһи-л-’Азыйми уә бихамдиһи!»***

)) سُبْحَانَ اللَّهِ الْعَظِيمِ وَبِحَمْدِهِ((

[288] Муслим 2698.

***(«Ұлы Аллаһ Пәк және Ол барлық мақтауға лайық»), - десе, ол үшін Жәннатта бір құрма ағашы егіледі".***[289]

260. Абдуллаһ ибн Қайстың (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндағаны жеткізіледі: *"Бірде Аллаһтың Елшісі, саллә-Лләһу 'аләйһи уә сәлләм, маған:* ***«Әй, Абдуллаһ, мен саған Жәннат қазыналарының бірін үйретейін бе?»,*** *— деді. Мен: «Әрине, уа, Аллаһтың елшісі», — дедім. Сонда ол:* ***"«Лә хаулә уә лә қууәтә иллә би-Лләһ!»***

((لاَ حَوْلَ وَلاَ قُوَّةَ إِلاَّ بِاللَّهِ))

***(«Аллаһтан басқа ешкімде күш те, қуат та жоқ!»), - деп айт",*** *— деді".*[290]

261. Аллаһ Елшісінің (саллә-Лләһу 'аләйһи уә сәлләм) сондай-ақ былай деп айтқаны жеткізіледі: ***"Сөздердің ішіндегі***

[289] Әт-Тирмизи 3464, әл-Хаким 1/501 хадисті сахих деді және онымен әз-Зәһаби келісті. Қз.: «Сахихул-Джами'» 5/531 және «Сахихут-Тирмизи» 3/160.

[290] - Әл-Бухари 4206, Муслим 2704.

***Аллаһқа ең сүйіктісі төртеу: «Субхәнә-Лланһи», «Әлхамду-лиЛләһи», «уә лә иләһа иллә-Лланһу», «уә-Лланһу Әкбар!»***

((سُبْحَانَ اللَّهِ، وَالْحَمْدُ لِلَّهِ، وَلاَ إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ، وَاللَّهُ أَكْبَرُ))

***«Аллаһ Пәк! Бүкіл мақтау Аллаһқа лайық! Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ! Аллаһ Ұлы!» Және олардың қайсысымен бастасаң да оқасы жоқ”.***[291]

262. Бірде Аллаһ Елшісіне, саллә-Лланһу ‘аләйһи уә сәлләм, бір бәдәуи келіп: «Маған бір сөзді үйретіңіз, оны мен айтып жүрейін», - дегені хабарланады. Пайғамбарымыз, саллә-Лланһу ‘аләйһи уә сәлләм: ***“«Лә иләһа иллә-Лланһу уахдәһу лә шәрикә ләһ. Аллаһу Әкбару кәбиран, уә-л-хамду ли-Лләһи кәсиран, субхәнә-Лланһи Рабби-л-’аләмин, лә хаулә уә лә кууәтә иллә би-Лләһи-л-’Азизи-л-Хаким!»***

[291] Муслим 2137.

(( لاَ إِلَٰهَ إِلاَّ اللَّهُ وَحْدَهُ لاَ شَرِيكَ لَهُ، اللَّهُ أَكْبَرُ كَبِيراً، وَالْحَمْدُ لِلَّهِ كَثِيراً، سُبْحَانَ اللَّهِ رَبِّ العَالَمِينَ، لاَ حَوْلَ وَلاَ قُوَّةَ إِلاَّ بِاللَّهِ الْعَزِيزِ الْحَكِيمِ ))

***(«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол Жалғыз, әрі Оның ешбір серігі жоқ. Аллаһ Аса Ұлы. Оған көп-көп мақтаулар болсын. Әлемдердің Жаратушысы кемшілік атаулыдан Пәк. Өте Үстем, Хикмет Иесі Аллаһтан басқа ешкімде күш те қуат та жоқ", - деп айтып жүр"),*** - дегені хабарланады. Сонда бәдәуи: «Бұл сөздер Раббым үшін, енді өзім үшін не айтайын?», - деді. Пайғамбарымыз, саллә-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, оған: ***«Аллаһуммә, ғфир ли, уә-рхам-ни, уә-һди-ни уә-рзуқ-ни!»***

(( اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِي، وَارْحَمْنِي، وَاهْدِنِي، وَارْزُقْنِي ))

***("«Я, Аллаһ! Мені жарылқа, маған рақымдылық ете гөр. Мені тура жолға сал***

***және мені ризықтандыр»), - деп айт"***, - деді.[292]

263. Егер бір кісі Исламды қабылдаса, Пайғамбарымыз, салләл-Лаһу ‘аләйһи уә сәлләм, оған намаз оқуды үйрететіні, кейін мына сөздермен дұға етуге бұйыратыны туралы хабарланады: ***«Аллаһуммә, ғфир ли, уә-рхам-ни, уә-һди-ни, уа ‘афи-ни, уә-рзуқ-ни!»***

((اللَّهُمَّ اغْفِرِ لِي، وَارْحَمْنِي، وَاهْدِنِي، وَعَافِنِي وَارْزُقْنِي))

Аудармасы: «***Я, Аллаһ! Мені жарылқа, маған рақымдылық ете гөр, мені тура жолға баста, мені Өзің қорғап, әрі мені ризықтандыр!»***[293]

264. Аллаһ Елшісінің, салләл-Лаһу ‘аләйһи уә

[292] Муслим 2696, Әбу Дауд 832. Бәдәуи кеткеннен кейін Пайғамбар, салләл-Лаһу ‘аләйһи уә сәлләм: «***Ол игілікті толығымен алды»***, - деді.

[293] Муслим 3697. Муслимдегі басқа риуаятта Пайғамбардың, салләл-Лаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай деп айтқаны жеткізіледі: ***«Расында, бұл (сөздер) сен үшін фәни мен бақи дүниеге (қатысты барлық нәрселерді) біріктіреді».***

сәлләм, былай дегені хабарланады: ***“Ақиқатында, Аллаһқа: «Әлхамду ли-Ләһ!» (Барлық мақтау Аллаһқа!), - деген сөздер арқылы дұға еткен ең жақсы. Ал Аллаһты зікір етудің ең абзалы: «Лә иләһа иллә-Лаһ!» (Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ!)”.***[294]

(( الْحَمْدُ لله. لاَ إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ))

265. Сондай-ақ Аллаһ Елшісінің, саллә-Лләһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай деп айтқаны да жеткізілген: «***Субхәнә-Лләһи, Әлхамду-ли-Лләһи, уә лә иләһа илләл-Лаһу, уә-Ллаһу Әкбар, уә лә хаулә уә лә кууәтә иллә биЛләһ!***»

(( سُبْحَانَ اللَّهِ، وَالْحَمْدُ لِلَّهِ، وَلاَ إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ، وَاللَّهُ أَكْبَرُ، وَلاَ حَوْلَ وَلاَ قُوَّةَ إِلاَّ بِاللَّهِ))

***(«Аллаһ (кемшілік атаулыдан) Пәк! Барлық мақтау Аллаһқа лайық! Аллаһтан***

[294] Әт-Тирмизи 3383, Ибн Мәжаһ 3800, әл-Хаким 1/503 хадисті сахих деді және онымен әз-Заһаби келісті. Қз.: «Сахихул-Жәми’» 1/362.

***басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ! Аллаһ Ұлы! Аллаһтан басқа ешкімде күш те, қуат та жоқ!») сөздерін айту жақсы істердің қатарына жатады».***[295]

## 131. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ, САЛЛӘ-ЛЛАҺУ ‘АЛӘЙҺИ УӘ СӘЛЛӘМ, ҚАЛАЙ ТӘСБИХ АЙТАТЫН ЕДІ.

266. Абдуллаһ ибн Амрдың (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбарымыздың, салләә-Лаһу ‘аләйһи уә сәлләм, тәсбихті оң қолының саусақтарымен санайтынын көргенмін»,*— дегені хабарланады.[296]

---

[295] Ахмад 513 (Ахмад Шакирдің реттеуімен). Сондай-ақ «Мәжма’уз-Зауаид» (1/297) кітабын да қараңыз. Ибн Хәжар «Булюғул-Марамда» Абу Са’идтен ән-Нәсаиге («әл-Кабир») (10617) қатысты етіп: «*Ибн Хиббан (840) және әл-Хаким (1/541) сахих деді*», - деп айтты.

[296] Әбу Дауд 1502, әт-Тирмизи 3486. Қз.: «Сахихул-Жәми’» 4865. Әл-Әлбани «Сахих «Сунан» Әбу Дауд» (1/411) кітабында хадисті сахих деген.

## 132. ЖАҚСЫЛЫҚ ТҮРЛЕРІНЕ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ӘДЕПТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР.

267. Пайғамбарымыздың, саллә-Лаһу ‘аләйһи уә сәлләм, былай дегені жеткізіледі: ***«Күн батып, кеш басталғанда, балаларыңызды (көшеге шығудан) ұстаңыздар. Өйткені сол кезде жер бетінде шайтандар тарайды. Күн батқаннан соң біраз уақыт өткеннен кейін, оларды жіберсеңіздер болады. Есіктерді Аллаһтың атын атап жабыңыздар, өйткені, ақиқатында, шайтан жабылған есікті аша алмайды! Торсықтардың аузын да Аллаһтың есімін атап байлаңыздар. Әрі ыдыстардың бетін Аллаһтың есімін атап жабыңыздар, еш болмаса оның үстіне бір нәрсе қойыңыздар. Сөйтіп шырақтарыңызды өшіріңіздер».***[297]

وَصَلَّى اللَّهُ وَسَلَّمَ وَبَارَكَ عَلَى نَبِيِّنَا مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِهِ وَأَصْحَابِهِ أَجْمَعِينَ

[297] Әл-Бухари 5623, Муслим 2012.

МУХАММАДҚА, ОТБАСЫНА ЖӘНЕ ОНЫҢ САХАБАЛАРЫНА АЛЛАҺТЫҢ ІГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН!

## МАЗМҰНЫ

АВТОРДЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ.

АЛЛАҺ ТАҒАЛАНЫ ЕСКЕ АЛУДЫҢ (ЗІКІР ЕТУДІҢ) ПАЙДАСЫ ТУРАЛЫ.

1. Ұйқыдан оянғанда айтылатын зікірлер.

2. Киім кигенде айтылатын дұға.

3. Жаңа киім кигенде айтылатын дұға.

4. Жаңа киім киген кісіге арнап айтылатын дұға.

5. Киім шешкенде айтылатын дұға.

6. Әжетханаға кірер кезде айтылатын дұға.

7. Әжетханадан шыққан кезде айтылатын дұға.

8. Дәрет алар кезде айтылатын дұға.

9. Дәрет алып болғаннан кейін айтылатын дұға.

10. Үйден шыққан кезде айтылатын дұға.

11. Үйге кірер кезде айтлатын дұға.

12. Мешітке бара жатқан кісінің айтатын дұғасы.

13. Мешітке кірерде айтылатын дұға.

14. Мешіттен шығар уақытта айтылатын дұға.

15. Азан айтылып жатқан кезде айтылатын зікірлер.

16. Намаздың басында оқылатын дұға.

17. Рукуғта (намазда еңкейгенде) айтылатын дұға.

18. Рукуғтан бас көтергенде айтылатын дұға.

19. Сәждеге барған уақытта оқылатын дұға.

20. Екі сәжде арасындағы отырыста оқылатын дұға.

21. Тиләуәт сәждесінің дұғасы.

22. Әт-тәхийят (тәшәһһуд) дұғасы.

23. «Тәшәһуудтан» кейін Пайғамбарымыз үшін, салләә-Лаһу ‘аләйһи уә сәлләм,

айтылатын салауат.

24. Сәлем беруден бұрын оқылатын дұға.

25. Намазда сәлем бергеннен соң оқылатын дұғалар.

26. Истихара (көмек сұрау) намазының дұғасы.

27. Таңертең және кешке айтылатын зікірлер.

28. Ұйықтар алдында айтылатын зікірлер.

29. Түнгі ұйықыда аунағанда оқылатын дұға.

30. Үйқысынан шошып оянып, әбігерленген кісі оқитын дұға.

31. Жаман, не түсініксіз түс көрген кісі не істеу керек.

32. Үтір намазында оқылатын Құнұт дұғасы.

33. Үтір намазында сәлем берген соң оқылатын дұға.

34. Мазасыздық пен уайым басқан кезде айтыллатын дұға.

35. Қайғы басқан сәтте айтылатын дұға.

36. Дұшпанға немесе әділетсіз басшыға жолыққанда айтылатын дұға.

37. Басшының зұлымдығынан қорыққан кісі айтатын дұға.

38. Дұшпанға қарсы айтылатын дұға.

39. Біреулерден қорыққан кісі айтатын дұға.

40. Иманына күмәнданған кісі оқитын дұға.

41. Аллаһтан қарызын өтеуге көмектесуін сұрап оқитын дұға.

42. Намаз және Құран оқу кезінде шайтанның азғыруына қарсы дұға.

43. Өзіне қиын болып көрінген әлдебір нәрсеге жолыққан кісі оқитын дұға.

44. Күнә іс жасап қойған кісі не істеп, не айтуы қажет.

45. Шайтанды әрі оның азғыруын кетіретін дұға.

46. Өзіне ұнамайтын іс болып қалғанда немесе шарасыз халге тап болғанда айтатын дұға.

47. Перзентті болған кісіні құттықтау дұғасы әрі оның жауабы.

48. Балаларды түрлі жамандықтардан қорғау үшін айтылатын дұға.

49. Науқастың көңілін сұрап барғанда айтылатын дұға.

50. Науқастың көңілін сұрап барудың артықшылығы.

51. Өмірден күдер үзген науқас адамның айтатын дұғасы.

52. Жан тәсілім ететін кісіге айтылатын сөз.

53. Бақытсыздыққа ұшыраған адам айтатын дұға.

54. Мәйіттің көзін жапқанда айтылатын дұға.

55. Мәйітке жаназа намазын оқығанда айтатын дұға.

56. Нәрестеге жаназа намазын оқығанда айтылатын дұға.

57. Көңіл айтып барғанда айтылатын дұға.

58. Мәйітті қабірге қоярда айтылатын дұға.

59. Мәйіт жерленген соң айтылатын дұға.

60. Қабірлерді зиярат еткенде айтылатын дұға.

61. Жел тұрғанда оқылатын дұға.

62. Күн күркірегенде айтылатын дұға.

63. Жаңбыр сұрап айтатын дұға.

64. Жаңбыр жауып жатқанда айтылатын дұға.

65. Жаңбыр тоқтағанда айтылатын дұға.

66. Аспанды бұлттан тазартуды (яғни жаңбырды тоқтатуды) сұрап айтатын дұға.

67. Жаңа айды көргенде айтылатын дұға.

68. Ауыз ашар уақытта айтылатын дұға.

69. Тамақтанар алдында айтылатын дұға.

70. Тамақтанғаннан соң айтылатын дұға.

71. Қонақтың тамақ иесіне айтатын дұғасы.

72. Су берген кісіге немесе су бергісі келген кісіге айтылатын дұға.

73. Отбасында ауыз ашатын кісі айтатын дұға.

74. Ораза ұстаған кісі тамаққа шақырылғанда оразасын бұзуды қаламағанда не істейді.

75. Ораза ұстаған кісіні біреу балағаттаса не айтады.

76. Алғашқы жемістерді көргенде айтылатын дұға.

77. Түшкіргенде айтатын дұға.

78. Егер бір кәпір түшкіріп: «Әлхамду ли-Лләһ» , - десе, оған не деу қажет.

79. Үйленген кісіге айтатын дұға.

80. Үйленгенде немесе қызметші жалдағанда айтатын дұға.

81. Әйелімен жыныстық қатынасқа түсерден алдын айтатын дұға.

82. Ашуланғанда айтатын дұға.

83. Әлдебір ауырудан қиналған кісіні көргенде айтатын дұға.

84. Мәжілісте айтылатын дұға.

85. Мәжілістің кәффәраты (өтеуі).

86. «Аллаһ сені кешірсін!», - деген кісіге айтатын дұға.

87. Саған жақсылық істеген кісіге не айтасың.

88. Мына дұғаны айтқан кісіні Аллаһ Дәжжалдан қорғайды.

89. «Мен сені Аллаһ үшін жақсы көремін», - деген кісіге айтылатын дұға!

90. Мал-мүлкінен саған бергісі келген кісіге не айтасың.

91. Қарыз төлегенде қарыз берген кісіге айтылатын дұға.

92. Аллаһқа серік қосудан қорыққан уақытта айтылатын дұға.

93. «Аллаһ саған береке берсін!», - деген кісіге айтатын дұға.

94. Ырымнан жиіркену дұғасы.

95. Көлікке мінгенде айтатын дұға.

96. Сапарға шығарда айтатын дұға.

97. Ауылға немесе қалаға кіргенде айтатын дұға.

98. Базарға кірерде айтатын дұға.

99. Көлік сүрінгенде айтатын дұға.

100. Жолға шығатын адамның қалушыларға айтатын дұғасы.

101. Қалушының сапарға шығушыға айтатын дұғасы.

102. Сапарда жүргенде тәкбір және тасбих айту.

103. Сапардағы кісінің таң атқанда айтатын дұғасы.

104. Сапарда немесе басқа кезде бөтен бір үйге қонған кісінің айтатын дұғасы.

105. Сапардан қайтарда айтатын дұға.

106. Қуанышты немесе жек көретін хабар жеткенде (немесе көргенде) не деу керек.

107. Пайғамбарымыз, салла-Ллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, үшін салауат айтудың артықшылығы.

108. Сәлем тарату.

109. Кәпір кісі: «Әс-сәләму ‘аләйкум», - деп сәлем берсе, оған қалай жауап беру.

Қажет.

110. Қораз шақырғанда және есек ақырғанында айтылатын дұға.

111. Түнде иттер үргенде айтылатын дұға.

112. Ренжіткен кісің үшін айтатын дұғаң.

113. Мұсылман кісі бір мұсылманды мақтағанда не дейді.

114. Мұсылман кісі өзі мақталғанда не дейді.

115. Қажылық немесе умра ихрамына кірген кісі не деп «тәлбия» айтады.

116. Қағбаның қара тас тұрған бұрышына келгенде тәкбір айту.

117. Қағбаның Йемен жақтағы бұрышы мен қара тас тұрған бұрышы арасында айтылатын дұға.

118. Сафа мен Мәруаның үстінде тұрғанда оқылатын дұға.

119. Арафа күні айтылатын дұға.

120. Маш'арул Харамда айтылатын дұға.

121. Жамаратқа әрбір тасты атқанда айтатын тәкбір.

122. Таң қалғанда және қуанышты хабар естігенде айтатын дұға.

123. Қуанышты жағдайда не істейді.

124. Денесінде ауру сезінген кісі не істейді.

125. Бір нәрсеге көз тиюден қорыққан кісі не дейді.

126. Қорыққан кезде не дейді.

127. Құрбандық шалғанда не дейді.

128. Жауыз шайтандардың айласын қайтару үшін не істейді.

129. Кешірім сұрау және тәубе ету.

130. Тасбих және тахмид, таһлил және тәкбір айтудың пайдасы!

131. Пайғамбарымыз, саллә-Аллаһу ‘аләйһи уә сәлләм, қалай тасбих айтатын еді.

МАЗМҰНЫ.

КІТАПТЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫ НҰСҚАСЫН ҚҰРАСТЫРУДА ҚОЛДАНЫЛҒАН РЕСУРСТАР \ДЕРЕККӨЗДЕР\ ТІЗІМІ.

ЕСКЕРТУЛЕР.

## КІТАПТЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫ НҰСҚАСЫН ҚҰРАСТЫРУДА ҚОЛДАНЫЛҒАН РЕСУРСТАР \ДЕРЕККӨЗДЕР\ ТІЗІМІ:


1 – Смысловой перевод Священного Корана. Э.Кулиев.

2 – Толкование Священного Корана шейха Абд ар-Рахмана бин Насира ас-Саади.

3 – Коран перевод смысла аятов и их краткое толкование. Абу Адель.

4 – КРЕПОСТЬ МУСУЛЬМАНИНА из слов поминания Аллаха, встречающихся в Коране и сунне. Саляф Форум: http://salaf-forum.info/viewtopic.php?f=100&t=9874.

5 – МҰСЫЛМАН ҚОРҒАНЫ. «Дәуір» баспасы. Алматы 2004.

6 – Дұғалармен емделу. МҰСЫЛМАН ҚОРҒАНЫ сериясынан. Алматы 2006.

7 – КРЕПОСТЬ МУСУЛЬМАНИНА из слов поминания Аллаха, встречающихся в Коране и сунне. Пятое издание, исправленное и дополненное. Казань 2007. Перевод: Владимир Абдалла Нирша.

8 – Fortress of the Muslim Invocation from the Qur’an & Sunnah. 6-th Edition.2007. Maktaba Dar-us-Salam. Riyadh. Сілтеме: http://www.scribd.com/doc/94529519.

9 – Fortification of the Muslim through remembrance and supplication from the Qur'aan and the Sunnah. 1996. Revised by Presidency of Islamic Researches, IFTA & Senior Scholars Commission, Riyadh.

10 – http://toislam.ws/, http://salaf-forum.info, http://www.al-hanifiya.kz/, http://www.al-hanifiya.kz/forum, http://kz.islamic.kz/, http://hisnulmuslim.ws, www.xadis.wordpress.com, http://translate.google.com/, http://sozdik.kz/.

11 – Мұсылманның өмірінде кездесетін маңызды сұрақтар. Мәжид Абдуллаһ әл-Химди. Алматы, 2010. 11-23-беттер (Аллаһтың көркем есімдері - тарауы).

## ЕСКЕРТУЛЕР:

1 – А) **«Әл-хамду *лиЛләһи-лләзи* ахйянә ба'дә мә әмәтәнә уә иләйһин-нушур».** Осы дұғадағы «ба'дә» сөзіндегі «**'**» белгісі араб тіліндегі «'айн» әрпінің орнына берілген. Ол тамақтың ортасы сәл қысылып «ғайн» әріпінің жұмсақ түрінде оқылады.

Ә) ***«Му`минин»*** немесе ***«шә`ни».*** Осы жердегі «`» белгісін араб тіліндегі сүкінді хамзаның орнына берілген. Бұл айтылған ескертулер барлық дұғаларға тиісті.

Б) салләә-Лләһу ‘аләйһи уә сәлләм. Аудармасы: Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын! Бұны (салауатты) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) есімі аталғанда айту уәжіп (міндетті) болады. Толығырақ келесі берілген сілтемелер бойынша білуге болады: 1/http://goo.gl/t9J0A0 2/http://goo.gl/Gf7KU7, 3/http://goo.gl/Idr5SA, 4/http://goo.gl/6KCnDH 5/http://goo.gl/VTVt0N 6/http://goo.gl/sukjbd.

В) Осындай түсті мәтінмен кітаптағы әлсіз хадистер не сенімділігіне қатысты ғалымдар арасында келіспеушіліктер болған хадистер келтірілген.

2 – Кітапшаның электронды форматтағы нұсқасы әлі де өңделу үстінде (соңғы /кең көлемді/ қайта өңделу ж/е толықтырулар жүргізілген уақыты: 01/2014), кемшіліктер мен қателіктер болып жатса келесі берілген электрондық жәшік арқылы хабарласуыңызға болады: hisnulmuslim98@gmail.com.

3 – Араб тілінде сөздер мен сөйлемдерді дұрыс айту үшін (өте маңызды) келесі берілген сілтеме бойынша өтіп, дұғаларды видеоформатта (жүктеп) көріп-ести аласыздар: http://www.youtube.com/user/hisnulmuslim1/videos.

4 – Кітаптың соңғы өңделген нұсқасын (Pdf ,Word) http://sdrv.ms/YP9jz0 және дұғаларды аудиофайл (MP3) түрінде жүктеп алып, жаттау ниетіңіз болса, келесі берілген сілтемелер бойынша өтіңіз http://sdrv.ms/T3bz4f.

5 – «Мұсылман Қорғаны» кітабының Араб тіліндегі нұсқасын келесі сілтеме бойынша көруге болады: http://www.scribd.com/doc/94521421

6 – «Лә иләһа иллә Лаһ» – «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігінің мағынасын келесі сілтемелер бойынша білуге болады: http://www.scribd.com/doc/83615293, http://www.scribd.com/doc/88723887, http://www.scribd.com/doc/86303576 ,

http://salaf-forum.info/viewtopic.php?f=46&t=10142.

7 – Қосымша, пайдалы мәліметтерге сілтемелер – А) Дұғаны қалай дұрыс жасау керек: http://salaf-forum.info/viewtopic.php?f=25&t=7154 Ә) Дұғалардың жиірек қабылданатын уақыттары, жағдайлары мен күйлері: http://salaf-forum.info/viewtopic.php?t=5194; Б) Аллаһ Тағала Өзінің құлын Өз қорғауына алуына себепкер болатын амалдар: http://soliha.com/zikri_dua/deyaniya; В) Құран Кәрімнен алынған дұғалар: http://soliha.com/zikri_dua/dua_quran; Г) Қайғы-қасіреттер мен қиыншылықтар Ислам тұрғысынан және апаттардан, бақытсыздықтардан, ауру-сырқаттар мен уайым-қайғыдан сақтайтын және құтқаратын кейбір дұғалар: http://www.scribd.com/doc/126305022; Д) «Мұсылман Қорғаны» кітабындағы әлсіз хадистер: http://salaf-forum.info/viewtopic.php?f=11&t=328;

8 – Әл-‘Арштың, әл-Курсиден айырмашылығы.

1) http://goo.gl/bE9qgd
2) http://soliha.com/aqidah/al_arsh_al_kursi
3) http://goo.gl/malDeA.

9 – Әр дұғаға байланысты дәлел көздерін (кітаптардың аты, иснадтың сенімділігі, хадистердің нөмірі т.с.с) білгіңіз келсе, төменде берілген сілтемелер бойынша өтіңіз: http://salaf-forum.info/viewtopic.php?f=100&t=9874, http://www.scribd.com/doc/94283161.

IslamHouse.com